

1-қосымша.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы

Шоғырландырылған қаржылық есептілік
2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін,
тәуелсіз аудитордың есебімен қоса



Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі

«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ Акционеріне, Директорлар кеңесіне және Басшылығына

Шоғырландырылған қаржылық есептілікке аудит жүргізу туралы есеп

Біздің пікір

Біздің пікірімізше, шоғырландырылған қаржылық есептілік «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ (бұдан әрі – «Қор») және оның еншілес ұйымдарының (бұдан әрі бірге – «Топ») 2025 жылғы 31 желтоқсандағы шоғырландырылған қаржылық жағдайын, сонымен қатар көрсетілген күнге аяқталған жылдағы шоғырландырылған қаржылық нәтижелері мен шоғырландырылған ақша қаражатының қозғалысын барлық маңызды жағынан ХҚЕС бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес шынайы түрде көрсетеді.

Аудит мәні

Біз Топтың келесілерді қамтитын шоғырландырылған қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік:

- 2025 жылғы 31 желтоқсандағы қаржылық жағдайы жөніндегі шоғырландырылған есеп;
- көрсетілген күнмен аяқталған жылдағы жиынтық кіріс туралы жөніндегі шоғырландырылған есеп;
- көрсетілген күнмен аяқталған жылдағы капиталдағы өзгерістер жөніндегі шоғырландырылған есеп;
- көрсетілген күнмен аяқталған жылдағы ақша қаражатының қозғалысы жөніндегі шоғырландырылған есеп; және
- есеп саясаты туралы маңызды ақпарат және басқа да түсіндірме ақпаратын қоса алғанда, шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер.

«ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС
Әл-Фараби 34, ғимарат А, 4 қабат,
Алматы, Қазақстан, A25D5F6
Т: +7 (727) 330 3200, Ф: +7 (727) 244 6868, www.pwc.kz

Пікір білдіру негіздемесі

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына (ХАС) сәйкес жүргіздік. Осы стандарттар бойынша біздің жауапкершілігіміз бұдан әрі біздің есебіміздің «Аудитордың шоғырландырылған қаржылық есептілік аудиті бойынша жауапкершілігі» бөлімінде сипатталған.


Біздің аудиторлық дәлелдер пікір білдіруіміз үшін негіз болуға жеткілікті әрі тиісті деп есептейміз.

Тәуелсіздік

Біз Қазақстан Республикасындағы біздің шоғырландырылған қаржылық есептілік аудитімізге қолданылатын Аудиторлық қызмет туралы заңның әдеп талаптарына және жария мүдделі ұйымдардың қаржылық есептілік аудитіне қолданылатын Бухгалтерлерге арналған халықаралық әдеп стандарттары кеңесі шығарған Кәсіби бухгалтерлердің халықаралық әдеп кодексіне (Халықаралық тәуелсіздік стандарттарын қоса алғанда) (БХӘСК кодексі) сәйкес Топқа тәуелсіз болып табыламыз. Біз сондай-ақ Қазақстан Республикасының әдеп талаптарына және БХӘСК кодексіне сәйкес басқа да этикалық міндеттерді орындадық.

Біздің аудиторлық тәсіліміз

Қысқаша шолу



Аудитті жоспарлау кезінде біз маңыздылықты анықтап, шоғырландырылған қаржылық есептіліктің маңызды бұрмалану тәуекелдерін бағаладық. Атап айтқанда, біз басшылықтың қандай салалар бойынша субъективті паймдаулар жасағанын талдадық, мысалы болжамдар жасау және табиғатынан белгісіз болашақ оқиғаларды қарастыруды қамтитын маңызды бағалау мәндеріне қатысты. Біздің барлық аудиттеріміздегідей, біз басшылықтың ішкі бақылау жүйелерін айналып өту қаупін, оның ішінде, бірақ онымен шектелмей, орынсыз әрекеттердің салдарынан

2 Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі

елеулі бұрмалану қаупін тудыратын бұрмалаушылық белгілерінің болуын бағалауды да қарастырдық.

Маңыздылық

Біз аудит көлемін маңыздылықты қолдана отырып анықтадық. Аудит шоғырландырылған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалауларды қамтымайтынына қатысты негізді сенімділік алуға арналған. Бұрмалау алаяқтық әрекеттердің немесе қателіктердің нәтижесінде туындауы мүмкін. Егер олар жеке немесе жиынтығында пайдаланушылардың осы шоғырландырылған қаржылық есептілік негізінде қабылданатын экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін деп негізді түрде болжауға болатын болса, олар маңызды болып саналады.

Өзіміздің кәсіби пайымдауымызға сүйене отырып, біз төмендегі кестеде көрсетілгендей, маңыздылық үшін, оның ішінде Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігі деңгейінде маңыздылық үшін белгілі бір сандық шекті мәндерді белгіледік. Осы мәндердің көмегімен және сапалық факторларды ескере отырып, біз аудиттің көлемін, сондай-ақ аудиторлық шаралардың сипатын, мерзімдерін және көлемін анықтадық және егер болса (жеке және жиынтықта алынған) бұрмаланулардың тұтастай шоғырландырылған қаржылық есептілікке әсерін бағаладық.

Тұтастай алғанда Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігі деңгейіндегі маңыздылық	200 миллиард қазақстандық теңге
Біз оны қалай анықтадық	Табыс салығы есепке алынғанға дейінгі пайданың шамамен 5%
Маңыздылық деңгейін анықтау үшін қолданылған базалық көрсеткіштің негіздемесі	Біз маңыздылық деңгейін айқындау үшін базалық көрсеткіш ретінде табыс салығы есепке алынғанға дейінгі пайданы пайдалануды таңдадық, өйткені біздің ойымызша, дәл осы базалық көрсеткішті Топтың қызмет нәтижелерін бағалау үшін шоғырландырылған қаржылық есептілікті пайдаланушылар ең жиі қарастырады және ол жалпыға бірдей танылған базалық көрсеткіш болып табылады. Біз маңыздылық деңгейін 5% мөлшерінде белгіледік, бұл осы секторда пайда алуға бағдарланған кәсіпорындар үшін қолданылатын маңыздылықтың қолайлы шектік мәндері ауқымына сәйкес келеді.

Аудиттің негізгі мәселелері

Аудиттің негізгі мәселелері – бұл, біздің кәсіби пайымдауымызға сәйкес, ағымдағы кезеңдегі шоғырландырылған қаржылық есептілік аудиті үшін ең маңызды болып табылатын мәселелер. Бұл мәселелер тұтастай алғанда шоғырландырылған қаржылық есептілік аудиті аясында және осы есеп беру туралы пікірімізді қалыптастыру кезінде қарастырылды және біз бұл мәселелер бойынша жеке пікір білдірмейміз.

3 Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі

Аудиттің негізгі мәселелері

Аудиттің негізгі мәселесі бойынша қандай аудиторлық рәсімдер жүргізілді

Ұзақ мерзімді активтердің құнсыздануы

Шоғырландырылған қаржылық есептілікке 4-ескертпе.

Топтың ұзақ мерзімді активтері бойынша маңызды қалдықтары бар, оның ішінде негізгі құралдар, материалдық емес активтер, барлау және бағалау активтері қамтылады.

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ ұзақ мерзімді активтердің құнсыздану белгілерінің бар-жоғын бағалап, құнсыздану белгілері анықталған активтер бойынша құнсыздануға тест жүргізді.

Құнсыздануға тест жүргізу кезінде басшылық болашақ ақша ағындарын дисконттауға негізделген тәсілді қолданды; бұл тәсіл болжамдық бағалауларды пайдалануды көздейді және өз табиғатына қарай белгісіздіктің жоғары деңгейімен байланысты.

Елеулі болжамдарға дисконттау мөлшерлемелері, табиғи ресурстар бойынша болжамды бағалар, тарифтер, инфляцияның болжамды деңгейлері және валюта айырбастау бағамдары кірді. Елеулі бағалауларға өндіру және өндіріс көлемдерінің болжамдары, болашақ капиталдық және операциялық шығындар, игеру және өндіру үшін қолжетімді ресурстар қорының көлемдері қатысты.

Біз бұл мәселені тиісті баланстардың елеулілігіне, сондай-ақ құнсыздануды талдаудың негізінде жатқан болжамдардың жоғары деңгейіне, маңызды кәсіби пайымдаулар мен бағалауларға байланысты аудиттің негізгі мәселелерінің қатарына қостық.

Біздің аудит жүргізу тәсіліміз:

- Біз басшылық жүргізген құнсыздану индикаторларын талдауды және оған қатысты қорытындыларды бағаладық;
- Біз басшылықтың негізгі болжамдарын (мысалы, дисконттау мөлшерлемелері мен инфляция болжамдары), сондай-ақ басшылық құнсыздану модельдерінде қолданған бағалау әдістерін бағалауға жәрдемдесу үшін өзіміздің бағалау жөніндегі сарапшыларымызды тарттық;
- Біз басшылық құнсыздану модельдерінде пайдаланған негізгі болжамдарды бағалап, оларды қолжетімді ішкі және сыртқы деректермен салыстырдық; бұған болжамды тарифтер мен бағалар, өндіріс және сату көлемдері, дисконттау мөлшерлемелері, сондай-ақ салалық ерекшеліктер ескерілген басқа да факторлар туралы ақпарат кірді;
- Біз құнсыздану модельдерінің математикалық дәлдігін тексеріп, негізгі кіріс деректері мен болжамдарды соңғы бекітілген бюджеттермен және бизнес-жоспарлармен салыстырдық;
- Біз негізгі болжамдардың сезімталдық талдауын тексеріп, олардың қайсысы жеке-дара немесе жиынтық түрде құнсыздануға әкелуі мүмкін екенін айқындадық;
- із шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі тиісті ақпаратты ашып көрсетуінің барабарлығы мен толықтығын және олардың ХҚЕС бухгалтерлік есеп стандарттарының талаптарына сәйкестігін бағаладық.

Резервтер және шартты міндеттемелер

Шоғырландырылған қаржылық есептілікке 4 және 33-ескертпелер.

Топ мемлекеттік органдардың тексерулерінің нәтижелері, жалпы сипаттағы сот талқылаулары және өзге де тиісті мән-жайлар салдарынан туындайтын резервтерді бағалап, таниды, сондай-ақ шартты міндеттемелер туралы ақпаратты ашады. Міндеттемелерді тану қажеттілігін айқындау, сондай-ақ тану немесе ашып көрсету мақсаттары үшін тиісті сомаларды сенімді бағалау мүмкіндігі елеулі кәсіби пайымдауларды қолдануды талап етеді.

Аталған мәселелер бойынша ықтимал нәтижені айқындау және оқиғалар қолайсыз түрде өрбіген жағдайда ықтимал әсерін бағалау елеулі белгісіздікпен байланысты. Мұндай бағалаулардың шоғырландырылған қаржылық есептілікке ықтимал әсері елеулі болуы мүмкін. Біз резервтер мен шартты міндеттемелерді бағалауды шоғырландырылған қаржылық есептілік үшін елеулі болуына байланысты аудиттің негізгі мәселесі ретінде белгіледік.

Ковенанттарды орындау

Шоғырландырылған қаржылық есептілікке 16 және 17-ескертпелер

Кредиттік шарттар мен кепілдік келісімдердің талаптарына сәйкес Топ белгілі бір қаржылық және қаржылық емес ковенанттарды сақтауға міндетті. Мұндай ковенанттарды бұзу елеулі айыппұлдар мен санкциялардың қолданылуына әкелуі мүмкін, сондай-ақ кредиторларға қарыздарды мерзімінен бұрын өтеуді талап ету қиын береді. Бұдан бөлек, Топты қаржыландыруға қатысты көптеген келісімдерде кросс-дефолт туралы ережелер бар.

Біз ковенанттардың сақталуын аудиттің негізгі мәселесі ретінде олардың орындалмауының шоғырландырылған қаржылық есептілікке елеулі ықпал етуі мүмкін болуына, сондай-ақ Топ деңгейінде қарыздарды және ковенанттардың

Біздің аудит жүргізу тәсіліміз:

- Біз ішкі заң қызметінен және сыртқы заң консультанттарынан заңгерлік хаттарды сұратып алып, алдық; ағымдағы және ықтимал сот талқылауларын және талап-арыздарды талдадық; тиісті мәселелерді басшылықпен талқыладық, сондай-ақ олардың шоғырландырылған есептілікте дұрыс танылуын және/немесе ашып көрсетілуін бағаладық;
- Біз тиісті хат-хабар алмасуды, сондай-ақ басшылықтың, Директорлар кеңесінің және басқа да басқару органдарының отырыстарының хаттамалары мен материалдарын зерделедік;
- Қажет болған жағдайда, біз тиісті мәселелер бойынша ықтимал тәуекелдерді және ықтимал нәтижені бағалау мақсатында заңнамалық және реттеуші талаптарды, сондай-ақ елеулі шарттық талаптарды талдау үшін біздің заң және салық мәселелері бойынша мамандарымызды тарттық;
- Қолданылатын жағдайларда біз шоғырландырылған қаржылық есептілікте резервтер ретінде танылған сомалардың негізінде жатқан басшылықтың бағалауларының негізділігін бағаладық;
- Біз шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі резервтер және шартты міндеттемелер туралы тиісті ақпаратты ашып көрсетудің барабарлығы мен толықтығын бағаладық.

Біздің аудит жүргізу тәсіліміз:

- Біз кредиттік шарттар мен кепілдік келісімдердің талаптарын, оның ішінде ковенанттарды сақтау талаптарын және кросс-дефолт туралы ережелерді зерделедік;
- Біз Топ басшылығымен есепті кезең бойы ковенанттық талаптардың сақталғаны туралы растау алу, сондай-ақ ковенанттық талаптардың сақталуын мониторингтеу және бақылау тәртібін түсіну мақсатында талқылаулар жүргіздік;
- Біз ковенанттық талаптардың ықтимал сақталмау белгілерін, сондай-ақ ковенанттардың сақталуына әсер етуі мүмкін елеулі мәмілелерді мақұлдау туралы шешімдерді айқындау мақсатында басшылықтың, Директорлар кеңесінің және өзге де басқару органдарының отырыстарының хаттамалары мен материалдарын зерделедік;
- Біз 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ковенанттардың сақталуына қатысты басшылықтың

сақталуын кешенді түрде мониторингтеуді жүзеге асыру қажеттілігіне байланысты айқындадық.	кредиторлармен жүргізген хат-хабар алмасуын (коммуникациясын) қарастырдық; - Біз ковенанттарды есептеу кезінде пайдаланылған деректерді тиісті қаржылық көрсеткіштермен салыстырып, жүргізілген есептеулердің математикалық дәлдігін тексердік; - Біз шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі тиісті ақпаратты ашып көрсетудің барабарлығы мен толықтығын және олардың ХҚЕС бухгалтерлік есеп стандарттарының талаптарына сәйкестігін бағаладық.
---	--

Топтың аудит көлемін анықтау

Біз аудиттің көлемін тұтастай Топтың құрылымын, Топ пайдаланатын есепке алу процестерін және бақылау құралдарын, сонымен қатар Топ өз қызметін жүзеге асыратын сала ерекшелігін ескере отырып шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы пікірімізді білдіру үшін жеткілікті көлемде жұмысты орындай алатындай етіп анықтадық.

Топтың негізгі операциялық активтері мен еншілес компаниялары негізінен Қазақстан Республикасында орналасқан. Топ экономиканың әртүрлі салаларын білдіретін еншілес компаниялар, бірлескен кәсіпорындар және қауымдастырылған компаниялар арқылы жұмыс істейді.

Топ аудиті шеңберіндегі аудиторлық жұмыстардың көлемі Қордың және еншілес кәсіпорындардың қаржылық ақпаратын аудиттеуді қамтыды. Топтың жекелеген еншілес және өзге де кәсіпорындарына қатысты аудиторлық рәсімдерді біз де, басқа аудиторлар да орындады.

Аудиторлық жұмыстардың көлеміне Қор және 14 еншілес кәсіпорын енгізілді, олардың төртеуі РwC желісінің аудиторлары тарапынан аудитке жатқызылды. Аудиторлық тәуекелдердің тиісті деңгейде аудитпен қамтылуын қамтамасыз ету үшін біздің таңдауымыз Топ ішіндегі субъектілердің салыстырмалы маңыздылығына немесе нақты анықталған тәуекелдерге негізделді.

Компоненттер бойынша аудит жөніндегі нұсқаулықтарда аудиттің елеулі бағыттары, маңыздылық шектері, тәуекелдерді жіктеу және рәсімдерге қойылатын белгілі бір талаптар көрсетілді. Топ аудиті бойынша команда компонент аудиторлары орындаған жұмысты офистер арасындағы және фирмалар арасындағы есептерді үйлестіру, аудит және бухгалтерлік есеп мәселелері бойынша тұрақты өзара іс-қимыл, кезең-кезеңімен орындарға бару және аудиттің белгілі бір жұмыс қағаздарын тексеру арқылы басқарды.

Компоненттер бойынша жоғарыда сипатталған рәсімдерді Топ деңгейінде орындалған қосымша рәсімдермен бірге орындау нәтижесінде біз тұтастай алғанда шоғырландырылған қаржылық есептілікке қатысты жеткілікті әрі тиісті аудиторлық дәлелдемелер алдық, олар біздің пікірімізді білдіруге негіз болады.

Өзге ақпарат

Басшылық өзге ақпарат үшін жауапты болады. Өзге ақпаратта Жылдық есебі қамтылған, (бірақ онда шоғырландырылған қаржылық есептілік және осы есептілік туралы біздің аудиторлық есеп қамтылмаған), осы күннен кейін берілуі тиіс деп күтілетін.

Шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы біздің пікіріміз өзге ақпаратқа қолданылмайды және біз осы ақпаратқа қатысты қандай да бір нысанда сенім білдіретін қорытынды шығармаймыз.

Біздің шоғырландырылған қаржылық есептілік аудитін жүргізуімізге байланысты біздің міндетіміз жоғарыда көрсетілген өзге ақпаратпен танысу және өзге ақпарат пен шоғырландырылған қаржылық есептілік немесе аудит жүргізу барысында алған біздің біліміміздің арасында елеулі сәйкессіздік болуы және өзге ақпаратта басқа ықтимал маңызды бұрмаланулар болуы туралы мәселені қарау болып табылады.

Егер жылдық есепті оқығаннан кейін біз онда елеулі бұрмалаушылық бар деген қорытындыға келсек, біз бұл мәселені басқаруға жауапты тұлғаларға хабарлауға міндеттіміз.

Басшылықтың және корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалардың шоғырландырылған қаржылық есептілікке жауапкершілігі

Басшылық осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ХҚЕС бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес дайындалуы мен дұрыс ұсынылуы үшін және алаяқтық немесе қателік салдарынан елеулі бұрмаланулар жоқ шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындауға қажет деп санайтын ішкі бақылау жүйесі үшін жауапты.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін бағалауға, тиісті жағдайларда қызметтің үздіксіздігіне қатысты мәліметтерді ашуға және басшылық Топты таратуға, оның қызметін тоқтатуға немесе оның қызметін таратудан немесе тоқтатудан басқа қандай да бір нақты баламасы болмаған жағдайларда қоспағанда, қызметтің үздіксіздігі туралы жорамал негізінде есептілік жасауға жауапты.

Корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалар Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындалуын қадағалауға жауапты.

Аудитордың шоғырландырылған қаржылық есептілік аудиті үшін жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз шоғырландырылған қаржылық есептілікте және біздің пікіріміз берілген аудиторлық есеп шығарылымында алаяқтық немесе қателіктер салдарынан елеулі бұрмалаулар жоқ екендігіне ақылға қонымды сенімділіктің болуы. Ақылға қонымды сенімділік – бұл жоғары деңгейдегі сенімділікті білдіреді, бірақ ол ХАС-қа сәйкес жүргізілген аудит маңызды бұрмалаулар болған жағдайда оларды әрқашан анықтайтындығына кепілдік бермейді. Бұрмалау алаяқтық әрекеттердің немесе қателіктердің нәтижесі болуы мүмкін және егер олар жеке немесе жиынтығында пайдаланушылардың осы шоғырландырылған қаржылық есептілік негізінде қабылданатын экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін деп негізді түрде болжауға болатын болса, маңызды болып есептеледі.

ХАС-қа сәйкес жүргізілетін аудит аясында біз кәсіби пайымдауды қолданамыз және бүкіл аудит барысында кәсіби күдікшілікті сақтаймыз. Сонымен қатар, біз келесі әрекеттерді орындаймыз:

- алаяқтық әрекеттер немесе қателіктер салдарынан шоғырландырылған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтаймыз және бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық рәсімдерді әзірлейміз және жүргіземіз; біздің пікірімізді білдіруге негіз болу үшін жеткілікті және тиісті болып табылатын аудиторлық дәлелдемелерді аламыз. Алаяқтық әрекеттер нәтижесінде елеулі бұрмалануды анықтамау тәуекелі қателік нәтижесінде елеулі бұрмалануды анықтамау тәуекелінен жоғарырақ, себебі алаяқтық әрекеттер сөз байласуды, жалғандықты, қасақана өткізіп жіберуді, ақпаратты бұрмалап ұсынуды немесе ішкі бақылау жүйесінен тыс іс-әрекеттерді қамтуы мүмкін;
- Топтың ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікір білдіру мақсатында емес, мән-жайларға сәйкес келетін аудиторлық рәсімдерді әзірлеу мақсатында аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесі туралы түсінік аламыз;
- қолданылған есеп саясатының тиісті сипатын және басшылық есептеген бағалау мәндерінің негізділігін және ақпараттың тиісті ашылуын бағалаймыз;
- біз басшылықтың есеп жүргізу үшін үздіксіз қызмет негізін қолдануының орындығы туралы қорытынды жасаймыз, ал алынған аудиторлық дәлелдердің негізінде Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетіне айтарлықтай күмән тудыруы мүмкін оқиғаларға немесе жағдайларға байланысты айтарлықтай белгісіздік бар ма деген қорытынды жасаймыз. Егер біз елеулі белгісіздіктің бар екендігі туралы қорытындыға келсек, біз аудиторлық есепте шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі ақпаратты тиісті түрде ашуға назар аударуымыз керек немесе, егер мұндай ақпаратты ашу тиісті түрде болмаса, пікірімізді өзгертуге тиістіміз. Біздің тұжырымдарымыз аудиторлық есеп жасалған күнге дейін алынған аудиторлық дәлелдерге негізделген. Алайда, болашақ оқиғалар немесе жағдайлар Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін жоғалтуына әкелуі мүмкін;

8 Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі

- тұтастай алғанда, шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ұсынылуын, оның құрылымы мен мазмұнын, оның ішінде ақпаратты ашуды, сондай-ақ шоғырландырылған қаржылық есептіліктің оның негізінде жатқан операциялар мен оқиғаларды олардың дұрыс ұсынылуын қамтамасыз ету үшін бақылаймыз;
- шоғырландырылған қаржылық есептілік бойынша пікір білдіру үшін Топ ішіндегі ұйымдардың немесе бизнес-бірліктердің қаржылық ақпаратына қатысты жеткілікті тиісті аудиторлық дәлелдер алу үшін топтық аудитті жоспарлаймыз және орындаймыз. Біз Топтың аудитін басқаруға, бақылауға және жүргізуге жауап береміз. Біз аудиторлық пікіріміз үшін толық жауаптымыз.

Біз корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалармен өзара ақпараттық қатынастар жасаймыз, оларға өзге ақпараттан бөлек, жоспарланған аудиттің көлемі мен мерзімдерін, сондай ақ, аудит нәтижесінде туындаған маңызды ескертпелер туралы, оның ішінде, аудит барысында айқындалған ішкі бақылаудың маңызды жетіспеушіліктері туралы мәлімет береміз.

Біз сондай-ақ корпоративтік басқаруға жауапты тұлғаларға тәуелсіздікке қатысты барлық тиісті әдеп талаптарды сақтағанымыз және осы тұлғаларға аудитордың тәуелсіздігіне негізді түрде ықпал етеді деп санауға болатын барлық өзара қатынастар мен өзге де мәселелер туралы, ал қажет болған жағдайларда тиісті сақтық шаралары туралы хабардар еткеніміз туралы мәлімдемені ұсынамыз.

Корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалардың назарына жеткізген мәселелердің ішінен біз ағымдағы кезеңдегі шоғырландырылған қаржылық есептілік аудиті үшін ең маңызды, сондықтан аудиттің негізгі мәселелері болып табылатын мәселелерді анықтаймыз. Біз бұл мәселелерді аудиторлық есебімізде сипаттаймыз, оларға осы мәселелер туралы ақпаратты жария етуге заңмен немесе нормативтік актімен тыйым салынған кезде немесе өте сирек жағдайларда қандай да бір мәселе туралы ақпарат біздің есепте хабарланбауы керек деген қорытындыға келгенде, мұндай ақпаратты хабарлаудың теріс салдары оның хабарламасының қоғамдық маңызды пайдасынан асып түседі деп негізді түрде болжауға болады деген жағдайлар кірмейді.

9 Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп	196-8
Жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп	199
Капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп	200-5
Ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп	206-8

Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер

1. Жалпы ақпарат	209
2. Қаржылық есептілікті дайындау негізі	210
3. Есеп саясатының маңызды ережелері	214
4. Маңызды бухгалтерлік бағалаулар мен пайымдаулар	229
5. Есептен шығарулар және сатуға немесе акционерге бөлуге арналған деп жіктелген активтер	246
6. Негізгі құралдар	250
7. Материалдық емес активтер	258
8. Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларға инвестициялар	260
9. Кредиттік мекемелердегі қаражат	272
10. Берілген қарыздар және қаржылық жалдауға таза инвестициялар	273
11. Борыштық және үлестік құралдарға қаржылық инвестициялар	275
12. Қорлар	277
13. Сауда дебиторлық берешек және басқа да активтер	278
14. Ақша қаражаты және оның баламалары	281
15. Капитал	282
16. Қарыздар	290
17. Қазақстан Республикасы үкіметінің қарыздары	294
18. Резервтер	296
19. Кредиторлық берешек және өзге де міндеттемелер	297
20. Түсім	300
21. Сатылған өнім мен көрсетілген қызметтердің өзіндік құны	301
22. Жалпы және әкімшілік шығыстар	302
23. Тасымалдау және өткізу бойынша шығыстар	302
24. Құнсыздану залалы	303
25. Қаржылық шығындар	304
26. Қаржылық кіріс	304
27. Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлес, нетто	305
28. Табыс салығы бойынша шығыстар	306
29. Бизнесті біріктіру	310
30. Шоғырландыру	314
31. Байланысты тараптар туралы ақпаратты ашу	316
32. Қаржылық құралдар, мақсаттар және қаржылық тәуекелдерді басқару саясаты	318
33. Шартты және шарттық міндеттемелер	327
34. Сегменттік есептілік	334
35. Есепті күннен кейінгі оқиғалар	340



ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

МИЛЛИОН ТЕҢГЕМЕН	Ескерт.	2025 жыл	2024 жыл (қайта есептелген)*
АКТИВТЕР			
Ұзақ мерзімді активтер			
Негізгі құралдар	6	19.373.491	17.666.701
Материалдық емес активтер	7	2.386.965	2.499.627
Барлау және бағалау бойынша активтер		236.473	236.999
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларға инвестициялар	8	7.244.036	7.705.869
Кредиттік мекемелердегі қаражат	9	28.680	33.845
Берілген қарыздар және қаржылық жалдауға таза инвестициялар	10	323.035	228.134
Борыштық және үлестік құралдарға қаржылық инвестициялар	11	887.041	860.306
Басқа да ұзақ мерзімді қаржы активтері	13	422.889	204.815
Басқа да ұзақ мерзімді активтер	13	2.258.789	1.345.418
Кейінге қалдырылған салық бойынша активтер	28	140.073	121.591
		33.301.472	30.903.305
АҒЫМДАҒЫ АКТИВТЕР			
Қорлар	12	1.054.675	1.030.875
Өтелуге жататын ҚҚС		564.430	602.254
Табыс салығы бойынша алдын ала төлем	28	241.416	248.726
Сауда дебиторлық берешек	13	1.289.194	1.449.705
Кредиттік мекемелердегі қаражат	9	1.886.552	1.523.660
Берілген қарыздар және қаржылық жалдауға таза инвестициялар	10	41.647	65.682
Борыштық және үлестік құралдарға қаржылық инвестициялар	11	1.299.915	520.886
Басқа да қысқа мерзімді қаржы активтері	13	167.552	183.391
Өзге де ағымдағы активтер	13	366.637	535.950
Ақша қаражаты мен оның баламалары	14	3.604.029	3.212.279
		10.516.047	9.373.408
Акционерге сатуға немесе бөлуге арналған деп жіктелген активтер	5	425.394	835.891
		10.941.441	10.209.299
Активтер жиыны		44.242.913	41.112.604

* Осы бағанда келтірілген кейбір сомалар 2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі сомаларға сәйкес келмейді, өйткені олар туралы ақпарат 2-ескертпеде келтірілген түзетулерді көрсетеді.



МИЛЛИОН ТЕҢГЕМЕН	Ескерт.	2025 жыл	2024 жыл (қайта есептелген)*
КАПИТАЛ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕР			
Бас компанияның Акционеріне жататын капитал			
Жарғылық капитал	15.1	5.797.566	5.540.872
Қосымша төленген капитал	15.1	–	243.931
Есептілік валютасын қайта есептеу резерві		1.822.636	2.047.629
Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестицияларды қайта бағалау резерві		26.402	32.209
Хеджирлеу резерві		(44.306)	(15.628)
Басқа да күрделі резервтер		(17.003)	(17.003)
Бөлінбеген пайда		13.362.381	11.480.832
		20.947.676	19.312.842
Бақыламайтын қатысу үлесі	15.8	6.232.606	5.989.330
Капитал жиыны		27.180.282	25.302.172
ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР			
Қарыздар	16	6.716.384	5.831.896
Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыздары	17	1.085.386	1.074.868
Резервтер	18	455.929	486.205
Жалдау бойынша міндеттемелер		399.227	326.589
Жұмыскерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелер		131.738	139.340
Басқа да ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер	19	40.601	52.590
Басқа да ұзақ мерзімді міндеттемелер	19	306.996	179.796
Кейінге қалдырылған салық бойынша міндеттемелер	28	2.561.190	2.567.696
		11.697.451	10.658.980
АҒЫМДАҒЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР			
Қарыздар	16	1.370.737	836.272
Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыздары	17	115.690	12.204
Резервтер	18	90.004	89.660
Төленуге жататын табыс салығы	28	31.118	24.942

* Осы бағанда келтірілген кейбір сомалар 2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі сомаларға сәйкес келмейді, өйткені олар туралы ақпарат 2-ескертпеде келтірілген түзетулерді көрсетеді.


ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (жалғасы)

МИЛЛИОН ТЕҢГЕМЕН	Ескерт.	2025 жыл	2024 жыл (қайта есептелген)*
Сауда және басқа да кредиторлық берешек	19	1.732.032	1.851.158
Жалдау бойынша міндеттемелер		100.098	91.631
Жұмыскерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелер		265.738	241.086
Басқа да ағымдағы қаржылық міндеттемелер	19	682.620	562.203
Басқа да ағымдағы міндеттемелер	19	744.325	1.098.356
		5.132.362	4.807.512
Сатуға немесе Акционерге бөлуге арналған деп жіктелген активтермен байланысты міндеттемелер	5	232.818	343.940
		5.365.180	5.151.452
Міндеттемелер жиыны		17.062.631	15.810.432
Капитал мен міндеттемелер жиыны		44.242.913	41.112.604

Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор -
Басқарма мүшесі



Айдар Рыскулов



Алмаз Абдрахманова

Бас бухгалтер

* Осы бағанда келтірілген кейбір сомалар 2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі сомаларға сәйкес келмейді, өйткені олар туралы ақпарат 2-ескертпеде келтірілген түзетулерді көрсетеді.

ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

	Ескерт.	2025 жыл	2024 жыл (қайта есептелген)*
ЖАЛҒАСАТЫН ҚЫЗМЕТ			
Түсім	20	18.771.506	16.433.066
Мемлекеттік субсидиялар		63.980	57.477
		18.835.486	16.490.543
Өткізілген өнім мен көрсетілген қызметтің өзіндік құны	21	(14.583.136)	(12.494.639)
Жалпы пайда		4.252.350	3.995.904
Жалпы және әкімшілік шығыстар	22	(585.239)	(567.403)
Тасымалдау және өткізу шығыстары	23	(869.132)	(901.135)
Қаржы активтері бойынша күтілетін кредиттік шығындар, нетто		(575)	(9.880)
Құнсызданудан болған шығын, нетто	24	(140.246)	(137.996)
Бірлескен кәсіпорындағы бұрын тиесілі үлесті қайта бағалаудан түскен пайда	29	-	295.719
Еншілес ұйымдардың шығуынан түскен кіріс, нетто	5	140.827	141.792
Басқа да операциялық кірістер		22.856	26.424
Басқа да операциялық шығыстар		(60.050)	(16.646)
Операциялық қызметтен түскен пайда		2.760.791	2.826.779
Қаржылық шығындар	25	(661.148)	(574.418)
Қаржылық кіріс	26	718.872	605.581
Басқа да операциялық емес шығын		(77.992)	(64.922)
Басқа да операциялық емес кіріс		77.720	56.518
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы үлес, нетто	27	1.435.722	1.148.846
Теріс/(оң) бағамдық айырмашылық, нетто	2	(196.852)	240.193
Табыс салығы есепке алынғанға дейінгі пайда		4.057.113	4.238.577
Табыс салығы бойынша шығыстар	28	(848.487)	(919.442)
Бір жылдағы жалғасатын қызметтен түскен таза пайда		3.208.626	3.319.135
Тоқтатылған қызмет			
Табыс салығын шегергендегі тоқтатылған қызметтен түскен табыс/(шығын)		5.085	(10.373)
Бір жылғы таза пайда		3.213.711	3.308.762

* Осы бағанда келтірілген кейбір сомалар 2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі сомаларға сәйкес келмейді, өйткені олар туралы ақпарат 2-ескертпеде келтірілген түзетулерді көрсетеді.

ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (жалғасы)

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

МИЛЛИОН ТЕҢГЕМЕН	Ескерт.	2025 жыл	2024 жыл (қайта есептелген)*
БАСҚА ДА ЖИЫНТЫҚ КІРІС			
Келесі кезеңдерде пайданың немесе шығынның құрамына қайта жіктеуге жататын өзге де жиынтық кіріс (салықтарды шегергенде)			
Есептілік валютасын қайта есептеу	15.9	(417.998)	1.482.698
Шетелдік операцияларға таза инвестицияларды хеджирлеу құралдары бойынша (шығындар)/кірістер	15.9	93.515	(363.581)
Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестицияларды қайта бағалаудан іске асырылмаған шығын		(5.260)	(3.936)
Қауымдасқан компаниялар мен бірлескен кәсіпорындардың басқа да жиынтық кірісіндегі үлес	8	2.135	11.459
Ақша ағындарын хеджирлеу құралдары бойынша шығын	15.10	(33.738)	(17.783)
Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялар бойынша таза өткізілген пайда		821	392
Ақша ағындарын хеджирлеу құралдары бойынша шығынды бір жылғы пайданың құрамына қайта жіктеу	15.10	6.817	3.130
Еншілес кәсіпорын шыққан кезде шетел валютасын қайта есептеу бойынша резерв кірістеріне қайта жіктеу		–	(6.285)
Салықты шегере отырып, келесі кезеңдерде пайданың немесе шығынның құрамына қайта жіктеуге жататын басқа да жиынтық (шығын)/кіріс		(353.708)	1.106.094
Келесі кезеңдерде пайданың немесе шығынның құрамына қайта жіктеуге жатпайтын өзге де жиынтық кіріс (салықтарды шегергенде)		(60.050)	(16.646)
Қауымдасқан компаниялар мен бірлескен кәсіпорындардың өзге жиынтық (шығын)/кірісіндегі үлесі	8	(1.337)	8
Белгіленген төлемдері бар жоспарлар бойынша актуарлық кіріс		7.871	1.332
Келесі кезеңдерде пайда немесе шығын құрамында қайта жіктелуге жатпайтын басқа да жиынтық кіріс		6.534	1.340
Табыс салығы шегерілген бір жылғы басқа да жиынтық (шығын)/кіріс		(347.174)	1.107.434
Бір жыл ішіндегі жиынтық кірістің жалпы сомасы, табыс салығын шегергенде		2.866.537	4.416.196
Мыналарға келетін бір жылғы таза пайда:			
Акционеріне		2.341.491	2.360.517
Бақыламайтын қатысу үлесіне		872.220	948.245
		3.213.711	3.308.762


////////////////////////////////////

Осы жолда келтірілген кейбір сомалар 2024 жылғы шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі сомаларға сәйкес келмейді, өйткені олар туралы ақпарат 2-ескертпеде келтірілген түзетулерді көрсетеді.

МИЛЛИОН ТЕҢГЕМЕН	Ескерт.	2025 жыл	2024 жыл (қайта есептелген)*
Табыс салығын шегергенде мыналарға тиесілі бір жылдағы жиынтық кірістің жалпы сомасы:			
Акционеріне		2.089.077	3.126.218
Бақыламайтын қатысу үлесіне		777.460	1.289.978
		2.866.537	4.416.196
Акционеріне тиесілі акцияға шаққандағы пайда/(шығын) – теңге			
Базалық және бөлінген	15.11	672,46	677,93
Базалық және бөлінген, жалғасып отырған қызметтен		670,99	680,91
Базалық және бөлінген, тоқтатылған қызметтен		1,47	(2,98)


////////////////////////////////////

Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор -
Басқарма мүшесі



Айдар Рыскулов

Бас бухгалтер



Алмаз Абдрахманова

Осы жолда келтірілген кейбір сомалар 2024 жылғы шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі сомаларға сәйкес келмейді, өйткені олар туралы ақпарат 2-ескертпеде келтірілген түзетулерді көрсетеді.

КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

					Бас компания Акционеріне тиесілі						
МИЛЛИОН ТЕҢГЕМЕН	Ескер.	Жарғылық капитал	Қосымша төленген капитал	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестицияларды қайта бағалау резерві	Есептілік валютасын қайта есептеу резерві	Хеджирлеу резерві	Басқа да күрделі резервтер	Бөлінбеген пайда	Жиыны	Бақыла-майтын қатысу үлесі	Жиыны
2023 жылғы 31 желтоқсандағы сальдо		5.492.783	–	36.091	1.270.562	(3.469)	(17.003)	10.351.317	17.130.281	4.609.251	21.739.532
Қайта есептеудің әсері	2	–	–	–	–	–	–	(290.555)	(290.555)	–	(290.555)
2023 жылғы 31 желтоқсандағы сальдо (қайта есептелген)		5.492.783	–	36.091	1.270.562	(3.469)	(17.003)	10.060.762	16.839.726	4.609.251	21.448.977
Бір жылғы таза пайда (қайта есептелген)*	2	–	–	–	–	–	–	2.360.517	2.360.517	948.245	3.308.762
Бір жылғы басқа да жиынтық (шығын)/кіріс		–	–	(3.555)	777.067	(12.159)	–	4.348	765.701	341.733	1.107.434
Бір жылғы жиынтық (шығын)/кіріс (қайта есептелген)*		–	–	(3.555)	777.067	(12.159)	–	2.364.865	3.126.218	1.289.978	4.416.196
Акциялар шығару	15.1	48.089	–	–	–	–	–	(342)	47.747	–	47.747
Акционерден алынған мүлік	15.1	–	243.931	–	–	–	–	–	243.931	–	243.931
Акционерге бөлу, соның ішінде:		–	–	–	–	–	–	(983.229)	(983.229)	–	(983.229)
Дивидендтер		–	–	–	–	–	–	(736.819)	(736.819)	–	(736.819)
«Қазақстан халқына» қоғамдық қорына бөлу	15.2	–	–	–	–	–	–	(50.000)	(50.000)	–	(50.000)
Акционерге басқа да бөлу	15.3	–	–	–	–	–	–	(196.410)	(196.410)	–	(196.410)
Акционермен жасалатын басқа да операциялар		–	–	–	–	–	–	(292.582)	(292.582)	–	(292.582)
Активтерді Акционерге беру	15.4	–	–	–	–	–	–	(14.848)	(14.848)	–	(14.848)
Үкіметтен қарыздар бойынша дисконт	15.5	–	–	–	–	–	–	39.363	39.363	–	39.363
Бақыланбайтын қатысу үлесін ұстаушыларға дивидендтер	15.6	–	–	–	–	–	–	–	–	(313.079)	(313.079)
Еншілес ұйымға қатысу үлестерінің өзгеруі-бақылауды жоғалтуға әкеп соқпайтын қатысу үлесін сату	15.7	–	–	(327)	–	–	–	298.726	298.399	169.024	467.423
Еншілес ұйымды жалпы бақылаумен сатып алу	2	–	–	–	–	–	–	8.117	8.117	–	8.117
Еншілес ұйымды сатып алу	29	–	–	–	–	–	–	–	–	291.010	291.010
Еншілес ұйымдардың шығуы		–	–	–	–	–	–	–	–	(48.475)	(48.475)
Капиталдағы басқа өзгерістер		–	–	–	–	–	–	–	–	(8.379)	(8.379)
2024 жылғы 31 желтоқсандағы сальдо (қайта есептелген)*		5.540.872	243.931	32.209	2.047.629	(15.628)	(17.003)	11.480.832	19.312.842	5.989.330	25.302.172

КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (жалғасы)

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

					Бас компания Акционеріне тиесілі						
МИЛЛИОН ТЕҢГЕМЕН	Ескер.	Жарғылық капитал	Қосымша төленген капитал	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестицияларды қайта бағалау резерві	Есептілік валютасын қайта есептеу резерві	Хеджирлеу резерві	Басқа да күрделі резервтер	Бөлінбеген пайда	Жиыны	Бақыламай-тын қатысу үлесі	Жиыны
2024 жылғы 31 желтоқсандағы сальдо		5.540.872	243.931	32.209	2.047.629	(15.628)	(17.003)	11.772.144	19.604.154	5.989.330	25.593.484
Қайта есептеудің әсері	2	-	-	-	-	-	-	(291.312)	(291.312)	-	(291.312)
2024 жылғы 31 желтоқсандағы сальдо (қайта есептелген)*		5.540.872	243.931	32.209	2.047.629	(15.628)	(17.003)	11.480.832	19.312.842	5.989.330	25.302.172
Бір жылғы таза пайда		-	-	-	-	-	-	2.341.491	2.341.491	872.220	3.213.711
Бір жылғы басқа да жиынтық (шығын)/кіріс		-	-	(5.807)	(224.993)	(28.678)	-	7.064	(252.414)	(94.760)	(347.174)
Бір жылғы жиынтық (шығын)/кіріс		-	-	(5.807)	(224.993)	(28.678)	-	2.348.555	2.089.077	777.460	2.866.537
Акцияларды шығару	15.1	256.694	(243.931)	-	-	-	-	(8.117)	4.646	-	4.646
Акционерге бөлу		-	-	-	-	-	-	(452.606)	(452.606)	-	(452.606)
«Қазақстан халқына» қоғамдық қорына бөлу	15.2	-	-	-	-	-	-	(74.760)	(74.760)	-	(74.760)
Акционерге басқа да бөлу	15.3	-	-	-	-	-	-	(377.846)	(377.846)	-	(377.846)
Акционермен жасалатын басқа да операциялар		-	-	-	-	-	-	(48.676)	(48.676)	-	(48.676)
Активтерді Акционерге беру	15.4	-	-	-	-	-	-	(28.080)	(28.080)	-	(28.080)
Үкіметтен қарыздар бойынша дисконт	15.5	-	-	-	-	-	-	67.955	67.955	-	67.955
Бақыланбайтын қатысу үлесін ұстаушыларға дивидендтер	15.6	-	-	-	-	-	-	-	-	(531.697)	(531.697)
Капиталдағы басқа да өзгерістер		-	-	-	-	-	-	2.518	2.518	(2.487)	31
2025 жылғы 31 желтоқсандағы сальдо (аудиттелген)		5.797.566	-	26.402	1.822.636	(44.306)	(17.003)	13.362.381	20.947.676	6.232.606	27.180.282

Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор - Басқарма мүшесі

Айдар Рыскулов

Бас бухгалтер

Алмаз Абдрахманова

* Осы жолда келтірілген кейбір сомалар 2024 жылғы шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі сомаларға сәйкес келмейді, өйткені олар туралы ақпарат 2-ескертпеде келтірілген түзетулерді көрсетеді.

АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

МИЛЛИОН ТЕҢГЕМЕН	Ескерт.	2025 жыл	2024 жыл (қайта есептелген)*
Операциялық қызметтен болған ақша ағындары			
Сатып алушылардан түскен ақша түсімдері		21.282.713	18.182.350
Өнім жеткізушілерге ақшалай төлемдер		(12.511.105)	(10.297.189)
Жұмыскерлерге ақшалай төлемдер		(2.289.761)	(2.027.800)
Басқа да салықтар мен төлемдер		(2.907.035)	(2.258.894)
Клиенттердің қаражаттарының (азаюы)/көбеюі		(7.129)	38.197
Қаржылық міндеттемелер бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялаудан түскен түсімдер		-	22.300
Қысқа мерзімді жалдау бойынша төлемдер және ауыспалы жалдау төлемдері		(69.430)	(125.634)
Агенттік келісімдер бойынша ақша қаражатының түсімі		406.378	839.833
Агенттік келісімдер шарттары бойынша берілген ақша қаражаты		(587.033)	(949.314)
Бюджеттен ҚҚС-ты қайтару		215.168	108.718
Әлеуметтік және медициналық сақтандыру қорларына аударымдар		(99.773)	(76.890)
Демеушілік көмек және қайырымдылық		(9.817)	(30.633)
Басқа да түсімдер		133.511	310.896
Басқа да төлемдер		(240.761)	(312.653)
Төленген табыс салығы		(794.415)	(773.539)
Төленген пайыздар		(563.761)	(576.058)
Алынған пайыздар		545.480	421.460
Операциялық қызметтен ақша қаражатының таза түсімі		2.503.230	2.495.150
Инвестициялық қызметтен болған ақша ағындары			
Негізгі құралдарды, барлау және бағалау активтерін, басқа да ұзақ мерзімді активтерді сатып алу		(3.101.508)	(2.316.356)
Материалдық емес активтерді сатып алу		(38.689)	(39.955)
Негізгі құралдарды сатудан түскен түсімдер		5.578	7.646
Басқа да ұзақ мерзімді активтерді сатудан түскен түсімдер		1.616	3.512
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардан алынған дивидендтер		(1.500)	13.265

* Осы бағанда келтірілген кейбір сомалар 2024 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған ақша қаражаттарының қозғалысы туралы шоғырландырылған есептегі сомаларға сәйкес келмейді, өйткені олар 2-ескертпеде келтірілген түзетулерді көрсетеді.

АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (жалғасы)

МИЛЛИОН ТЕҢГЕМЕН	Ескерт.	2025 жыл	2024 жыл (қайта есептелген)*
Сатып алынған еншілес ұйымдардың ақшалай қаражаты шегерілген еншілес ұйымдарды сатып алу	5	317.504	(62.743)
Банк депозиттерін орналастыру		(3.273.562)	(2.367.629)
Банк салымдарын алу		2.855.801	2.308.465
Қарыздар беру		(66.834)	(351.424)
Берілген қарыздарды өтеу		9.655	52.225
(Сатып алу)/бірлескен кәсіпорындар мен қауымдастырылған компанияларды сату, нетто		(6.264)	2.731
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың жарғылық капиталына меншік үлесін өзгертпестен салымдар	8	(62.987)	(75.610)
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдастырылған компаниялардан алынған дивидендтер	8	1.728.333	1.448.438
ҚР Ұлттық Банкінің нотасын сатып алу		(2.789.515)	(1.046.579)
ҚР Ұлттық Банкінің нотасын өтеу		2.716.135	1.132.011
Мемлекеттік борыштық бағалы қағаздарды сатып алу		(2.592.994)	(1.180.958)
Эмитенттің мемлекеттік борыштық бағалы қағаздарды өткізуінен/өтеуінен түскен түсімдер		1.917.118	834.540
Басқа борыштық және үлестік құралдарды сатып алу		(729.394)	(455.530)
Эмитенттің басқа борыштық және үлестік құралдарды өткізуінен/өтеуінен түскен түсімдер		477.899	794.001
Басқа да түсімдер		25.143	22.375
Өзге төлемдер		(13.355)	(7.876)
Инвестициялық қызметте ақша қаражатының таза жұмсалуды		(2.621.820)	(1.285.451)

АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (жалғасы)

МИЛЛИОН ТЕҢГЕМЕН	Ескерт.	2025 жыл	2024 жыл (қайта есептелген)*
////////////////////////////////////			
Қаржылық қызметтен ақша ағындары			
Қарыздар бойынша түсімдер	16,17	2.847.469	1.717.560
Қарыздарды өтеу	16	(1.478.642)	(1.787.650)
Жалдау бойынша міндеттемелерді өтеу		(83.306)	(77.092)
Акционерге төленген дивидендтер		-	(736.819)
«Қазақстан халқына» қоғамдық қорына бөлу	15.2	(50.000)	(45.964)
Акционерге басқа да бөлу	15.3	(128.493)	(189.023)
Акционермен жасалатын басқа да операциялар		(37.246)	(81.737)
Еншілес ұйымдардағы бақыламайтын қатысу үлестеріне төленген дивидендтер	15.6	(531.632)	(313.311)
Бақылаудан айырылуға әкеп соқтырмайтын қатысу үлесін сату	15.7	-	467.423
Тікелей РЕПО мәмілелері бойынша түсімдер		83.568	37.687
Тікелей РЕПО мәмілелері бойынша өтеу		(86.894)	(22.074)
Басқа түсімдер		17.731	-
Басқа төлемдер		(19.614)	(21.183)
Қаржы қызметіндегі ақшалай қаражаттың таза түсімі/(жұмсалуды)		532.941	(1.052.183)
Ақша қаражаттары мен олардың баламаларының таза өсуі		414.351	157.516
Айырбастау бағамдары өзгерістерінің ақша қаражаты мен оның баламаларына әсері		(95.760)	221.121
Сатуға арналған активтерге қайта Топталған еншілес ұйымдардың ақша қаражатындағы өзгеріс		72.379	94.003
Күтілетін кредиттік шығындар резервіндегі өзгеріс		780	(697)
Жыл басындағы ақша қаражаты мен оның баламалары		3.212.279	2.740.336
Жыл соңындағы ақша қаражаты мен оның баламалары	14	3.604.029	3.212.279

2025 жыл ішінде Топ банк тарапынан жеткізушіге тікелей аударылған қарыз қаражаттары есебінен 272.755 миллион теңге сомасына негізгі құралдар сатып алды (2024 жыл: 67.738 миллион теңге).

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде негізгі құралдарды сатып алуға байланысты кредиторлық берешек 291.738 миллион теңгеге ұлғайды (2024 жыл: 7.785 миллион теңгеге азайды).



Айдар Рыскулов

Алмаз Абдрахманова

Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор - Басқарма мүшесі

Бас бухгалтер

* Осы бағанда келтірілген кейбір сомалар 2024 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған ақша қаражаттарының қозғалысы туралы шоғырландырылған есептегі сомаларға сәйкес келмейді, өйткені олар 2-ескертпеде келтірілген түзетулерді көрсетеді.

1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

Корпоративтік ақпарат

«Самұрық-Қазына» ұлттық әл ауқат қоры» АҚ (бұдан әрі - «Қор» немесе «Самұрық-Қазына») Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 13 қазандағы № 669 Жарлығына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 3 қарашада құрылды. Құрылу «Қазына» орнықты даму қоры» АҚ мен «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі» АҚ-ны біріктіру және Мемлекеттің Қорға Қазақстан Республикасы Үкіметіне (бұдан әрі - «Мемлекет» немесе «Үкімет») тиесілі кейбір ұйымдардағы өзінің қатысу үлесін қосымша беру жолымен жүзеге асырылды. Үкімет Қордың жалғыз акционері (бұдан әрі - «Акционер» немесе «Бас компания»).

Қор 30-ескертпеде санамаланған бірқатар компанияларды біріктіретін холдинг (бұдан әрі - «Топ»). Қордың қызметі 2012 жылғы 1 ақпанға дейін «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 13 ақпандағы №134-4 Заңымен реттелген және ел экономикасының тұрақты дамуын қамтамасыз етуге жәрдемдесуге; экономиканы жаңғыртуға және әртараптандыруға; Топ компаниялары қызметінің тиімділігін арттыруға бағытталған еді. 2012 жылғы 1 ақпанда «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 1 ақпандағы № 550-4 Заңы қабылданды, оған сәйкес Қордың қызметі Топқа кіретін ұйымдардың ұзақ мерзімді құнын (құндылығын) ұлғайту және Топ активтерін тиімді басқару арқылы Қазақстан Республикасының ұлттық әл-ауқатын арттыруға шоғырлануы тиіс.

Басқарушылық мақсаттар үшін Топтың қызметі өндірілетін өнімнің түріне және көрсетілетін қызметтің түріне сәйкес 8 (сегіз) операциялық сегментке бөлінеді (34-ескертпе):

- ✦ Мұнай-газ сегменті мұнай мен газды барлау және өндіру, мұнай мен газды тасымалдау, шикі мұнайды, газды және қайта өңделетін өнімдерді қайта өңдеу және сату бойынша операциялар өндірісін қамтиды;
- ✦ Тасымалдау сегменті жүктер мен жолаушыларды темір жолмен және әуе көлігімен тасымалдау жөніндегі операцияларды қамтиды;
- ✦ Коммуникация сегменті жергілікті, алыстағы қалааралық және халықаралық байланысты қоса алғанда (ТМД-ға кіретін және кірмейтін елдерді қоса алғанда), тіркелген байланыс қызметтері; сондай-ақ байланыс арналарын жалдау, деректерді беру және сымсыз байланыс қызметтері бойынша операцияларды қамтиды;

- ✦ Энергетикалық сегмент электр энергиясын өндіру және беру жөніндегі, электр энергетикалық жүйеге электр энергиясын жіберуді техникалық, диспетчерлеу және импортталатын электр энергиясын пайдалану жөніндегі операцияларды, Қазақстан Республикасының Бірыңғай электр энергетикасы жүйесінің объектілерін орталықтандырылған шұғыл-диспетчерлік басқару функцияларын қамтиды;
- ✦ Тау-кен сегменті минералды ресурстарды барлау, өндіру, қайта өңдеу және сату жөніндегі операцияларды қамтиды;
- ✦ Өнеркәсіптік сегментке химия саласын дамыту кәсіпорындары мен жобалары жатады;
- ✦ Корпоративтік орталық сегменті Қордың инвестициялық және қаржы операцияларын, оның ішінде байланысты және бөгде ұйымдарға қарыздар беруді қамтиды;
- ✦ Басқалар сегменті мемлекетке тұрғын үй құрылысына инвестицияларды салу арқылы халық үшін тұрғын үйдің қолжетімділігін арттыруда қолдау көрсету операцияларын және басқа да операцияларды қамтиды.

Қордың тіркелген кеңсесі Қазақстан Республикасы (бұдан әрі - «ҚР»), Астана қаласы, Сығанақ көшесі, 17/10 мекенжайында орналасқан.

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті шығаруға 2026 жылғы 16 сәуірде

Қордың Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директоры - Басқарма мүшесі мен Бас бухгалтері бекітті және Қордың Директорлар кеңесінің Аудит комитеті алдын ала бекітті. Бұл шоғырландырылған қаржылық есептілікті кейіннен Директорлар кеңесі мен Жалғыз акционер бекітуі тиіс.

Топ осы шоғырландырылған қаржылық есептілік есеп саясатында және осы шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелерде сипатталған жағдайларды қоспағанда, бастапқы күн қағидаты негізінде дайындалды.

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілік теңгемен берілген және арнайы келісілген жағдайларды қоспағанда, ақша сомалары миллион теңгеге дейін дөңгелектелген .

Сәйкестік туралы өтініш

Қоса беріліп отырған шоғырландырылған қаржылық есептілік Халықаралық қаржылық есептіліктің стандарттары жөніндегі кеңес (бұдан әрі - «ХҚЕС жөніндегі кеңес») бекіткен редакцияда ХҚЕС-тің бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес әзірленді.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті ХҚЕС-ке сәйкес дайындау белгілі бір сыни есептемелік бағалауды талап етеді, сондай-ақ басшылықтан есеп саясатын қолдану барысында жол берулер бойынша пікірлер қолдануды талап етеді. Жоғары күрделілік деңгейі мен жол берулерді қолдануды қамтитын қолданылу саласы, сондай-ақ бағалау мен жол берулерді қолдану шоғырландырылған қаржылық есептілік үшін елеулі болатын салалар 4-ескертуде ашылған.

Топ осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті қызметтің үздіксіздігі туралы болжамға сүйене отырып дайындады. Басшылық бұл жорамалға қатысты елеулі күмән тудыруы мүмкін айтарлықтай белгісіздіктер жоқ деп есептейді. Олардың пайымдауынша, Топтың таяу болашақта және есепті кезең аяқталған күннен кейін кем дегенде 12 ай ішінде операциялық қызметті жалғастыру үшін жеткілікті ресурстары бар деп негізді түрде күтуге болады.

Салыстырмалы ақпаратқа әсер ететін түзетулер

Шоғырландырылған қаржылық жағдай туралы есепті ұсынуғағы өзгерістер

Қаржылық есептілікті ұсындыру жетілдіру мақсатында Топ 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша шоғырландырылған қаржылық жағдай туралы есепте бірқатар қайта жіктеулерді жүзеге асырды. Инвестициялық жылжымайтын мүлік қайта жіктеліп, өзге ұзақ мерзімді активтермен біріктірілді, ал қызметкерлерге төлемдер бойынша міндеттемелер қызметкерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелермен біріктірілді. Бұдан бөлек, борыштық және улестік бағалы қағаздарға салынған қаржылық инвестициялар ХКЕС (IAS) 1 стандартының 59-тармағына сәйкес өзге қаржылық активтерден жеке түрде ұсынылды.

Кейінге қалдырылған салық міндеттемелерін есепке алуды өзгерту

2025 жыл ішінде Топ Акционерден алынған қарыздар бойынша туындайтын кейінге қалдырылған салық міндеттемелерін тануға қатысты есеп саясатын өзгертті. Алдыңғы кезеңдерде Топ қарыздың номиналдық құны мен оның әділ құны арасындағы айырманы білдіретін дисконтқа қатысты кейінге қалдырылған салық міндеттемелерін танымай келген және ол шоғырландырылған капиталдағы өзгерістер туралы есепте танылған болатын.

Қарыздарды бастапқыда әділ құн бойынша тану және бастапқы танудан кейін дисконттың амортизациясы Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес салық салыныатын табыстың туындауына әкелмейді және кейіннен салық салу мақсатында шегерімге жатпайды.

ХҚЕС (IAS) 8 «Есеп саясаты, бухгалтерлік бағалаулардағы өзгерістер және қателер» талаптарына сәйкес есеп саясатының бұл өзгерісі ретроспективті түрде қолданылды, бұл ретте салыстырмалы көрсеткіштер тиісті түрде қайта есептелді.

Еншілес ұйымды жалпы бақылаумен сатып алу

2025 жылғы 9 қаңтарда Қор номиналды құны 8.116.947 теңге болатын, олардың әділ құнына тең 8.117 миллион теңге сомасына 1.000 акция шығарды, оны акционер Phystech II жай акцияларының 100% беру жолымен төледі (15.1-ескертуге).

Phystech II сатып алу жалпы бақылаудағы тараптардан бизнесті сатып алу ретінде көрсетілді. Тиісінше, бұл аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілік Phystech II-ге қатысу үлесін беру ең ерте ұсынылған кезеңнің күнінде орын алғандай және нәтижесінде салыстырмалы ақпарат бөлінбеген пайданың тиісті өсуімен қайта есептелгендей ұсынылды.

Салыстырмалы ақпаратқа әсер ететін түзетулер (жалғасы)

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте Phystech II қызметі *мұнай газ* сегментінде ұсынылған.

2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы есепке қайта есептеу:

МИЛЛИОН ТЕҢГЕМЕН	2024 жылғы 31 желтоқсан (қайта есептеуге дейін)	Қайта жіктеу	Кейінге қалдырылған салық міндет- темелерін тану	Phystech II сатып алу	2024 жылғы 31 желтоқсан (қайта есептелген)
////////////////////////////////////					
Активтер					
Ұзақ мерзімді активтер					
Негізгі құралдар	17.657.438	-	-	9.263	17.666.701
Материалдық емес активтер	2.499.343	-	-	284	2.499.627
Инвестициялық жылжымайтын мүлік	26.320	(26.320)	-	-	-
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдастырылған компанияларға инвестициялар	7.705.833	-	-	36	7.705.869
Борыштық және үлестік құралдарға қаржылық инвестициялар	-	860.306	-	-	860.306
Басқа да ұзақ мерзімді қаржы активтері	1.064.864	(860.306)	-	257	204.815
Басқа да ұзақ мерзімді активтер	1.317.851	26.320	-	1.247	1.345.418
	30.892.218	-	-	11.087	30.903.305
Ағымдағы активтер					
Қорлар	1.029.992	-	-	883	1.030.875
Өтеуге ҚҚС	602.083	-	-	171	602.254
Табыс салығы бойынша алдын ала төлем	248.343	-	-	383	248.726
Сауда дебиторлық берешек	1.449.604	-	-	101	1.449.705
Борыштық және үлестік құралдарға қаржылық инвестициялар	-	520.886	-	-	520.886
Басқа қысқа мерзімді қаржы активтері	704.277	(520.886)	-	-	183.391
Басқа ағымдағы активтер	535.664	-	-	286	535.950
Ақша қаражаттары және олардың баламалары	3.212.242	-	-	37	3.212.279
	10.207.438	-	-	1.861	10.209.299
Активтердің жиыны	41.099.656	-	-	12.948	41.112.604
Капитал					
Бөлінбеген пайда	11.772.144	-	(299.429)	8.117	11.480.832
Капитал жиыны	25.593.484	-	(299.429)	8.117	25.302.172
Ұзақ мерзімді міндеттемелер					
Резервтер	482.604	-	-	3.601	486.205
Кейінге қалдырылған салық бойынша міндеттемелер	2.267.777	-	299.429	490	2.567.696
	10.355.460	-	299.429	4.091	10.658.980
Ағымдағы міндеттемелер					
Сауда және өзге де кредиторлық берешек	1.850.910	-	-	248	1.851.158
Қызметкерлерге сыйақы бойынша міндеттемелер	16.400	224.648	-	38	241.086
Басқа да ағымдағы қаржылық міндеттемелер	786.833	(224.648)	-	18	562.203
Басқа да ағымдағы міндеттемелер	1.097.920	-	-	436	1.098.356
	5.150.712	-	-	740	5.151.452
Міндеттемелер жиыны	15.506.172	-	299.429	4.831	15.810.432
Барлығы капитал және міндеттемелер	41.099.656	-	-	12.948	41.112.604

2024 жыл ішінде Топ 14.994 миллион теңге мөлшерінде капитал қозғалысы туралы шоғырландырылған есепте бөлінбеген пайда құрамында акционерден алынған қарыздар бойынша дисконт бойынша кейінге қалдырылған салық міндеттемесін мойындады.

2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (жалғасы)

Салыстырмалы ақпаратқа әсер ететін түзетулер (жалғасы)

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша шоғырландырылған қаржылық жағдай туралы есепке қайта есептеудің әсері:

МИЛЛИОН ТЕҢГЕМЕН	2023 жылғы 31 желтоқсан (қайта есептеуге дейін)	Қайта жіктеу	Кейінге қалдырылған салық міндеттем- елерін тану	2023 жылғы 31 желтоқсан (қайта есептелген)
АКТИВТЕР				
Ұзақ мерзімді активтер				
Инвестициялық жылжымайтын мүлік	33.273	(33.273)	-	-
Борыштық және үлестік құралдарға қаржылық инвестициялар	-	427.906	-	427.906
Басқа да ұзақ мерзімді қаржы активтері	594.194	(427.906)	-	166.288
Басқа да ұзақ мерзімді активтер	1.220.514	33.273	-	1.253.787
	26.665.328	-	-	26.665.328
Ағымдағы активтер				
Борыштық және үлестік құралдарға қаржылық инвестициялар	-	907.551	-	907.551
Басқа да ағымдағы қаржылық міндеттемелер	1.134.317	(907.551)	-	226.766
	10.259.406	-	-	10.259.406
Активтердің жиыны	36.924.734	-	-	36.924.734
Капитал				
Бөлінбеген пайда	10.351.317	-	(290.555)	10.060.762
Капитал жиыны	21.739.532	-	(290.555)	21.448.977
Ұзақ мерзімді міндеттемелер				
Кейінге қалдырылған салық бойынша міндеттемелер	1.756.505	-	290.555	2.047.060
	9.117.051	-	290.555	9.407.606
Ағымдағы міндеттемелер				
Қызметкерлерге сыйақы бойынша міндеттемелер	15.451	206.613	-	222.064
Басқа да ағымдағы қаржылық міндеттемелер	533.042	(206.613)	-	326.429
	6.068.151	-	-	6.068.151
Міндеттемелер жиыны	15.185.202	-	290.555	15.475.757
Барлығы капитал және міндеттемелер	36.924.734	-	-	36.924.734

Қайта есептеудің 2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдың жиынтық кірісі туралы есебіне әсері:

МИЛЛИОН ТЕҢГЕМЕН	2024 жыл (қайта есептеуге дейін)	Кейінге қалдырылған салық міндетте- мелерінің әсері	2024 жыл (қайта есептелді)*
Табыс салығы бойынша шығыстар			
Үздіксіз қызметтен бір жылдағы таза пайда	3.313.015	6.120	3.319.135
Бір жылдағы таза пайда	3.302.642	6.120	3.308.762
Бір жылдағы таза пайда, ол:			
Акционеріне	2.354.397	6.120	2.360.517
Қатысу үлесін бақыламайтынға	948.245	-	948.245
	3.302.642	6.120	3.308.762
Табыс салығын шегергендегі жыл ішіндегі жиынтық табыстың жалпы сомасы, ол:			
Акционеріне	3.120.098	6.120	3.126.218
Қатысу үлесін бақыламайтынға	1.289.978	-	1.289.978
	4.410.076	6.120	4.416.196

Жоғарыда көрсетілген түзетулер 31 желтоқсанында 2024 жылы аяқталған үшін шоғырландырылған ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есепке әсер еткен жоқ.

2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (жалғасы)

Шетел валютасын қайта есептеу

Функционалдық валюта және білдіру валютасы

Топтың осы шоғырландырылған қаржылық есептілікке қосылған әрбір компаниясының қаржылық есептілігінің элементтері компания өз қызметін жүзеге асыратын негізгі экономикалық орта валютасын пайдалана отырып бағаланады (бұдан әрі - «функционалдық валюта»). Шоғырландырылған қаржылық есептілік теңгемен көрсетілген, әрі ол Топтың есептілігін білдіру валютасы.

Операциялар және шоттар сальдосы

Шетелдік валютадағы операциялар операциялар жүзеге асырылған күнгі валюта бағамы пайдаланыла отырып, функционалдық валютаға қайта есептеледі. Осындай операциялар бойынша есептеулер нәтижесінде және жыл аяғындағы бағамдар бойынша шетелдік валютада берілген монетарлық активтер мен міндеттемелерді қайта есептеуден туындаған бағамдық айырмадан пайда болатын кірістер мен шығындар пайда мен шығын болып танылады.

Тарихи құнның негізінде шетелдік валютада бағаланатын монетарлық емес баптар бастапқы мәмілелер жасалған күні қолданыста болған бағамдар бойынша қайта есептеледі. Әділ құны бойынша шетелдік валютада бағаланатын монетарлық емес баптар әділ құн белгіленген күні қолданыста болған бағамдар бойынша қайта есептеледі.

Топ кәсіпорындары

Функционалдық валютасы ұсыну валютасынан ерекшеленетін Топтың барлық еншілес ұйымдарының, бірлескен кәсіпорындары мен қауымдасқан компанияларының (олардың бір де бірі гиперинфляциялы экономикалардың валютасында операция жасамайды) кірістері, шығыстары және қаржылық жағдайы ұсыну валютасына мынадай түрде қайта есептеледі:

- ✳ Қаржылық жағдай туралы ұсынылған есептердің әрқайсысы бойынша активтер мен міндеттемелер есепті күндердегі бағамдар бойынша қайта есептеледі;
- ✳ Жиынтық кіріс туралы есептердің әрқайсысы бойынша кірістер мен шығыстар кезеңдегі орташа бағамдар бойынша қайта есептеледі (орташа бағам бағамдардың жиынтық әсерінің операция жүзеге асырылған күнгі бағамға ақылға қонымды жақындауы болып табылмайтын жағдайлардан басқа; бұл жағдайда кірістер мен шығыстар операциялар жүзеге асырылған күнгі бағам бойынша қайта есептеледі); және
- ✳ Барлық бағамдық айырмалар өзге жиынтық кірісте жеке компонент ретінде танылады.

Валюталарды айырбастау бағамдары

Қазақстан Қор Биржасында (бұдан әрі - «ҚҚБ») белгіленген орташа есептелген валюта айырбастау бағамы Қазақстан Республикасында ресми валюта айырбастау бағамы ретінде қолданылады.

Мына кестеде шетелдік валютаның теңгеге айырбастау бағамы ұсынылған:

	2025 жылғы 31 желтоқсан	2024 жылғы 31 желтоқсан	2025 жылғы орташа алынған бағам	2024 жылғы орташа алынған бағам	2026 жылғы 16 сәуір
АҚШ доллары	505,53	525,11	521,31	469,31	471,46
Еуро	593,44	546,74	589,51	507,63	555,38
Ресей рублі	6,34	4,88	6,27	5,07	6,18

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде Топта 15.060.434 миллион теңге мөлшерінде теріс бағамдық айырма қалыптасты (2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл: 8.922.454 миллион теңге) және шетел валюталарының теңгеге қатысты бағамының тұрақсыздығына байланысты 14.863.582 миллион теңге мөлшерінде оң бағамдық айырма

(2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл: 9.162.647 миллион теңге) орын алды.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Есеп саясатындағы және ақпаратты ашу принциптеріндегі өзгерістер

Жаңа стандарттар, қолданыстағы стандарттар мен түсіндірулерге түсініктемелер мен түзетулер

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде қабылданған есепке алу қағидаттары 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енген қабылданған жаңа стандарттар мен түсіндірмелерді қоспағанда, Топтың 2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылға арналған жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындау кезінде қолданылған қағидаттарға сәйкес келеді.

Топ шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген кез келген стандарттарды, түсіндірмелерді немесе түзетулерді мерзімінен бұрын қолданбаған.

2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап немесе одан кейінгі кезеңдер үшін міндетті болып табылатын және Топ мерзімінен бұрын қабылдамаған бірнеше жаңа стандарттар мен интерпретациялар жарияланды.

- 21 «Айырбастау мүмкіндігі шектеулі» ХҚЕС (IAS) түзетулері (2023 жылдың 15 тамызында шығарылды және 2025 жылдың 1 қаңтарынан басталатын немесе одан кейінгі жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).

2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енетін жаңа стандарттар мен интерпретацияларды енгізу Топқа айтарлықтай әсер етпейді.

Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар

2025 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша стандарттарға жаңа түзетулер жарияланды:

- 14 «*Кейінге қалдырылған тарифтік түзетулер шоттары*» ХҚЕС (IFRS) (2014 жылдың 30 қаңтарында шығарылды және 2026 жылдың 1 қаңтарынан басталатын немесе осы күннен кейінгі жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді);
- 18 «*Қаржылық есептілікте ақпаратты ұсыну және ашу*» ХҚЕС (IFRS) (2024 жылдың 9 сәуірінде шығарылған және 2027 жылдың 1 қаңтарынан басталатын немесе осы күннен кейінгі жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді);
- 19 «*Жария емес еншілес компаниялар: ақпаратты ашу*» ХҚЕС (IFRS) (2024 жылдың 9 мамырында шығарылды және 2027 жылдың 1 қаңтарынан басталатын немесе одан кейінгі жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді);
- 19 ХҚЕС (IFRS) түзетулері (2025 жылдың 21 тамызында шығарылды және 2027 жылдың 1 қаңтарынан басталатын немесе одан кейінгі жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді);
- ХҚЕС Бухгалтерлік есеп стандарттарын жыл сайынғы жетілдіру (2024 жылғы шілдеде шығарылған және 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді);
- 9 ХҚЕС (IFRS) және 7 ХҚЕС (IFRS) түзетулері – «*Қаржы құралдарының жіктелуі мен бағалауына түзетулер*» (2024 жылғы 30 мамырда шығарылған және 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап немесе одан кейінгі жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді);

- 10 ХҚЕС (IFRS) және 28 ХҚЕС (IAS) түзетулері – «*Инвестор мен оның қауымдасқан ұйымы немесе бірлескен кәсіпорны арасындағы мәмілелерде активтерді сату немесе жарна салу*» (2014 жылғы 11 қыркүйекте шығарылды және ХҚЕС кеңесі айқындайтын күннен басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).

- 9 ХҚЕС (IFRS) және 7 ХҚЕС (IFRS) түзетулері – «*Табиғатқа тәуелді электр энергиясын жеткізуге арналған шарттар*» (2024 жылғы 18 желтоқсанда шығарылған және 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап немесе осы күннен кейін күшіне енеді).

- 21 ХҚЕС (IAS) түзетулер – «*Гиперинфляциямен ұсыну валютасына аудару*» (2025 жылғы 13 қарашада шығарылған және 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап немесе осы күннен кейін күшіне енеді).

Түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне елеулі әсер етпейді деп күтілуде, тек ХҚЕС (IFRS) 18 «*Қаржылық есептілікті ұсыну және ақпаратты ашып көрсету*» стандартын қоспағанда. Қазіргі уақытта Топ жаңа стандарт пен түзетулердің негізгі қаржылық есептіліктерге және қаржылық есептілікке ескертпелерге қандай әсер ететінін анықтау бойынша жұмыс жүргізуде. Жүргізілген алдын ала жоғары деңгейлі бағалау нәтижесінде ХҚЕС (IFRS) 18 қолданылуына байланысты келесі ықтимал әсерлер анықталды: қазіргі уақытта «Бағамдық айырма бойынша таза (залал)/пайда» жолында жинақталып көрсетілетін бағамдық айырмалар бөлшектеліп ұсынылуы тиіс, бұл ретте бағамдық кірістер мен шығыстардың бір бөлігі операциялық пайдадан төмен көрсетілетін болады.

Негізгі қаржылық есептілік нысандарында ұсынылған баптар «пайдалы құрылымдалған ұсыну» тұжырымдамасын қолдану және агрегаттау мен дезагрегаттау қағидаттарын күшейту нәтижесінде өзгеруі мүмкін. Бұдан бөлек, гудвил қаржылық жағдай туралы есепте жеке түрде ұсынылуға тиіс болғандықтан, Топ гудвил мен өзге материалдық емес активтерді бөліп көрсетіп, оларды шоғырландырылған қаржылық жағдай туралы есепте жеке ұсынатын болады.

Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп тұрғысынан алынған және төленген пайыздарды ұсыну тәртібінде өзгерістер болады. Төленген пайыздар қаржылық қызметтен түскен ақша ағындары құрамында, ал алынған пайыздар инвестициялық қызметтен түскен ақша ағындары құрамында көрсетілетін болады, бұл қолданыстағы тәртіптен ерекшеленеді, өйткені қазіргі кезде олар операциялық қызметтен түскен ақша ағындары құрамында көрсетіледі.

Сонымен қатар, ақпаратты ашып көрсетуге қатысты жаңа талаптар енгізіледі: басқару тарапынан айқындалатын тиімділік көрсеткіштері, сондай-ақ ХҚЕС (IFRS) 18 қолданылатын бірінші жылы пайда немесе залал туралы есептің әрбір бабы бойынша ХҚЕС (IFRS) 18 сәйкес қайта есептелген сомалар мен бұрын ХҚЕС (IAS) 1 бойынша ұсынылған сомалар арасындағы салыстыру (шолу) берілуі тиіс.

Шоғырландыру қағидаттары

Шоғырландырылған қаржылық есептілік Қордың және ол бақылайтын еншілес ұйымдардың қаржылық есептілігін қамтиды (30-ескертпе).

Еншілес ұйымдар

Еншілес ұйымдар - бұл Топ бақылайтын кәсіпорындар. Бақылау, егер Топтың инвестициялардан ауыспалы қайтарымдылыққа құқығы бола немесе оның өзгеруіне байланысты тәуекелге ұшыраса және инвестициялар объектісіне қатысты өз өкілеттіктері салдарынан осы қайтарымға ықпал ете алған жағдайда жүзеге асырылады. Атап айтқанда, Топ тек келесі талаптар орындалса ғана, инвестициялар нысанын бақылайды:

- Топтың инвестициялар нысанына қатысты өкілеттіктерінің болуы (яғни, инвестициялар нысанының тиісті қызметін ағымдағы басқару мүмкіндігін қамтамасыз ететін қолдағы құқықтар);
- Топтың инвестициялардан ауыспалы қайтарымдылыққа құқығы болған немесе оның өзгеруіне байланысты тәуекелге ұшыраған;
- Топтың инвестициялардан ауыспалы қайтарымдылыққа ықпал ету мақсатында инвестициялар объектісіне қатысты өз өкілеттіктерін пайдалану мүмкіндігі болған жағдайда Топ инвестициялар объектісін ғана бақылайды.

Топтың инвестициялар объектілеріне қатысты дауыстың көпшілігіне қарағанда аз дауыс беру құқығы немесе ұқсас құқықтар болған кезде, Топ осы инвестициялар объектісіне қатысты өкілеттіктердің болуын бағалау кезінде барлық орынды фактілер мен мән-жайларды ескереді:

- Инвестициялар объектісінде дауыс беру құқықтары бар басқа тұлғалармен келісім;
- Басқа келісімдермен негізделген құқықтар;
- Дауыс беру құқығы және Топқа тиесілі әлеуетті дауыс беру құқықтары.

Егер фактілер мен жағдайлар бақылаудың үш құрамдасы бірінің немесе бірнешеуінің өзгеруін растаса, Топ инвестициялар нысанына қатысты бақылаудың болуын қайтадан талдайды. Топ еншілес ұйымға бақылауды алған кезде еншілес ұйымның шоғырлануы басталады және Топ еншілес ұйымға бақылаудан айырылғанда тоқталады.

Сатып алу немесе шығару бір жылдың ішінде болған еншілес ұйымның активтері, міндеттемелері, кірістері және шығыстары Топ бақылауды алған күннен бастап жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепке және қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепке енгізіледі және Топ еншілес ұйымды бақылаудан айырылған күнге дейін көрсетіледі.

Жалпы бақылаудағы кәсіпорындар арасындағы мәміледе сатып алуды қоспағанда, еншілес ұйымдар оларды сатып алған сәттен бастап, Топтың оларды бақылауды алған күні болып табылады, осындай бақылау аяқталған күнге

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

Шоғырландыру қағидаттары (жалғасы)

Еншілес ұйымдар (жалғасы)

дейін шоғырландырылады. Еншілес ұйымдарды сатып алған кезде сатып алу құны олардың сатып алу күніне әділ құны негізінде активтер мен міндеттемелерге бөлінеді. Еншілес ұйымдардың қаржылық есептілігі келісілген есеп саясаты пайдаланыла отырып, Қордың қаржылық есептілігі дайындалатын есепті кезеңге дайындалады.

Мәмілелер бойынша барлық Топішілік сальдо мен топішілік мәмілелер бойынша туындайтын іске асырылмаған пайданы қоса алғандағы мәмілелер шоғырландырылған қаржылық есептіліктен толығымен шығарылған болатын. Іске асырылмаған шығындар, олар құнсыздану туралы куәлік болмағандай дәрежеде ғана алып тасталатынын қоспағанда, іске асырылмаған пайда сияқты алып тасталады.

Бақыламайтын қатысу үлесі Топқа тиесілі емес еншілес ұйымдар капиталының бір бөлігін білдіреді және Акционерге жататын капиталдан бөлек, қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептегі капиталдың құрамында жеке көрсетіледі. Еншілес ұйымның шығындары, тіпті егер бұл теріс сальдоға әкеп соқтырған жағдайда да бақыламайтын қатысу үлесіне жатады.

Бақылауды жоғалтпай еншілес ұйымға қатысу үлесінің өзгеруі капиталмен жасалатын операция ретінде ескеріледі.

Егер Топ еншілес ұйымды бақылауды жоғалтса, ол тиісті активтерді (гудвилді қоса алғанда), міндеттемелерді, бақыланбайтын қатысу үлестерін және меншікті капиталдың басқа компоненттерін тануды тоқтатады және пайда немесе залал құрамындағы жиынтық кірісті немесе шығынды таниды. Қалған Инвестициялар әділ құны бойынша танылады.

Кәсіпорындарды біріктіру

Кәсіпорындарды (бизнесті) біріктіру сатып алу әдісі пайдаланыла отырып ескеріледі. Сатып алу құны сатып алу күніндегі әділ құн бойынша бағаланған берілген сыйақы сомасы және сатып алынатын компаниядағы бақыламайтын қатысу үлесі ретінде бағаланады. Бизнесті біріктіру жөніндегі әрбір мәміле үшін сатып алатын тарап сатып алынатын компаниядағы бақыламайтын қатысу үлесі әділ құн бойынша, не сатып алынатын компанияның сәйкестендірілетін таза активтеріндегі теңбе-тең үлес бойынша бағалайды. Сатып алуға байланысты болған шығындар жалпы және әкімшілік шығыстардың құрамына енгізіледі.

Егер Топ бизнесті сатып алса, ол сатып алынған қаржы активтері мен қабылданған міндеттемелерді тиісті түрде шарттың талаптарына, экономикалық жағдайға және сатып алу күніндегі тиісті жағдайларға байланысты жіктейді. Бұған компания сатып алатын негізгі шарттарға қосылған туынды құралдарды бөлу қажеттілігі мәніне талдау жасау жатады.

Бизнес сатылап біріктірілген жағдайда Топқа ертеректе тиесілі болған сатып алынатын компанияның қатысу үлесі пайда немесе шығын арқылы бақылауды сатып алу күніне әділ құны бойынша қайта бағаланады.

Сатып алушы Тарап беруге жататын шартты сыйақы сатып алу күніне әділ құн бойынша танылуға тиіс. Қаржы құралы болып табылатын және 9 «Қаржы құралдары» ХҚЕС (IFRS) қолдану саласына жататын актив немесе міндеттеме ретінде жіктелетін шартты өтем әділ құн бойынша бағаланады, ал әділ құнның өзгеруі 9 ХҚЕС (IFRS) сәйкес пайда немесе залал құрамында танылады. Егер Шартты сыйақы 9 ХҚЕС (IFRS) қолдану аясына түспесе, ол пайда немесе залал құрамындағы әділ құн бойынша бағаланады. Меншікті капитал ретінде жіктелуге жататын шартты өтем кейіннен қайта бағаланады және оны кейіннен өтеу меншікті капиталдың құрамында көрсетіледі.

Гудвил бастапқыда берілген сыйақы сомасының және мойындалған бақыланбайтын қатысу үлесінің және бұрын сатып алушыға тиесілі қатысу үлесінің Топ сатып алған таза сәйкестендірілетін активтер мен ол қабылдаған міндеттемелер сомасынан асып кетуі ретінде анықталған бастапқы құны бойынша бағаланады.

Егер сатып алынған таза активтердің әділ құны берілген өтем сомасынан асып кетсе, Топ барлық сатып алынған активтер мен барлық қабылданған міндеттемелерді анықтаудың дұрыстығын, сондай-ақ сатып алу күні танылуы тиіс сомаларды бағалау кезінде пайдаланылған рәсімдерді қайта талдайды. Егер қайта талдаудан кейін берілген өтем қайтадан таза сатып алынған активтердің әділ құнынан аз болса, пайда пайда немесе залал ретінде танылады.

Кейіннен гудвил құнсызданудан жинақталған шығындарды шегергенде бастапқы құны бойынша бағаланады. Құнсыздану сынағын өткізу мақсатында бизнесті біріктіру кезінде сатып алынған гудвилл сатып алынған күннен бастап Топтың ақша ағындарын тудыратын бөлімшелерінің әрқайсысына бөлінеді, олар сатып алынатын компанияның басқа активтері немесе міндеттемелері осы бөлімшелерге қатысты ма, жоқ па, бизнесті біріктіруден пайда көреді деп күтілуде.

Егер гудвилл ақша ағындарын тудыратын бірліктің бөлігі болса және сол бірліктегі қызметтің бір бөлігі жойылса, қызметтен шығуға қатысты гудвилл қызметтен шығудан түскен пайданы немесе шығынды анықтаған кезде осы қызметтің баланстық (ағымдағы) құнына қосылады. Бұл жағдайда шығарылған Гудвил жойылған қызметтің салыстырмалы құны және ақша ағындарын тудыратын бірліктің қалған бөлігі негізінде бағаланады.

Еншілес ұйымдарды жалпы бақылаудағы тараптардан сатып алу

Жалпы бақылаудағы тараптардан еншілес ұйымдарды (Мемлекет бақылайтын кәсіпорындар) сатып алуды есепке алу үлестерді біріктіру әдісі бойынша жүргізіледі.

Берілген еншілес ұйымның жалпы бақылаудағы активтері мен міндеттемелері берілген күнгі беруші компанияның (алдыңғы иесі) есептілігінде олардың баланстық құны бойынша осы шоғырландырылған қаржылық есептілік нысандарында көрсетіледі. Алдыңғы иесі ұйымды бастапқы сатып алған кезде пайда болған гудвилл, сондай-ақ осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетіледі. Алдыңғы иесінің гудвилін қоса алғанда, таза активтердің жалпы баланстық құны мен төленген қаражат сомасы арасындағы айырма осы шоғырландырылған қаржылық есептілік нысандарында капиталды түзету ретінде ескерілді.

Шоғырландырылған қаржылық есептілік, салыстырмалы деректерді қоса алғанда, еншілес ұйымды Топ оны бұрынғылар сатып алған күнге сатып алды деген болжам негізінде ұсынылады.

Бар еншілес ұйымдардағы қатысу үлесінің өзгеруі

Бақылауды сақтай отырып, бар еншілес ұйымдағы қатысу үлесінің бір бөлігі сатылатын немесе сатып алынатын мәмілелерде еншілес ұйымның таза активтеріндегі иеліктен шығарылатын немесе сатып алынатын үлестің баланстық құны мен осы үлесті сатып алу құнының арасындағы айырма бөлінбеген пайданың ұлғаюы немесе азаюы ретінде көрсетіледі.

Жалпы бақылаудағы тараптардан бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларды сатып алу

Жалпы бақылаудағы тараптардан бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларды сатып алу үлестерді біріктіру әдісі қолдану арқылы есепке алынады.

Топтың жалпы бақылаудағы тарапқа берілетін бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың активтері мен міндеттемелеріндегі үлесі беруші ұйымның («Алғашқы иеленуші») беру күніне қолданыстағы құны бойынша шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетіледі. Топтың таза активтердің жалпы ағымдағы құнындағы үлесі мен төленген сыйақы арасындағы айырма шоғырландырылған қаржылық есептілікте капиталды түзету ретінде танылады.

Бірлесіп-бақыланатын операциялар

Бірлескен операция - бұл қызметке бірлескен бақылауға ие болатын тараптың қызметпен байланысты міндеттемелер бойынша активтер мен жауапкершілікке құқықтарының болуын болжайтын бірлескен кәсіпкерлік типі. Топ бірлескен операциялардағы өзінің мүдделеріне қатысты мыналарды: Бірлескен активтердегі өз үлесін қоса алғанда, активтерді; Бірлескен міндеттемелердегі өз үлесін қоса алғанда, міндеттемелерді; Бірлескен операциялардың нәтижесінде өндірілген өнімдегі үлесті сатудан түскен түсімді; Бірлескен операциялардан болған өнімді сатудан түскен түсімнің үлесін; бірлесіп шеккен шығыстардағы үлесті қоса алғанда, шығыстарды мойындайды.

Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларға инвестициялар

Елеулі ықпалдың немесе бірлескен бақылаудың болуын анықтау кезінде ескерілетін факторлар еншілес ұйымдарға бақылаудың болуын анықтау кезінде ескерілетін факторларға ұқсас. Топтың қауымдасқан компаниялар мен бірлескен кәсіпорындарға салған инвестициялары үлестік қатысу әдісін пайдалана отырып ескеріледі.

Жиынтық табыс туралы шоғырландырылған есеп бірлескен кәсіпорын / қауымдасқан компания қызметінің нәтижелеріндегі Топтың үлесін көрсетеді. Мұндай инвестициялар объектілерінің Өзге жиынтық табысындағы өзгерістер Топтың басқа жиынтық табысының құрамында ұсынылады. Сонымен қатар, егер бірлескен кәсіпорынның немесе қауымдастырылған компанияның капиталында тікелей танылған өзгеріс болса, Топ мұндай өзгерістің өз үлесін мойындайды және қажет болған жағдайда капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепте осы фактіні ашады. Топ пен бірлескен кәсіпорындар немесе қауымдасқан компаниялар арасындағы мәмілелер бойынша туындайтын іске асырылмаған кірістер мен залалдар бірлескен кәсіпорындағы немесе қауымдасқан компаниядағы қатысу үлесі мөлшерінде алып тасталады.

Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдадағы үлесі жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте тікелей ұсынылады және бірлескен кәсіпорынның немесе қауымдасқан компанияның еншілес компанияларындағы салық салынғаннан және бақыланбайтын қатысу үлесінен кейінгі пайда немесе шығынды білдіреді. Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың қаржылық есептілігі Топтың есептілігімен бірдей есепті кезеңде дайындалады. Қажет болған жағдайда оған есеп саясатын Топтың есеп саясатына сәйкес келтіру мақсатында түзетулер енгізіледі.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

Шоғырландыру қағидаттары (жалғасы)

Үлестік қатысу әдісі қолданылғаннан кейін Топ өзінің бірлескен кәсіпорындарға/қауымдасқан компанияларға инвестициялары бойынша құнсызданудан болған қосымша шығынын мойындау қажеттігін айқындайды. Әрбір есепті күнге Топ бірлескен кәсіпорындарға/қауымдасқан компанияларға инвестициялардың құнсыздануының объективті куәсі болуын анықтайды. Осындай куәлар болған жағдайда, Топ құнсыздану сомасын бірлескен кәсіпорынның/қауымдасқан компанияның өтелетін құны мен оның баланстық құны арасындағы айырма ретінде есептейді және бұл соманы жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте құнсызданудан болған шығынды мойындайды.

Бірлескен кәсіпорынды бірлескен бақылаудан/қауымдасқан компанияға елеулі ықпалынан айырылған жағдайда, Топ қалған инвестицияларды әділ құн бойынша бағалайды және мойындайды. Бірлескен бақылаудан елеулі ықпалынан айырылған сәттегі бірлескен кәсіпорынға/қауымдасқан компанияға инвестицияның баланстық құны және қалған инвестициялардың әділ құны мен шығудан түскен түсімдердің арасындағы айырма пайдада немесе шығында танылады.

Кен орындарын барлауға, бағалауға және әзірлеуге байланысты шығыстар

Жер қойнауын пайдалану құқықтарын (лицензияларды) иемденгенге дейін болған шығындар

Лицензияларды сатып алғанға дейін жұмсалған шығындар, ҚР Үкіметімен тиісті келісімге қол қойылғаннан кейін жұмсалған шығындарды қоспағанда, олар шеккен кезеңдегі шығыстарға жатқызылады. Мұндай жағдайларда жұмсалған шығындар барлау және бағалау жөніндегі активтердің құрамында капиталдандырылады.

Жер қойнауын пайдалану құқығын сатып алу жөніндегі шығындар

Жер қойнауын барлау мен өндіруге құқықтар және мүлікті сатып алуға тиісті шығындар барлау және бағалау активтерінің құрамында капиталдандырылады және материалдық емес деп жіктеледі. Әрбір барлау объектісі жыл сайын бұрғылау жұмыстарының жоспарланғанын және активтің құнсызданбағанын растау үшін қаралады. Егер болашақ жұмыстар жоспарланбаған болса, барлау лицензияларын сатып алу шығындарының ағымдағы құны және мүлікті сатып алуға тиісті шығындар есептен

шығарылады. Экономикалық негізделген алынатын қорлар («Дәлелденген қорлар» немесе «Коммерциялық қорлар») анықталған және игеруді ішкі бекіткен кезде барлауға арналған лицензияларды сатып алуға арналған шығындардың және кен орындары бөлінісінде ескерілетін мүлікті сатып алуға арналған тиісті шығындардың ағымдағы құны барлау және бағалау жөніндегі активтермен біріктіріледі және мұнай-газ мүлкіне немесе материалдық емес активтерге көшіріледі.

Барлау және бағалау шығындары (аяқталмаған құрылыс)

Барлауға заңды құқық алғаннан кейін, геологиялық және геофизикалық зерттеулерге арналған шығындар және барлау және бағалау ұңғымаларына тікелей байланысты шығындар, оның ішінде аршу жұмыстары мен сәтсіз пайдалану немесе контурлау ұңғымалары, ұңғыманы бұрғылау және нәтижелерді бағалау аяқталғанға дейін шығындар сипатына сәйкес барлау және бағалау материалдық емес немесе материалдық активтер ретінде капиталдандырылады. Мұндай шығындарға жұмысшыларға жалақы, пайдаланылған материалдар мен жанармай, бұрғылау қондырғысының құны және мердігерлерге төлемдер кіреді. Егер күтілетін қорлар табылмаса, барлау және бағалау активі құнсыздануға тексеріледі, егер алынатын көмірсутектер табылса және коммерциялық дамуы жеткілікті ықтимал басқа ұңғымаларды бұрғылауды қамтуы мүмкін қызметті одан әрі бағалауға жататын болса, онда шығындар коммерциялық көмірсутектерді алуды бағалауда негізделген/ үздіксіз прогреске қол жеткізілгенге дейін актив ретінде есепке алуды жалғастырады.

Мұндай шығындардың барлығы техникалық, коммерциялық және басқарушылық тексеруге жатады, сонымен қатар жылына кемінде бір рет дамуды жалғастыру немесе табудан пайда табудың басқа әдісі туралы ниетті растау үшін құнсыздану тексерісі қажет.

Минералдық ресурстар мен көмірсутектердің дәлелденген қорларын айқындау және игеру туралы шешім қабылдау кезінде барлауға және бағалауға байланысты тиісті шығындар құнсыздануға тест жүргізгеннен және егер бар болса, құнсызданудан болған залалды мойындағаннан кейін мұнай-газ немесе тау-кен активтеріне көшіріледі.

Мұндай ниеттер болмаған кезде және келісімшарттық аумақты Үкіметке қайтару және жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарды бұзу туралы шешім қабылдаған кезде активтер шығыстарға есептен шығарылады.

Барлау және өндіру шығындары (мұнай-газ және тау-кен активтері)

Барлауға және өндіруге жұмсалатын шығындар бұрын капиталдандырылған (және игерудің басында қайта жіктелген) жер қойнауын пайдалану құқығын сатып алу шығындарын және барлау және бағалау шығындарын, бұрғылау нәтижелеріне қарамастан пайдалану ұңғымаларын бұрғылауға, полигондар салуға, кен орындарындағы көміртегілер мен минералдық ресурстарды өндіру, жинау және дайындау үшін қажетті жерүсті технологиялық құрылыстар салуға арналған шығыстарды, кен орындарында коммерциялық өндіруді ұйымдастыру барысында жұмсалған өзге де шығындарды, ұңғымаларды консервациялауға және учаскелерді қалпына келтіруге арналған капиталдандырылған дисконтталған шығындарды қамтиды. Әзірлеуге және өндіруге жұмсалған шығындар негізгі құралдардың (мұнай-газ және тау-кен активтері) құрамында капиталдандырылады, есеп кен орындары бөлінісінде жүргізіледі.

Мұнай-газ және тау-кен активтері тозуды өндірістік әдіс (өндіріс көлеміне пропорционалды әдіс) бойынша есептеу арқылы амортизацияланады, ал материалдық активтер дәлелденген игерілген қорлар негізінде, ал материалдық емес активтер дәлелденген қорлар бойынша амортизацияланады.

Мұнай-газ және тау-кен активтерінің кейбір объектілері (жерүсті технологиялық құрылғылар мен жабдықтар) пайдалы қызмет ету мерзімі кен орнының қалған пайдалану мерзімінен қысқа болған жағдайда, олар түзу сызықты әдіспен пайдалы қызмет ету мерзімі ішінде амортизацияланады.Жер қойнауын пайдалану құқықтарын сатып алу шығындары, оның ішінде кен орындарын жоюға байланысты дисконтталған шығындар, дәлелденген қорлардың жалпы көлемі бойынша амортизацияланады. Кен орындарын игеруге қатысты өзге шығындар дәлелденген игерілген қорлар негізінде амортизацияланады.

Негізгі құралдар (мұнай-газ және тау-кен активтерінен басқа)

Бастапқы тану кезінде негізгі құралдар бастапқы құны бойынша бағаланады. Активтердің бастапқы құны сатып алу немесе салу бағасынан, ұзақ мерзімді Құрылыс және әзірлеу жобалары бойынша пайыздар бойынша шығындардан, тану критерийлері сақталған кезде, активті жұмыс жағдайына келтіруге және қажет болған жағдайда активті жою бойынша шығындарды бастапқы бағалауға тікелей қатысты шығындардан тұрады. Сатып алу немесе салу бағасы активті сатып алу үшін берілген сыйақының кез келген түрінің жиынтық төленген құны және әділ құны болып табылады.

Кейіннен негізгі құралдар жинақталған тозуды, сарқылуды және құнсыздануды шегергенде бастапқы құны бойынша есепке алынады. Шаруашылық тәсілмен құрылған активтердің құны материалдардың, тікелей еңбек шығындарының және өндірістік үстеме шығыстардың тиісті үлесінің құнын қамтиды.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

Негізгі құралдар, Мұнай-газ және тау-кен активтерінен басқа, негізінен келесі пайдалы қызмет мерзімдерінде тікелей әдіспен амортизацияланатын негізгі құралдардың келесі кластарын қамтиды:

	ЖЫЛДАР
МӨЗ активтері	4-100 жыл
Құбырлар	2-30 жыл
Ғимараттар мен құрылыстар	2-100 жыл
Теміржол жолдары және инфрақұрылым	10-80 жыл
Машиналар, жабдықтар және көлік құралдары	2-50 жыл
Басқалары	2-20 лет

Негізгі құралдардың ағымдағы құны ағымдағы құнның өтелмейтінін көрсететін мән-жайларда қандай да бір оқиғалар немесе өзгерістер болған жағдайларда құнсыздану мәніне қайта қаралады.

Негізгі құралдардың объектілері ауқымды техникалық байқаудың нысанасы болып табылатын жағдайларда, онда тиісті шығындар 16 ХБЕС белгіленген тану критерийлері сақталған жағдайда, негізгі құралдардың баланстық құнында құрамдас бөлікті алмастыру ретінде танылады.

Негізгі құралдар объектісін тану ол шығарылғаннан кейін немесе оны пайдаланудан немесе шығарудан болашақ экономикалық пайда алу күтілмеген жағдайда тоқтатылады. Активті тану тоқтатылған кезде туындайтын кез келген пайда немесе залал (шығудан түскен таза түсімдер мен активтің қалдық құны арасындағы айырма ретінде есептелген) активті тану тоқтатылған есепті кезеңдегі пайда мен залалға енгізіледі.

Активтің қалдық құны, пайдалы қызмет мерзімі және амортизация әдістері Әр қаржы жылының соңында қажет болған жағдайда қайта қаралады және түзетіледі.

Материалдық емес активтер

Бастапқы тану кезінде жеке сатып алынған материалдық емес активтер сатып алу құны бойынша есепке алынады. Ұйымдарды біріктіру жөніндегі операциялар шеңберінде сатып алынған материалдық емес активтердің құны сатып алу күніндегі әділ құнды білдіреді. Бастапқы танылғаннан кейін материалдық емес активтер кез келген жинақталған амортизацияны және құнсызданудан жинақталған кез келген залалды шегергенде сатып алу құны бойынша есепке алынады. Капиталдандырылған игеру шығындарын қоспағанда, өз күшімен құрылған материалдық емес активтер капиталдандырылмайды және тиісті шығыстар шығыстар туындаған кезеңдегі пайда мен залал ретінде танылады.

Материалдық емес активтердің пайдалы қызмет ету мерзімі шектеулі немесе шектеусіз деп анықталады. Пайдалы қызмет мерзімі шектеулі материалдық емес активтер осы қызмет мерзімі ішінде амортизацияланады және материалдық емес активтің құнсыздануы мүмкін деген көрсеткіш болған кезде құнсыздану үшін бағаланады. Пайдалы қызмет мерзімі шектеулі материалдық емес активтер үшін амортизация кезеңі мен амортизация әдісі, кем дегенде, әрбір есепті жылдың соңында қайта қаралады.

Материалдық емес активтен күтілетін пайдалы қызмет мерзіміндегі немесе болашақ экономикалық пайданың күтілетін көлеміндегі өзгерістер амортизация кезеңін немесе амортизация әдісін мән-жайлар бойынша өзгерту арқылы ескеріледі және бухгалтерлік бағалаудағы өзгерістер ретінде қарастырылады.

Қызмет мерзімі шектеулі материалдық емес активтердің амортизациясы бойынша шығыстар материалдық емес активтің мақсатына сәйкес шығыстар құрамындағы жиынтық табыс туралы шоғырландырылған есепте танылады.

Пайдалы қызмет мерзімі шектелген материалдық емес активтер негізінен мынадай пайдалы қызмет мерзімі ішінде түзу сызық әдісімен амортизацияланатын активтердің мынадай сыныптарын қамтиды:

	ЖЫЛДАР
Лицензиялар	3-20 жыл
Бағдарламалық қамтылым	1-14 жыл
Басқасы	2-15 жыл

Барлау және бағалау бойынша активтердің құнсыздануы

Топ барлау және бағалау бойынша активтерді құнсыздану мәніне тексереді, әрі мұндай активтер әзірлеу бойынша материалдық және материалдық емес активтердің құрамына немесе активтердің құнсыздануына нұсқайтын фактілер мен жағдайлар болғанда аударылады. Бір немесе одан да көп төмендегі фактілердің және жағдайлардың болуы Топ барлау әрі бағалау жөніндегі өз активтерін құнсыздану мәніне тексеруге міндетті екендігіне нұсқайды (тізбесі толық емес):

- ❖ Соның ішінде Топ компаниясы белгілі бір учаскені барлауға құқылы болған кезең өтіп кеткенде немесе таяу арада өтеді және оның ұзартылуы күтілмейді;
- ❖ Белгілі бір учаскеде минералды ресурстарды одан әрі барлауға және бағалауға едәуір шығыстар бюджетке қосылмаған және жоспарланбайды;
- ❖ Белгілі бір учаскеде минералды ресурстарды барлау және бағалау минералды ресурстардың коммерциялық тиімді көлемдерін анықтауға әкеліп соқтырмады және Топ белгілі бір учаскеде мұндай қызметті тоқтату шешімін қабылдады;
- ❖ Топтың белгілі бір учаскені әзірлеу ықтималдылығына қарамастан барлау және бағалау жөніндегі активтің ағымдағы құны нәтижелі әзірлеудің немесе өткізудің нәтижесінде толық шамада өтелмейді деген жеткілікті деректері бар.

Қаржы активтері

Бастапқы тану және бағалау

Қаржы активтері алғаш рет танылғанда кейіннен амортизацияланған құны бойынша, басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны (БЖКӘҚ) бойынша және пайда немесе шығын арқылы әділ құны (ПШӘҚ) бойынша бағаланатын ретінде жіктеледі.

Қаржы активтерінің бастапқыда танылған кездегі жіктелуі келісімшартта көзделген қаржы активі мен Топ бұл активтерді басқару үшін қолданатын бизнес-модель бойынша ақша ағындарының сипаттамаларына тәуелді болады. Қаржыландырудың едәуір компонентін қамтымайтын немесе соған қатысты Топ іс жүзіндегі сипаттың жеңілдетілуін қолданған сауда дебиторлық берешекті қоспағанда, Топ қаржы активтерін бастапқыда пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша

бағаланбайтын қаржы активтері жағдайында мәміле бойынша шығындар сомасына ұлғайтылған әділ құны бойынша бағалайды. Қаржыландырудың едәуір компонентін қамтымайтын немесе соған қатысты Топ іс жүзіндегі сипаттың жеңілдетілуін қолданған сауда дебиторлық берешек 15 ХҚЕС-ке (IFRS) сәйкес айқындалған мәміленің бағасы бойынша айқындалады.

Бастапқы тану және бағалау (жалғасы)

Қаржы активін амортизацияланған құны бойынша немесе БЖКӘҚ бойынша жіктеу және бағалау үшін осы активтің шарттық талаптары борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне «борыштың негізгі сомасы мен пайыздардың есебінен төлемдер ғана» болып табылатын ақша ағындарын алуды негіздеуі қажет. Мұндай бағалау SPPI-тест деп аталады және әрбір құралдың деңгейінде жасалады.

Топ қаржы активтерін басқару үшін пайдаланатын бизнес-модель ақша ағындарын әкелу мақсатында Топ өзінің қаржы активтерін басқаратын тәсілді сипаттайды. Бизнес-модель ақша ағындарының шартта көзделген ақша ағындарын алудың, қаржы активтерін сатудың немесе екеуінің де салдары болатындығын айқындайды.

Заңнамамен немесе белгілі бір нарықта (стандартты талаптарда жасалатын сауда-саттық) қабылданған қағидамен белгіленген мерзімде активтерді жеткізуді талап етуші қаржы активтерін сатып алу немесе сату бойынша барлық операциялар ол жасалған күнге, яғни Топ активті сатып алуға немесе сатуға өзіне міндеттеме қабылдаған күнге танылады.

Кейіннен бағалау

Кейіннен бағалау мақсаттары үшін қаржы активтері үш санатқа жіктеледі:

- ❖ Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері (борыштық құралдар);
- ❖ Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері;
- ❖ Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері.

Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтерінің санатына Топ сауда және басқа да дебиторлық берешекті, үшінші және байланысты тараптарға берілген қарыздар, үшінші және байланысты тараптардың борыштық бағалы қағаздары мен банк салымдарын жатқызады.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

Қаржы активтері (жалғасы)

Сондай-ақ, Топ амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтерінің құрамына Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің өтеу мерзімі 3 айға дейінгі ноттарын қосады, себебі бұл инвестициялар Қордың ақша қаражатын басқару бөлігі емес, инвестициялық қызметінің бір бөлігі.

БЖКӘҚ бойынша бағаланатын қаржы активтеріне негізінен үшінші және байланысты тараптардың борыштық бағалы қағаздары жатады.

ПШӘҚ бойынша бағаланатын қаржы активтеріне негізінен берілген қарыздар, үшінші және байланысты тараптардың борыштық және үлестік бағалы қағаздары жатады.

Тануды тоқтату

Қаржы активі (қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептен алынып тасталады) мойындалуын тоқтатады, егер:

- ✱ Активтен ақша ағындарын алу құқығының қолданылу мерзімі аяқталса; не болмаса
- ✱ Топ активтен ақша ағымын алу құқығын берсе не болмаса үшінші тарапқа түсетін ақша ағымдарын толық көлемде және «транзиттік» келісім бойынша ешбір елеулі кідірусіз төлеу бойынша өз мойнына міндеттеме алса; және не болмаса (а) Топ активтен болатын барлық тәуекелдер мен пайданы берсе, не болмаса (б) Топ активтен болатын барлық тәуекелдер мен пайданы бермей, оларды сақтамаса, бірақ осы активтің бақылауын берсе.

Егер Топ өзінің активтен ақша ағынын алу барлық құқығын берсе не транзиттік келісім жасаса, ол меншік құқығына байланысты тәуекелдер мен табысты сақтап қала алған-алмағанын және, егер сақтап қала алған болса, онда қандай көлемде екендігін бағалайды. Егер Топ активтен болатын барлық тәуекелдер мен табысты іс жүзінде бермесе және өзінде сақтамаса, сондай-ақ активке бақылауды бермесе, Топ берілген активке өзінің қатысуын жалғастыруы дәрежесінде тануын тоқтатады. Бұл жағдайда Топ тиісті міндеттемені де таниды. Берілген актив пен тиісті міндеттеме Топ сақтаған құқық пен міндеттемелерді көрсететін негізде бағаланады.

Қаржы активтерінің құнсыздануы

Топ пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланбайтын барлық борыштық қаржы активтеріне қатысты күтілетін кредиттік залалдар (ККЗ) бағалау резервін мойындайды.

ККЗ шартқа сәйкес Топқа тиесілі болатын ақша ағындары мен Топ бұл актив бойынша бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемеге шамамен тең болатын мөлшерлемені пайдалана отырып дисконтталған алуды күтіп отырған барлық ақша ағындарының арасындағы айырма ретінде есептеледі.

Күтілетін ақша ағындарына ұсталатын қамтамасыз етуді сатудан немесе шарттық талаптардың ажырамас бөлігі болып табылатын кредит сапасын арттырудың басқа тетіктерінен болатын ақша ағындары жатады.

ККЗ екі кезеңде танылады. Бастапқы танылған сәттен бастап кредиттік тәуекел айтарлықтай ұлғаймаған қаржы құралдары бойынша келесі 12 айдың (12 айлық ККЗ) ішінде мүмкін болатын дефолттардың салдарынан туындауы мүмкін кредиттік шығындарға қатысты шығынды бағалау резерві құрылады.

Солар бойынша бастапқы танылған сәттен бастап қаржы құралдары үшін кредиттік тәуекел айтарлықтай ұлғайған дефолттың орын алу мерзімдеріне қарамастан (бүкіл мерзім үшін ККЗ) осы қаржы құралының қалған қолданылу мерзімінің ішінде күтілетін кредиттік шығындарға қатысты шығынға бағалау резерві құрылады.

Сауда және басқа да дебиторлық берешекке қатысты Топ ККЗ-ны есептеу кезінде жеңілдетілген тәсілді қолданады. Тиісінше, Топ кредиттік тәуекелдің өзгерістерін қадағаламайды, ал оның орнына әрбір есепті күнге бүкіл мерзім үшін күтілетін кредиттік шығындарға тең сомада шығынның бағалау резервін мойындайды. Топ қарыз алушылар мен жалпы экономикалық талаптарға тән болатын болжамды факторларды ескере отырып түзетілген кредиттік шығындардың пайда болуының өткен тәжірибесіне сүйене отырып бағалау резервтерінің матрицасын пайдаланды.

Егер шартта көзделген төлемдердің мерзімі 90 күнге өтіп кетсе, Топ қаржы активі бойынша дефолт болды деп есептейді. Дегенмен, белгілі бір жағдайларда Топ, егер ішкі немесе сыртқы ақпарат Топ ұстап қалатын кредит сапасын арттыру тетіктерін ескерместен, Топтың шартта көзделген қалған төлемдердің барлық сомасын алатындығына нұсқаса, қаржы активі бойынша дефолт болды деген қорытындыға келе алады. Егер Топтың шартта көзделген ақша ағындарының өтелуіне қатысты негізделген үміттері болмаса, қаржы активі есептен шығарылады.

Пайыздық және қаржылық кірістер мен шығыстар

Акцияларға ақы төлеу	Шығаруға рұқсат етілген және шығарылған акциялардың саны	Бір акцияның номиналды құны, теңге	Жарғылық капитал, миллион теңгемен
////////////////////////////////////			
2024 жылғы 1 қаңтарға	3.481.968.620		5.492.783
Кезең ішінде шығарылған акциялар:			
Еншілес ұйымдардағы мемлекеттік қатысу үлестерінің жарналарымен шығарылған және төленген акциялар	100	387.371.430	38.737
	100	92.941.670	9.294
	1	57.672.000	58
2024 жылғы 31 желтоқсанға	3.481.968.821		5.540.872
Кезең ішінде шығарылған акциялар:			
Еншілес ұйым мен бірлескен кәсіпорындағы мемлекеттік қатысу үлестерінің жарналарымен шығарылған және төленген акциялар	1.000	8.116.947	8.117
	1	491.267.000	491
Шығарылған және мүлік жарнасымен төленген акциялар			
	1.000	243.931.446	243.931
	10	29.990.500	300
	10	385.505.300	3.855
2025 жылғы 31 желтоқсанға	3.481.970.842		5.797.566
////////////////////////////////////			

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қордың 3.481.970.842 акциялары толық төленді (2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша: 3.481.968.821 акция).

Еншілес ұйымдардағы мемлекеттік қатысу үлестерімен жарналар

2025 жылғы 9 қаңтарда Қор номиналдық құны 8.116.947 теңге болатын 1.000 акцияны 8.117 миллион теңге сомасына шығарды, олар Акционер тарапынан Phystech II-дің 100% жай акцияларын беру арқылы төленді (2-ескертпе). Аталған операция ортақ бақылаудағы кәсіпорындарды біріктіру болып табылады және компания-алдыңғы иесінің деректері негізінде ретроспективті түрде есепке алынды.

Осыған байланысты, 2024 жылға арналған шоғырландырылған қаржылық есептілік көрсетілген компаниядағы қатысу үлесін беру ең ерте ұсынылған кезеңнің күніне жүзеге асырылғандай етіп ұсынылды. Аталған операцияның нәтижесінде Қордың жарғылық капиталы 8.117 миллион теңгеге ұлғайды, бұл ретте шоғырландырылған қаржылық есептілікте бөлінбеген пайда тиісті түрде азайтылды

2025 жылғы 14 ақпанда Қор номиналдық құны 491.267.000 теңге болатын 1 акцияны шығарды, ол Акционер тарапынан «Ақмолит» ЖШС-нің, «Топаз-НС» ЖШС-нің және «Мархит» ЖШС-нің жарғылық капиталындағы қатысу үлестерінің 100%-ын беру арқылы төленді, олардың жалпы әділ құны 491 миллион теңгені құрады.

Мүлік жарналары

2025 жылғы 25 ақпанда Қор номиналдық құны 243.931.446 теңге болатын 1.000 акцияны бұрын алынған, әділ құны 243.931 миллион теңгені құрайтын газбен жабдықтау объектілерінің есебінен шығарды. Қор аталған газбен жабдықтау объектілерін еншілес компаниясы – «QazaqGaz» ұлттық компаниясы» АҚ-ның жарғылық капиталына берді.

2025 жылғы 27 наурызда Қор номиналдық құны 29.990.500 теңге болатын 10 акцияны шығарды, олар Акционер тарапынан әділ құны 300 миллион теңге болатын мүлікпен төленді.

2025 жылғы 5 қарашада Қор номиналдық құны 385.505.300 теңге болатын 10 акцияны шығарды, олар Акционер тарапынан әділ құны 3.855 миллион теңге болатын теміржол объектілерін беру арқылы төленді. Қор аталған теміржол объектілерін еншілес компаниясы – «Қазақстан Темір Жолы» ұлттық компаниясы» АҚ-ның («НК ҚТЖ») жарғылық капиталына берді.

15.2 «ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА» ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫНА БӨЛУ

Қазақстан Республикасының «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Заңының 20-бабына сәйкес, Қор жыл сайын коммерциялық емес ұйым – «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының (бұдан әрі – «Қоғамдық қор») пайдасына Қордың жеке қаржылық есептілігіне сәйкес таза кірісінің кемінде 7% мөлшерінде қаражат бөледі. Акционердің өкіміне сәйкес, Қор Қоғамдық қорға 74.760 миллион теңге сомасында қаражат бөлу бойынша міндеттемені таныды (2024 жылы: 50.000 миллион теңге). 2025 жыл ішінде Қор Қоғамдық қорға 50.000 миллион теңге сомасында қаражат аударды (2024 жыл ішінде: 45.964 миллион теңге).

15.3 АКЦИОНЕРГЕ ӨЗГЕ ДЕ БӨЛУЛЕР

Әлеуметтік жобаларды қаржыландыру

2025 жыл ішінде Акционердің өкіміне сәйкес Қор Қазақстан Республикасындағы елді мекендерді газдандыру жобаларын қаржыландыру бойынша 46.560 миллион теңге сомасында міндеттемелерді таныды (2024 жыл: 105.094 миллион теңге) және олар шоғырландырылған капиталдағы өзгерістер туралы есепте Акционерге өзге де бөлу ретінде көрсетілді. 2025 және 2024 жылдардың 31 желтоқсаны жағдайы бойынша Топ аталған міндеттемелерді толық көлемде өтеді.

Сондай-ақ, 2025 жыл ішінде Акционердің өкімдеріне сәйкес Қор Қазақстан Республикасында дене шынықтыру мен спортты дамытуға бағытталған жобаларды қаржыландыруды қоса алғанда, әртүрлі әлеуметтік жобаларды қаржыландыру бойынша жалпы сомасы 53.224 миллион теңге болатын міндеттемелерді таныды (2024 жыл: 30.736 миллион теңге). 2025 жылғы 31 желтоқсан жағдайы бойынша Топ аталған міндеттемелерді жалпы сомасы 35.603 миллион теңгеге өтеді (2024 жыл: 32.779 миллион теңге).

Әлеуметтік нысандар құрылысын қаржыландыру

2025 жылы Топ Акционердің Жаңаөзен қаласында әлеуметтік объектілер салу және Жаңаөзен қаласының тұрғындарын тұрғын үймен қамтамасыз ету жөніндегі өкіміне сәйкес 4.199 миллион теңге және 1.644 миллион теңге сомасында міндеттемелерді тиісінше есептеп, төледі (2024 жылы: тиісінше 16 миллион теңге және 2.059 миллион теңге).

Сондай-ақ, 2025 жыл ішінде Акционердің өкіміне сәйкес Қор өзге де әлеуметтік объектілердің құрылысын қаржыландыру бойынша жалпы сомасы 74.424 миллион теңге болатын міндеттемелерді (2024 жыл: 60.580 миллион теңге) шоғырландырылған капиталдағы өзгерістер туралы есепте Акционерге өзге де бөлу ретінде таныды. 2025 жыл ішінде Топ аталған міндеттемелерді жалпы сомасы 45.756 миллион теңгеге өтеді (2024 жыл: 10.579 миллион теңге).

2025 жыл ішінде Қор Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес жобаны қаржыландыру мақсатында жылдық 0,1% мөлшерлемемен және айналыс мерзімі 30 жыл болатын «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ-ның облигацияларын жалпы сомасы 100.000 миллион теңгеге сатып алды. Әділ құны мен номиналдық құны арасындағы 97.302 миллион теңге мөлшеріндегі айырма шоғырландырылған капиталдағы өзгерістер туралы есепте бөлінбеген пайданың азаюы ретінде танылды.

Сондай-ақ, 2025 жыл ішінде Қор Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес жобаны қаржыландыру мақсатында жылдық 0,1% мөлшерлемемен және айналыс мерзімі 2034 жылға дейінгі екінші деңгейлі банктердің облигацияларын жалпы сомасы 224.790 миллион теңгеге сатып алды. Әділ құны мен номиналдық құны арасындағы 90.299 миллион теңге мөлшеріндегі айырма шоғырландырылған капиталдағы өзгерістер туралы есепте бөлінбеген пайданың азаюы ретінде танылды.

15. КАПИТАЛ (жалғасы)

15.4 АКЦИОНЕРГЕ АКТИВТЕРДІ ТАБЫСТАУ

2025 жылғы 31 желтоқсанда Акционердің өкіміне сәйкес Топ «Қазақстандық атом электр станциялары» ЖШС-нің жарғылық капиталындағы қатысу үлесінің 100%-ын таза активтердің 24.483 миллион теңге сомасында Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ-не беруді жүзеге асырды. Аталған операция шоғырландырылған капиталдағы өзгерістер туралы есепте Акционерге активтерді беру ретінде көрсетілді.

2025 жылы Акционердің өкіміне сәйкес Топ баланстық құны 3.597 миллион теңге болатын жылжымалы және жылжымайтын мүлікті беру бойынша міндеттемені шоғырландырылған капиталдағы өзгерістер туралы есепте Акционерге активтерді беру ретінде таныды (2024 жыл: 14.848 миллион теңге). 2025 жыл ішінде Топ Акционерге баланстық құны 2.007 миллион теңге болатын жылжымалы және жылжымайтын мүлікті беруді жүзеге асырды (2024 жыл: 12.370 миллион теңге).

15.5 ҮКІМЕТТЕН ҚАРЫЗ БОЙЫНША ДИСКОНТ

2025 жыл ішінде Қор 91.203 миллион теңге сомасында облигацияларды орналастырды (2024 жыл: 238.256 миллион теңге). Номиналдық құны мен әділ құны арасындағы 27.941 миллион теңге мөлшеріндегі айырма, 5.588 миллион теңге мөлшеріндегі кейінге қалдырылған табыс салығын шегергенде (2024 жыл: 49.204 миллион теңге, 9.841 миллион теңге мөлшеріндегі кейінге қалдырылған табыс салығын шегергенде), шоғырландырылған капиталдағы өзгерістер туралы есепте Үкіметтен алынған қарыздар бойынша дисконт ретінде танылды (17-ескертпе).

2025 жыл ішінде Қор 65.480 миллион теңге сомасында қарыз алды. Номиналдық құны мен әділ құны арасындағы 57.003 миллион теңге мөлшеріндегі айырма, 11.401 миллион теңге мөлшеріндегі кейінге қалдырылған табыс салығын шегергенде, шоғырландырылған капиталдағы өзгерістер туралы есепте Үкіметтен алынған қарыздар бойынша дисконт ретінде танылды (17-ескертпе).

15.6 БАҚЫЛАМАЙТЫН ҚАТЫСУ ҮЛЕСІНІҢ ҰСТАУШЫЛАРЫНА КЕЛЕТІН ДИВИДЕНДТЕР

2025 жыл ішінде Топ «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ-ның («ҚМГ ҰК»),

«ҚазАтомӨнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы» АҚ-ның («ҚАӨ ҰАК»), «Қазақтелеком» АҚ-ның («ҚТК»), «Қазақстанның электр желілерін басқару компаниясы» АҚ-ның («KEGOC»), «Қазақстан Темір Жолы» ұлттық компаниясы» АҚ-ның («ҚТЖ ҰК») және «Самұрық-Энерго» АҚ-ның («Самұрық-Энерго») топтарындағы бақыламайтын қатысу үлесінің иелеріне 531.697 миллион теңге сомасында дивидендтер жариялады.

2025 жыл ішінде бақыламайтын қатысу үлесінің иелеріне 531.632 миллион теңге мөлшеріндегі дивидендтер төленді.

2024 жыл ішінде Топ «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ-ның, «ҚазАтомӨнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы» АҚ-тың, «Қазақтелеком» АҚ-ның, «KEGOC» АҚ-ның, «Қазақстан Темір Жолы» ұлттық компаниясы» АҚ-тың және «Самұрық-Қазына Бизнес Сервис» ЖШС-нің топтарындағы бақыламайтын қатысу үлесінің иелеріне 313.079 миллион теңге сомасында дивидендтер жариялады. 2024 жыл ішінде бақыламайтын қатысу үлесінің иелеріне 313.311 миллион теңге мөлшеріндегі дивидендтер төленді.

15.7 ЕНШІЛЕС ҰЙЫМДАРДАҒЫ ҚАТЫСУ ҮЛЕСТЕРІНІҢ ӨЗГЕРУІ – БАҚЫЛАУДЫ ЖОҒАЛТУҒА ӘКЕЛМЕЙТІН ҚАТЫСУ ҮЛЕСІН САТУ

2024 жылғы шілде айында Акционердің өкіміне сәйкес Қор НАК «ҚАП» АҚ-дағы 12,01% акциясын Қазақстан Республикасының Ұлттық қорының пайдасына (ҚР Ұлттық Банкінің РММ сенімгерлік басқарушысы ретінде) өткізді. Осы мәміле нәтижесінде Қор 467.423 миллион теңге сомасын алды, бақыламайтын қатысу үлесі 169.024 миллион теңгеге ұлғайды, ал айырма Акционерге тиесілі өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын инвестицияларды қайта бағалау резервінің азаюы ретінде және тиісінше бөлінбеген пайданың 327 миллион теңгеге және 298.726 миллион теңгеге ұлғаюы ретінде танылды.

15.8 БАҚЫЛАМАЙТЫН ҚАТЫСУ ҮЛЕСІ

Төменде 31 желтоқсандағы жағдай бойынша елеулі бақылаусыз қатысу үлесі бар еншілес ұйымдар туралы ақпарат берілген:

	Бақыланбайтын қатысу үлесі			
	2025 жыл		2024 жыл	
	Үлес	Баланстық құн	Үлес	Баланстық құн
////////////////////////////////////				
«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ	32,58%	4.239.133	32,58%	4.064.435
«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ	37,01%	1.734.135	37,01%	1.642.030
«Қазақтелеком» АҚ	19,15%	163.364	19,15%	193.495
«KEGOC» АҚ	15%	71.569	15%	63.302
Басқасы		24.405		26.068
		6.232.606		5.989.330

////////////////////////////////////

Бақыланбайтын қатысу үлесі бар барлық маңызды еншілес ұйымдар Қазақстанда тіркелген.

15. КАПИТАЛ (жалғасы)

15.8 БАҚЫЛАМАЙТЫН ҚАТЫСУ ҮЛЕСІ (жалғасы)

Төменде 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша және осы күнде аяқталған жыл ішіндегі елеулі бақыламайтын қатысу үлестері бар еншілес ұйымдар туралы қорытылған қаржылық ақпарат берілген:

Миллион теңгемен	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ	«Қазатомөнер-кәсіп» ҰАК» АҚ*	«Қазақтелеком» АҚ	«KEGOC» АҚ
////////////////////////////////////				
Қаржылық жағдай туралы жалпылама есеп				
Ұзақ мерзімді активтер	14.359.804	2.448.664	1.157.446	608.970
Ағымдағы активтер	4.488.642	1.578.572	247.230	120.927
Ұзақ мерзімді міндеттемелер	5.049.729	331.306	303.185	204.411
Ағымдағы міндеттемелер	1.412.392	454.226	370.357	55.007
Капитал жиыны	12.386.325	3.241.704	731.134	470.479
Мыналарға келетін:				
Акционеріне	8.147.192	1.507.569	567.770	398.910
Бақыламайтын қатысу үлесіне	4.239.133	1.734.135	163.364	71.569
Жиынтық кіріс туралы жалпылама есеп				
Өткізілген өнімнен және көрсетілген қызметтерден түскен түсім	9.371.488	1.803.049	578.759	397.737
Бір жылғы пайда	1.072.054	806.707	146.962	99.689
Басқа да жиынтық кіріс/(шығын)	(289.508)	(1.107)	1.255	(2)
Табыс салығын шегере отырып, бір жылғы жиынтық кіріс жиыны	782.546	805.600	148.217	99.687
Мыналарға келетін:				
Акционеріне	506.470	358.670	115.776	84.734
Бақыламайтын қатысу үлесіне	276.076	446.930	32.441	14.953
Бақыламайтын қатысу үлесінің пайдасына жарияланған дивидендтер	101.362	354.918	62.553	6.685
Ақша ағындары туралы жалпылама ақпарат				
Операциялық қызмет	781.297	809.845	124.501	131.087
Инвестициялық қызмет	(56.643)	(258.557)	155.403	(79.415)
Қаржылық қызмет	(681.273)	(488.144)	(228.706)	(47.408)
Ақша қаражаты мен оның баламаларының таза көбеюі	43.381	63.144	51.198	4.264
////////////////////////////////////				

* Топтың ҚАӨ ҰАК-тағы бақыламайтын үлесі компания капиталының 37,01%-ынан есептелген сомадан асып түседі, себебі ол «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК-тың оның еншілес кәсіпорындарындағы бақыламайтын үлесін де қамтиды.

Төменде 2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша және осы күні аяқталған жыл үшін елеулі бақылаусыз қатысу үлесі бар еншілес ұйымдар туралы жалпыланған қаржылық ақпарат берілген:

Миллион теңгемен	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ	«Қазатомөнер-кәсіп» ҰАК» АҚ*	«Қазақтелеком» АҚ	«KEGOC» АҚ
////////////////////////////////////				
Қаржылық жағдай туралы жалпылама есеп				
Ұзақ мерзімді активтер	14.928.977	2.195.342	869.853	516.984
Ағымдағы активтер	4.005.670	1.626.539	773.568	136.886
Ұзақ мерзімді міндеттемелер	5.566.680	403.345	315.938	200.594
Ағымдағы міндеттемелер	1.443.683	420.985	472.637	37.914
Капитал жиыны	11.924.284	2.997.551	854.846	415.362
Мыналарға келетін:				
Акционеріне	7.859.849	1.355.521	661.351	352.060
Бақыламайтын қатысу үлесіне	4.064.435	1.642.030	193.495	63.302
Жиынтық кіріс туралы жалпылама есеп				
Өткізілген өнімнен және көрсетілген қызметтерден түскен түсім	8.330.261	1.813.352	731.118	319.906
Бір жылғы пайда	1.094.247	1.132.115	77.231	92.199
Басқа да жиынтық кіріс/(шығын)	1.042.821	853	(3.064)	-
Табыс салығын шегере отырып, бір жылғы жиынтық кіріс жиыны	2.137.068	1.132.968	74.167	92.199
Мыналарға келетін:				
Акционеріне	1.440.262	549.986	57.501	78.369
Бақыламайтын қатысу үлесіне	696.806	582.982	16.666	13.830
Бақыламайтын қатысу үлесінің пайдасына жарияланған дивидендтер	100.546	198.608	4.836	6.685
Ақша ағындары туралы жалпылама ақпарат				
Операциялық қызмет	1.064.031	516.487	199.578	106.359
Инвестициялық қызмет	(263.134)	(42.415)	(242.358)	(53.687)
Қаржылық қызмет	(780.560)	(415.264)	(5.065)	(46.145)
Ақша қаражаты мен оның баламаларының таза көбеюі	20.337	58.808	(47.845)	6.527
////////////////////////////////////				

* Топтың ҚАӨ ҰАК-тағы бақыламайтын үлесі компания капиталының 37,01%-ынан есептелген сомадан асып түседі, себебі ол «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК-тың оның еншілес кәсіпорындарындағы бақыламайтын үлесін де қамтиды.

15. КАПИТАЛ (жалғасы)

15.9 ЕСЕПТІЛІК ВАЛЮТАСЫН ҚАЙТА ЕСЕПТЕУ БОЙЫНША РЕЗЕРВ

Есептілік валютасын қайта есептеу резерві функционалдық валютасы теңге болып табылмайтын және қаржылық есептілігі осы шоғырландырылған қаржылық есептілікке енгізілген еншілес ұйымдардың қаржылық есептілігін қайта есептеу кезінде туындайтын бағамдық айырмашылықтарды есепке алу үшін пайдаланылады. 2025 жылы есептілік валютасын қайта есептеу резерві 23.255 миллион теңге мөлшеріндегі салықты шегергенге дейін 441.253 миллион теңгені құрады (2024 жыл: 90.712 миллион теңге мөлшеріндегі салықты шегергенге дейін 1.573.410 миллион теңге).

оптың АҚШ долларымен көрсетілген кейбір қарыздары шетелдік бөлімшелерге салынған таза инвестицияларды хеджирлеу құралдары ретінде айқындалды. 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша осы қарыздардың номиналды құны 4 760 миллион АҚШ долларын құрады (2024 жылғы 31 желтоқсанда: 5 012 миллион АҚШ доллары). Хеджирлеу құралдарының өтеу мерзімі 2 жылдан 23 жылға дейін. 2025 жылы осы қарыздарды қайта есептеу нәтижесінде пайда болған 93 515 миллион теңге мөлшеріндегі іске асырылмаған валюталық бағам айырмасынан түскен табыс өзге жиынтық табыс құрамындағы валюталық есептілікті қайта есептеу резервіне ауыстырылды (2024 жыл: 363 581 миллион теңге мөлшеріндегі залал).

15.10 ХЕДЖИРЛЕУ БОЙЫНША РЕЗЕРВ

ҚМГ ҰК

Топ нарықтан шикі мұнайды сатып алып, оны қайта өңдейді, содан кейін дайын өнімді (мысалы, бензин, дизель отыны, авиациялық керосин және т.б.) өткізеді. Белгілі бір кезең ішінде шикі мұнай мен дайын өнім нарықтарына тән құбылмалылық Топтың мұнай өңдеу маржасына (шикі мұнайды сатып алу бағасы мен дайын өнімді сату бағасының арасындағы айырма) әсер етеді. Осы құбылмалылықты төмендету мақсатында Топ кезеңге байланысты хеджирленетін қоржын бойынша своп құралдарын пайдалана отырып маржаны хеджирлейді.

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде 9.102 миллион теңге мөлшеріндегі тиімді бөлік ақша ағындарын хеджирлеу құралдары бойынша таза кіріс ретінде басқа жиынтық кіріс құрамында хеджирлеу резервіне жатқызылды (2024 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл: ақша ағындарын хеджирлеу құралы бойынша 1.464 миллион теңге мөлшеріндегі таза залал). Бақыламайтын қатысу үлесіне тиесілі хеджирлеуден түскен кіріс 2.965 миллион теңгені құрады (2024 жыл: хеджирлеуден болған 477 миллион теңге мөлшеріндегі залал).

ҚТЖ ҰК

2024 жыл ішінде Топ швейцар франкімен көрсетілген жүк транзиттік тасымалдарынан түсетін түсімнің теңгедегі баламасының өзгеру тәуекелін төмендету мақсатында ақша ағындарын хеджирлеуді жүзеге асырды. Өте ықтимал мәмілелерді растау үшін Топ швейцар франкімен көрсетілген жүк транзиттік тасымалдарынан алынған ақша ағындарының тарихи деректерінің болуын, жеткілікті инфрақұрылымды, сондай-ақ жүк транзиттік тасымалдарын жүзеге асыру үшін қолайлы географиялық орналасуды негізге алды. Топ магистральдық теміржол желісіне қол жеткізу бөлігінде монополист болып табылады және жүк тасымалы саласында үстем жағдайға ие.

Швейцар франкімен көрсетілген жүк транзиттік тасымалдарынан түсетін болжамды түсім ағындарына толық сәйкес келетін, белгіленген өтеу кестелері бар Топтың 1.070 миллион швейцар франкі мөлшеріндегі қарыздары хеджирлеу құралдары болып табылады, олар жеке-жеке айқындалады және сенімді бағалауға жатады. 2025 жылғы 31 желтоқсан жағдайы бойынша қарыздардың баланстық құны 534.250 миллион теңгені құрады (2024 жылғы 31 желтоқсан: 567.213 миллион теңге). Аталған қатынастардағы хеджирлеу объектілері 2024 жылғы 21 қарашадан бастап 2034 жылғы 15 қарашаға дейінгі кезеңде швейцар франкімен көрсетілген жүк транзиттік тасымалдарынан алынатын 1.070 миллион швейцар франкі мөлшеріндегі өте ықтимал түсім ағындары болып табылады, оның ішінде 139 миллион швейцар франкі 2025 жылға тиесілі.

2025 жыл ішінде 53.550 миллион теңге мөлшеріндегі тиімді бөлік ақша ағындарын хеджирлеу құралдары бойынша таза залал ретінде басқа жиынтық кіріс құрамында хеджирлеу резервіне жатқызылды (2024 жыл: 20.399 миллион теңге). Кейінге қалдырылған табыс салығының әсері 10.710 миллион теңгені құрады (2024 жыл: 4.080 миллион теңге).

2025 жыл ішінде халықаралық (транзиттік) қатынастағы жүк тасымалдарынан түсім алынды, ол ақша ағындарын хеджирлеудің объектісі болып табылады. Осыған байланысты, хеджирлеу құралына тиесілі 8.521 миллион теңге мөлшеріндегі жинақталған залал (2024 жыл: 412 миллион теңге мөлшеріндегі залал) басқа жиынтық залал құрамынан жүк тасымалдарынан түскен түсімге қайта жіктелді. Кейінге қалдырылған табыс салығының әсері 1.704 миллион теңгені құрады (2024 жыл: 82 миллион теңге).

15.11 АКЦИЯНЫҢ БАЛАНСТЫҚ ҚҰНЫ ЖӘНЕ ОҒАН ШАҚҚАНДАҒЫ ПАЙДА

ҚҚБ Биржа кеңесінің 2010 жылғы 4 қазандағы шешіміне сәйкес қаржылық есептілікте ҚҚБ бекіткен қағидаларға сәйкес есептелген есептік күнгі бір акцияның (жай және артықшылықты) баланстық құны туралы деректер болуға тиіс.

Миллион теңге	2025 жыл	2024 жыл (қайта есептелген)
////////////////////////////////////		
Активтер жиыны	44.242.913	41.112.604
Минусы: материалдық емес активтер	(2.386.965)	(2.499.627)
Минусы: міндеттемелер жиыны	(17.062.631)	(15.810.432)
Жай акциялар үшін таза активтер	24.793.317	22.802.545
31 желтоқсандағы жай акциялардың саны	3.481.970.842	3.481.968.821
Жай акцияның баланстық құны, теңге	7.120	6.549
Акцияға шаққандағы пайда		
Бас компанияның Акционеріне келетін жылғы таза пайда	2.341.491	2.360.517
Акцияға шаққандағы базалық және бөлінген пайдасын есептеу үшін жай акциялардың орташа алынған саны	3.481.970.658	3.481.968.741
Кезеңдегі базалық және бөлінген пайда	672,46	677,93

////////////////////////////////////

* ҚҚБ талап ететін жай акцияның баланстық құнының презентациясы ХҚЕС-ге сәйкес көрсеткіш.

Акцияға шаққандағы базалық пайда бас компанияның Акционеріне келетін пайданы немесе шығынды бір жылғы жай акциялардың орташа алынған санына бөлу арқылы есептеледі. Топтың бөлінген ықтимал жай акциялары жоқ, сондықтан бір акцияға шаққандағы бөлінген пайда бір акцияға шаққандағы базалық пайдаға тең.

16. ҚАРЫЗДАР

31 желтоқсандағы жағдай бойынша қарыздар, оның ішінде төленетін сыйақы мыналарды қамтыды:

Миллион теңгемен	2025 жыл	Орташа алынған тиімді пайыздық мөлшерлеме	2024 жыл	Орташа алынған тиімді пайыздық мөлшерлеме
Сыйақының тіркелген мөлшерлемесі бар қарыздар	4.677.099		4.712.432	
Алынған қарыздар	797.713	12,82%	816.521	9,87%
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	3.879.386	6,86%	3.895.911	6,11%
Сыйақының өзгермелі мөлшерлемесі бар қарыздар	3.410.022		1.955.736	
Алынған қарыздар	3.272.722	6,17%	1.818.519	8,09%
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	137.300	13,85%	137.217	15,45%
	8.087.121		6.668.168	
12 ай бойы өтеуге жататын соманы шегергенде	(1.370.737)		(836.272)	
12 айдан кейін өтелуге жататын сомалар	6.716.384		5.831.896	

Миллион теңгемен	2025 жыл	2024 жыл
АҚШ долларында көрсетілген қарыздар	3.105.350	3.652.455
Теңгемен көрсетілген қарыздар	2.297.494	1.928.150
Швейцар франкімен білдірілген қарыздар	1.126.780	687.822
Қытай юанімен көрсетілген қарыздар	845.343	-
Еуромен білдірілген қарыздар	610.493	309.261
Рубльмен білдірілген қарыздар	92.152	79.276
Басқа валюталарда берілген қарыздар	9.509	11.204
	8.087.121	6.668.168

31 желтоқсандағы жағдай бойынша шығарылған борыштық бағалы қағаздарға мыналар кіреді:

Миллион теңгемен	Шығару сомасы	Өтеу күні	Тиімді сыйақы мөлшерлемесі	2025 жыл	2024 жыл
Облигациялар					
ЛҚБ 2018 жылғы облигациялары	1,5 миллиард USD	2048 жыл	6,375%	625.316	778.795
ЛҚБ 2018 жылғы облигациялары	1,25 миллиард USD	2030 жыл	5,375%	615.017	644.556
ЛҚБ 2017 жылғы облигациялары	1,25 миллиард USD	2047 жыл	5,75%	493.105	639.143
ЛҚБ 2020 жылғы облигациялары	750 миллион USD	2033 жыл	3,50%	375.973	389.109
ИҚБ 2017 жылғы облигациялары	750 миллион USD	2027 жыл	4,60%	352.887	373.513
ҚҚБ 2019 жылғы облигациялары	300 миллиард KZT	2034 жыл	11,50%	308.433	308.433
ЛҚБ 2021 жылғы облигациялары	500 миллион USD	2026 жыл	2,36%	252.946	261.878
ҚҚБ 2025 жылғы облигациялары	210 миллиард KZT	2040 жыл	15,6%-17,7%	314.654	-
ЛҚБ 2017 жылғы облигациялары	1 миллиард USD	2027 жыл	4,75%	121.973	131.604
АХБ және ГҚБ 2025 жылғы облигациялары	1,25 миллиард CNY	2030 жыл	2,95%	89.798	-
ҚҚБ 2019 жылғы облигациялары	80 миллиард KZT	2026 жыл	11,86%	80.298	80.280
ҚҚБ 2024 жылғы облигациялары	100 миллиард KZT	2034 жыл	11,70%	77.072	75.621
ҚҚБ 2016 жылғы облигациялары	50 миллиард KZT	2026 жыл	Инфляция мөлшер-сі + 2,52%	53.886	54.090
ҚҚБ 2016 жылғы облигациялары	47,5 миллиард KZT	2031 жыл	Инфляция мөлшер-сі + 2,9%	51.093	50.830
ҚҚБ 2019 жылғы облигациялары	40 миллиард KZT	2034 жыл	11,50%	41.380	41.380
Басқалары	-			162.855	203.896
Жиыны				4.016.686	4.033.128

ЛҚБ - Лондон қор биржасы;
ИҚБ - Ирландия қор биржасы;
АХБ- Астана халықаралық биржасы (Astana International Exchange (AIX);
ГҚБ- Гонконг қор биржалары және клирингтік шектеулі сепіктестірі (Hong Kong Exchanges and Clearing Limited (HKEX)).

16. ҚАРЫЗДАР (жалғасы)

Алынған қарыздар

Төменде 2025 жыл ішінде тартылған ең елеулі жаңа қарыздар туралы ақпарат ұсынылған.

2025 жыл ішінде Топ 2024 жылғы 13 желтоқсанда жасалған Societe Generale және Natixis-пен жасалған кредиттік келісім шеңберінде, BPIfrance экспорттық-кредиттік агенттігінің кепілдігімен, жалпы сомасы 770 миллион еуроны құрайтын жүк локомотивтерін сатып алуды қаржыландыру мақсатында 280 миллион еуро мөлшерінде қарыз қаражатын алды (159.028 миллион теңгеге баламалы) (BPIfrance сыйлықақысын қоса алғанда). Қарыз бойынша пайыздар Euribor 6m + 0,8% мөлшерлемесі бойынша жартыжылдық төлемдермен өтеледі. Негізгі қарыз 2035 жылы толық өтелгенге дейін жартыжылдық төлемдермен өтелуге жатады.

2025 жыл ішінде Топ 2024 жылғы 4 сәуірде жасалған Citibank-пен кредиттік желі беру туралы келісім шеңберінде SARON + 2% мөлшерлемесімен және өтеу мерзімі бір жылға дейінгі 250 миллион швейцар франкі сомасында қарыз қаражатын алды (159.514 миллион теңгеге баламалы). Топ алынған қарыздардың 62 миллион швейцар франкі сомасындағы бөлігін мерзімінен бұрын ішінара өтеді (41.418 миллион теңгеге баламалы).

2025 жылғы тамызда Топ 2025 жылғы 18 шілдеде жасалған Deutsche Bank AG және Abu Dhabi Commercial Bank PJSC-пен жасалған кредиттік келісім шеңберінде, жалпы сомасы швейцар франкі баламасында 600 миллион АҚШ долларын құрайтын ірі теміржол инфрақұрылымдық жобаларды салуды және қолданыстағы теміржол желілерін жаңғыртуды қаржыландыру мақсатында 485 миллион швейцар франкі сомасында қарыз қаражатын алды (324.954 миллион теңгеге баламалы). Қарыз бойынша пайыздар SARON 6m + 1,6% мөлшерлемесі бойынша жартыжылдық төлемдермен өтеледі. Негізгі қарыз 2028 жылғы шілдеде біржолғы төлеммен өтелуге жатады.

2025 жыл ішінде Топ 2025 жылғы 26 қарашада жасалған Deutsche Bank Luxembourg S.A. және Banco Santander S.A.-мен АҚШ-тың Экспорттық-кредиттік банкінің (US EXIM Bank) кепілдігімен жасалған кредиттік келісім шеңберінде,

швейцар франкі баламасында 445 миллион АҚШ долларын құрайтын жүк тепловоздарын сатып алуды қаржыландыру мақсатында 146 миллион швейцар франкі сомасында қарыз қаражатын алды (94.956 миллион теңгеге баламалы) (US EXIM Bank сыйлықақысын қоса алғанда). Қарыз бойынша пайыздар SARON O/N + 0,48% мөлшерлемесі бойынша тоқсан сайынғы төлемдермен өтеледі. Негізгі қарыз 2035 жылы толық өтелгенге дейін тоқсан сайынғы төлемдермен өтелуге жатады.

2025 жылғы желтоқсанда Топ Қытай даму банкінен 10 миллиард юань мөлшерінде қарыз алды (729.042 миллион теңгеге баламалы), LPR1Y-margin өзгермелі мөлшерлемесімен және өтеу мерзімі 2028 жылғы 29 желтоқсанға дейін.

2025 жылы Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Абай жобасы бойынша жер қойнауын пайдалану келісімшартын бұзу туралы хабарламасының негізінде Топ «Эни Исатай» компаниясынан алынған 24.775 миллион теңге сомасындағы қарызды, пайыздарды қоса алғанда, тануды тоқтатты (26-ескертпе).

Ковенанттар

Топтың ұзақ мерзімді қарыздары 6.352.143 миллион теңге сомасындағы қарыздарды қамтиды (2024 жылғы 31 желтоқсан жағдайы бойынша: 5.698.779 миллион теңге), олар белгілі бір қаржылық және қаржылық емес ковенанттарды көздейді, олардың сақталмауы аталған қарыздардың бірінші талап бойынша өтелуіне әкеп соқтыруы мүмкін. Ковенанттар сақталған жағдайда, бұл қарыздар есепті кезең аяқталғаннан кейін кемінде он екі ай өткен соң ғана өтелуге жатады. Кредиттік құжаттамаға сәйкес ковенанттарды келесі қайта қарау күні 2026 жылғы 31 наурыз болып табылады.

2025 жылғы 31 желтоқсан және 2024 жылғы 31 желтоқсан жағдайы бойынша Топтың тиісті еншілес ұйымдары 2025 жылғы 31 желтоқсанға және 2024 жылғы 31 желтоқсанға дейін орындалуға тиіс барлық ковенанттарды сақтады. Топ әрбір есепті күні Топтың барлық қарыз шарттары бойынша ковенанттардың сақталуын тексереді.

Қордың және топтың еншілес ұйымдарының қарыздарының баланстық құны төменде келтірілген:

Миллион теңгемен	2025 жыл	2024 жыл
////////////////////////////////////		
ҚМГ ҰК және оның еншілес ұйымдары	2.803.307	3.261.602
ҚТЖ ҰК және оның еншілес ұйымдары	2.210.856	1.650.814
Қор	1.398.954	368.455
Самрук-Энерго және оның еншілес ұйымдары	465.217	253.055
Qazaq Gaz и его дочерние организации	362.676	396.116
«Түркістан БГҚ» ЖШС	318.306	275.017
KEGOC және оның еншілес ұйымдары	160.577	161.581
Қазақтелеком және оның еншілес ұйымдары	150.549	108.399
ЕГРЭС-2	104.151	100.744
ҚАӨ ҰАК және оның еншілес ұйымдары	104.035	44.228
ТКС ҰТК және еншілес ұйымдары	–	20.365
Қордың өзге де еншілес ұйымдары	8.493	27.792
Барлық берілген қарыздар	8.087.121	6.668.168

////////////////////////////////////

Қарыздардағы өзгерістер былайша көрсетілген:

Миллион теңгемен	2025 жыл	2024 жыл
////////////////////////////////////		
1 қаңтарға арналған сальдо	6.668.168	6.363.902
Ақша қаражатымен алынды*	2.624.902	1.455.334
Есептелген сыйақы	387.201	408.497
Дисконт	(31.459)	(32.829)
Капиталға айналдырылған сыйақы (6-ескертпе)	115.240	72.229
Төленген сыйақы	(436.863)	(452.254)
Негізгі борышты төлеу*	(1.478.642)	(1.759.390)
Қарыздардың есебінен негізгі құралдарды сатып алу	272.755	67.738
Сатуға немесе Акционерге бөлуге арналған деп жіктелген активтерге аудару	–	(48.170)
Дисконт амортизациясы	45.126	26.729
Валютаны қайта есептеу	(31.523)	584.795
Қарыз бойынша міндеттемелерді мойындауды тоқтату (26-ескертпе)	(24.825)	(48.442)
Кәсіпорындарды біріктіру арқылы сатып алу	–	29.118
Басқасы	(22.959)	911
31 желтоқсанға сальдо	8.087.121	6.668.168

////////////////////////////////////

* Сомалар шоғырландырылған ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есептің қаржылық қызмет бөлімінде көрсетілген ақша ағындарына сәйкес келмейді, өйткені сатуға арналған активтермен байланысты міндеттемелер бойынша өзгерістерді қамтымайды (5-ескертпе)

17. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТІНІҢ ҚАРЫЗДАРЫ

31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыздары мынаны қамтыды:

Миллион теңгемен	Өтеу күні	Тиімді сыйақы мөлшерлемесі	2025 жыл	2024 жыл
Ұлттық қордың активтері есебінен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі сатып алған облигациялар	2034-2063	5,56%-17,75%	1.154.728	1.053.179
Қазақстан Республикасының Үкіметінен қарыздар	2029-2055	5,96-12,35%	46.348	33.893
			1.201.076	1.087.072
12 ай бойы өтеуге жататын соманы шегергенде			(115.690)	(12.204)
12 айдан кейін өтелуге жататын сомалар			1.085.386	1.074.868

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыздарындағы өзгерістер былайша көрсетілген:

Миллион теңгемен	2025 жыл	2024 жыл
1 қаңтарға арналған сальдо	1.087.072	872.846
Ақша қаражатымен алынды	156.683	238.256
Есептелген сыйақы	18.948	11.787
Капиталға айналдырылған сыйақы (6-ескертпе)	57.412	34.869
Дисконт (15.5-ескертпе)	(84.944)	(49.204)
Төленген пайыздар	(60.464)	(44.636)
Негізгі борышты төлеу	-	(7.097)
Дисконт амортизациясы	26.369	30.251
31 желтоқсанға сальдо	1.201.076	1.087.072

ҚР Ұлттық Банкі сатып алған облигациялар

2022 жылғы желтоқсанда Қордың 542.863 миллион теңге сомасындағы, жылдық купондық мөлшерлемесі 7,37% болатын облигациялар шығарылымы тіркелді. 2025 жыл ішінде аталған шығарылым шеңберінде Қор елдің транзиттік және экспорттық әлеуетін арттыруға бағытталған «Достық–Мойынты» теміржол учаскесінің екінші жолдарын салуды қаржыландыру мақсатында 42.326 миллион теңге сомасында облигацияларды орналастырды (2024 жыл: 163.969 миллион теңге). Облигациялар Ұлттық қордың қаражаты есебінен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі тарапынан сатып алынды. Алынған қаражаттың әділ құны 26.120 миллион теңгені құрады (2024 жыл:

130.444 миллион теңге). Номиналдық құны мен әділ құны арасындағы 16.206 миллион теңге мөлшеріндегі айырма (2024 жыл: 33.525 миллион теңге) шоғырландырылған капиталдағы өзгерістер туралы есепте Үкіметтен алынған қарыздар бойынша дисконт ретінде танылды (15.5-ескертпе).

2025 жыл ішінде Қор жылдық купондық мөлшерлемесі 9,37% болатын облигацияларды жалпы сомасы 48.877 миллион теңгеге орналастырды (2024 жыл: жылдық купондық мөлшерлемесі 9,25% болатын 74.287 миллион теңге). Облигациялар Ұлттық қордың қаражаты есебінен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі тарапынан сатып алынды. Аталған облигацияларды орналастырудан

алынған қаражат «Талдықорған–Үшарал» магистральдық газ құбырын салуды қаржыландыруға бағытталды. Алынған қаражаттың әділ құны 37.142 миллион теңгені құрады (2024 жыл: 58.608 миллион теңге). Облигациялардың номиналдық құны мен әділ құны арасындағы 11.735 миллион теңге мөлшеріндегі айырма (2024 жыл: 15.679 миллион теңге) шоғырландырылған капиталдағы өзгерістер туралы есепте Үкіметтен алынған қарыздар бойынша дисконт ретінде танылды (15.5-ескертпе).

Үкіметтен алынған өзге де қарыздар

2025 жыл ішінде Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 4 желтоқсандағы «2025–2027 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Заңына сәйкес Қор Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінен 0,05% пайыздық мөлшерлеменен және өтеу мерзімі 30 жыл болатын 65.480 миллион теңге сомасында қарыз алды. Алынған қаражаттың әділ құны 8.477 миллион теңгені құрады. Номиналдық құны мен әділ құны арасындағы 57.003 миллион теңге мөлшеріндегі айырма шоғырландырылған капиталдағы өзгерістер туралы есепте Үкіметтен алынған қарыздар бойынша дисконт ретінде танылды (15.5-ескертпе).

18. РЕЗЕРВТЕР

31 желтоқсандағы жағдай бойынша резервтер мыналарды қамтыды:

Миллион теңгемен	Активтерді шығару бойынша міндеттемелер	Қоршаған ортаға келтірген шығыны үшін міндеттемелер бойынша резерв	Салықтар бойынша резерв	Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету резерві	Басқалары
2024 жылғы 1 қаңтардағы резерв					
Есептілік валютасын қайта есептеу					
Есеп бағалауларын қайта қарау					
Сатуға немесе Акционерге бөлуге арналған деп жіктелген активтермен байланысты міндеттемелерге аударымдар					
Кәсіпорындарды біріктіру кезіндегі түсімдер					
Дисконт сомасына ұлғайту					
Бір жылғы резерв					
Резервті пайдалану					
Пайдаланылмаған сомаларды түзету					
Басқа қаржылық міндеттемелердің құрамына аударымдар және қайта жіктеу					
Басқа өзгерістер					
2024 жылғы 31 желтоқсанға резерв (қайта есептелген)					
Есептілік валютасын қайта есептеу					
Есеп бағалауларын қайта қарау					

18. РЕЗЕРВТЕР (жалғасы)

Миллион теңгемен	Активтерді шығару бойынша міндеттемелер	Қоршаған ортаға келтірген шығыны үшін міндеттемелер бойынша резерв	Салықтар бойынша резерв	Әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету резерві	Басқалары
Сатуға немесе Акционерге бөлуге арналған деп жіктелген активтермен байланысты міндеттемелерге аударымдар	(61)	-	-	-	(61)
Дисконт сомасына ұлғайту	39.011	1.222	-	1.039	41.272
Бір жылғы резерв	8.655	2.419	897	26.525	38.496
Резервті пайдалану	(3.241)	(1.705)	(1.254)	(18.563)	(24.763)
Пайдаланылмаған сомаларды түзету	(4.248)	(8.067)	(1.461)	(8.047)	(21.823)
Салық міндеттемелерінен аударымдар	-	-	2.243	-	2.243
Басқа да өзгерістер	150	-	2	(380)	(228)
2025 жылғы 31 желтоқсанға резерв	377.123	72.200	4.516	92.094	545.933

Резервтердің ағымдағы және ұзақ мерзімді бөлігі келесідей:

Миллион теңгемен	Активтерді шығару бойынша міндеттемелер	Қоршаған ортаға келтірген шығыны үшін міндеттемелер бойынша резерв	Салықтар бойынша резерв	Басқалары	Жиыны
Ағымдағы бөлік	6.108	3.518	4.125	75.909	89.660
Ұзақ мерзімді бөлік	391.081	77.565	-	17.559	486.205
2024 жылғы 31 желтоқсанға резерв	397.189	81.083	4.125	93.468	575.865
Ағымдағы бөлік	6.962	2.746	2.301	77.995	90.004
Ұзақ мерзімді бөлік	370.161	69.454	2.215	14.099	455.929
2025 жылғы 31 желтоқсанға резерв	377.123	72.200	4.516	92.094	545.933

2025 жылғы 31 желтоқсан жағдайы бойынша өзге резервтер құрамына 36.951 миллион теңге мөлшеріндегі газды тасымалдау резерві кіреді (2024 жылғы 31 желтоқсан: 38.391 миллион теңге). Газды тасымалдау резерві табиғи газды қарызға алу туралы келісім шеңберінде PetroChina International Co. Ltd. компаниясына қарызға алынған газды тасымалдауға байланысты шығыстарды өтеуге арналған резервті білдіреді.

19. КРЕДИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

31 желтоқсандағы жағдай бойынша сауда және басқа кредиторлық берешек мыналарды қамтыды:

Миллион теңгемен	2025 жыл	2024 жыл (қайта есептелген)
Сауда кредиторлық берешек	1.080.781	1.479.532
Негізгі құралдарды жеткізгені үшін кредиторлық берешек	611.815	331.011
Басқа кредиторлық берешек	39.436	40.615
	1.732.032	1.851.158

31 желтоқсандағы жағдай бойынша сауда кредиторлық берешегі мынадай валюталарда көрсетіледі:

Миллион теңгемен	2025 жыл	2024 жыл (қайта есептелген)
Теңгемен көрсетілген сауда кредиторлық берешек	550.729	613.283
АҚШ долларымен көрсетілген сауда кредиторлық берешек	403.072	772.158
Румыния лейімен көрсетілген саудалық кредиторлық берешек	72.598	56.388
Басқа валюталарда көрсетілген сауда кредиторлық берешек	54.382	37.703
	1.080.781	1.479.532

19. КРЕДИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (жалғасы)

31 желтоқсандағы жағдай бойынша басқа міндеттемелер мыналарды қамтыды:

Миллион теңгемен	2025 жыл	2024 жыл (қайта есептелген)
////////////////////////////////////		
Басқа қаржылық міндеттемелер		
Жобаларды қаржыландыру бойынша акционер алдындағы міндеттемелер	267.261	221.805
Клиенттердің қаражаты	115.665	124.041
Кепілдік шарттары бойынша міндеттемелер	94.003	86.102
Туынды қаржы құралдары	92.558	36.327
Келісімшарт бойынша міндеттемелерді орындауға кепілдік жарналары және қамтамасыз ету	38.306	35.985
РЕПО мәмілелері бойынша міндеттемелер	24.776	25.225
Қаржыландыру туралы келісімдер бойынша міндеттемелер	12.649	-
Жер қойнауын пайдалану құқығын алуға байланысты тарихи шығындар	6.000	8.512
Басқалар	72.003	76.796
	723.221	614.793
Минус: ағымдағы бөлік	(682.620)	(562.203)
Ұзақ мерзімді бөлік	40.601	52.590
Басқа қаржылық емес міндеттемелер		
Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша міндеттемелер	405.065	413.238
Төлеуге берілетін өзге де салықтар	292.591	178.123
Мемлекеттік субсидиялар бойынша міндеттемелер	230.045	134.795
Агенттік келісімдер бойынша міндеттемелер	50.612	477.999
Зейнетақы және әлеуметтік аударымдар бойынша міндеттемелер	42.919	37.122
Аванстар алынған және болашақ кезеңдердің кірістері	17.266	23.784
Басқалар	12.823	13.091
	1.051.321	1.278.152
Минус: ағымдағы бөлік	(744.325)	(1.098.356)
Ұзақ мерзімді бөлік	306.996	179.796
////////////////////////////////////		

Әр түрлі жобаларды қаржыландыру бойынша міндеттемелер

2025 жылы акционердің өкімдері негізінде Қор «Қазақстан халқына» ҚҚ-ға жалпы сомасы 246.879 миллион теңгеге (2024 жыл: 246.394 миллион теңге) аударымдарды қоса алғанда, әртүрлі жобаларды қаржыландыру жөніндегі міндеттемелерді мойындады (15.3-ескертпе). 2025 жыл ішінде нақты аударылған қаражат 204.469 миллион теңгені құрады (2024 жыл: 265.148 миллион теңге).

Туынды қаржы құралдары

2022 жылғы қазан–қараша айларында Топтың еншілес ұйымы – «Қазақстан Темір Жолы» ұлттық компаниясы» АҚ («ҚТЖ ҰК») АҚШ долларымен деноминацияланған қарыздар бойынша валюталық тәуекелді басқару мақсатында Societe Generale SA (Франция), Citibank London және J.P. Morgan Securities plc. (Ұлыбритания) компанияларымен кросс-валюталық своп мәмілелерін жасасты.

ҚТЖ ҰК белгіленген мөлшердегі швейцар франкін белгіленген мөлшердегі АҚШ долларына айырбастау негізінде төлейді. Швейцар франкімен белгіленген осы төлемдерді жүзеге асыру қарыздар бойынша валюталық тәуекелді басқару болып табылады, себебі Топтың түсімдерінің бір бөлігі швейцар франкімен деноминацияланған. Аталған туынды қаржы құралдары айқындалған хеджирлеу қатынастарының бөлігі болып табылмайды.

2025 жыл ішінде кросс-валюталық своп мәмілелері шеңберінде Top J.P. Morgan Securities plc. (Ұлыбритания), Societe Generale SA (Франция) және Citibank London компанияларынан 17.566 мың АҚШ доллары (9.220 миллион теңгеге баламалы) және 4.513 мың швейцар франкі (2.926 миллион теңгеге баламалы) мөлшерінде ақшалай қаражат алды (2024 жыл ішінде: тиісінше 17.675 мың АҚШ доллары (8.221 миллион теңгеге баламалы) және 4.541 мың швейцар франкі (2.385 миллион теңгеге баламалы)).

2025 жылғы 31 желтоқсан жағдайы бойынша Societe Generale SA (Франция), Citibank London және J.P. Morgan Securities plc. (Ұлыбритания) компанияларымен жасалған шарттар бойынша пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша есепке алынатын туынды қаржы құралдарының 180.989 мың АҚШ доллары (91.496 миллион теңгеге баламалы) мөлшеріндегі әділ құны ағымдағы қаржылық міндеттемелердің құрамында танылды (2024 жылғы 31 желтоқсан жағдайы бойынша: 62.268 мың АҚШ доллары, 32.697 миллион теңгеге баламалы).

Агенттік келісімдер бойынша міндеттемелер

2023 жылы Топ орта білім беру ұйымдарының нысандарын салуға арналған пилоттық ұлттық жоба «Жайлы мектепті» (бұдан әрі – «ұлттық жоба») іске асыру бойынша жергілікті атқарушы органдармен агенттік келісімдер жасасты. Топ ХҚЕС 15 стандартына сәйкес агент ретінде әрекет етеді. Агенттік келісімдер бойынша міндеттемелер негізінен бюджет бағдарламаларына қызмет көрсетуге арналған арнайы шотқа жергілікті атқарушы органдардан түскен сомаларды білдіреді (14-ескертпе). Бұл қаражаттарды Топ әрі қарай ұлттық жобаға сәйкес орта білім беру ұйымдарының нысандарын салуға жауапты құрылыс компанияларына аударады (13-ескертпе). Осы келісімдер бойынша алынған және төленген ақша қаражаттары тиісінше 260.831 миллион теңге және 439.659 миллион теңге көлемінде операциялық қызметтің құрамында брутто негізінде көрсетілген.

Қаржыландыру туралы келісімдер бойынша міндеттемелер

Топ үшінші тұлғалармен кері сатып алу туралы келісімдер жасасты, олар ХҚЕС (IFRS) 15 талаптарына сәйкес қаржыландыру жөніндегі келісімдер ретінде есепке алынады. Бұл ретте Топ тиісті базалық активті тануды жалғастырады және қаржыландыру жөніндегі келісімдер бойынша міндеттемелер ретінде ұсынылатын қаржылық міндеттемені таниды. Аталған келісімдер шеңберінде 8.579 миллион теңге мөлшеріндегі қорлар кепілге берілді.

20. ТҮСІМ

31 желтоқсанда аяқталған жылдардағы кірістерге мыналар кіреді:

Миллион теңгеде	2025 жыл	2024 жыл
////////////////////////////////////		
Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім:		
Шикі мұнай сату	4.730.239	4.670.749
Мұнай өнімдерін сату	3.360.931	2.591.958
Теміржол жүк тасымалы	2.455.553	1.869.783
Тазартылған алтынды сату	1.936.306	1.260.191
Уран өнімдерін сату	1.691.833	1.715.172
Газ өңдеу өнімдерін сату	1.153.456	1.090.795
Электр және жылу энергиясын сату	617.901	516.847
Телекоммуникациялық қызметтер	536.462	695.543
Мұнай мен газды тасымалдау	419.530	384.657
Электр энергиясын тасымалдау	293.731	237.308
Алыс-беріс мұнайын қайта өңдеу	246.942	258.530
Жолаушылар теміржол тасымалы	134.590	114.989
Электр қуатының дайындығын қолдау жөніндегі қызметтер	80.585	72.000
Телекоммуникациялық жабдықтар мен мобильді құрылғыларды сату	42.234	36.564
Пошта қызметтері	38.732	34.762
Қаржылық қызметтерден және комиссиядан түскен табыс	26.780	21.325
Әуе тасымалы	5.566	78.011
Басқа табыс	795.497	637.716
	18.566.868	16.286.900
Жалдаудан кіріс	150.766	97.509
Пайыздық кіріс	53.872	48.657
	18.771.506	16.433.066
Табысты тану уақыты		
Белгілі бір уақытта	12.753.674	11.200.943
Уақыт өте келе	5.813.194	5.085.957
	18.566.868	16.286.900
////////////////////////////////////		

2025 жылы Топтың негізгі тұтынушыларының, шикі мұнай, газ және мұнай өнімдерін сату бойынша BGN INT DMCC компаниясының және алтын сату бойынша Қазақстан Ұлттық Банкінің үлесі Топтың жалпы кірісінің шамамен 12% және 10% құрайды (2024: Топтың негізгі тұтынушысы PETRACO ENERGIES DMCC компаниясының шикі мұнай, газ және мұнай өнімдерін сату бойынша үлесі Топтың жалпы кірісінің шамамен 10%-ын құрады).

21. САТЫЛҒАН ӨНІМ МЕН КӨРСЕТІЛГЕН ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ӨЗІНДІК ҚҰНЫ

31 желтоқсанда аяқталған жылдар ішінде сатылған өнім мен көрсетілген қызметтердің өзіндік құны мыналарды қамтиды:

Миллион теңгеде	2025 жыл	2024 жыл
////////////////////////////////////		
Материалдар мен қорлар	8.436.360	6.977.225
Әлеуметтік салық пен аударымдарды қоса алғанда, жалақы бойынша шығыстар	2.135.598	1.901.661
Тозу, сарқылу және амортизация	1.335.989	1.176.681
Отын және энергия	614.847	517.435
Жөндеу және техникалық қызмет көрсету	395.855	385.966
Алынған өндірістік қызметтер	384.809	423.161
Әлеуметтік салықтан және әлеуметтік аударымдардан басқа салықтар	278.644	221.018
Тау-кен салығы	205.735	186.326
Көлік қызметтері	158.890	170.564
Қысқа мерзімді жалдау	99.329	107.755
Пайыздық шығыстар	70.104	58.806
Күзет қызметтері	44.466	41.132
Байланыс қызметтері	42.785	47.890
Басқалары	379.725	279.019
	14.583.136	12.494.639
////////////////////////////////////		

22. ЖАЛПЫ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК ШЫҒЫСТАР

31 желтоқсанда аяқталған жылдардағы жалпы және әкімшілік шығындарға мыналар кіреді:

Миллион теңгеде	2025 жыл	2024 жыл
Әлеуметтік салық пен аударымдарды қоса алғанда, жалақы бойынша шығыстар	318.981	301.944
Аудиторлық және консультациялық қызметтер	40.237	32.754
Әлеуметтік салықтан және әлеуметтік аударымдардан басқа салықтар	36.645	33.678
Бөгде ұйымдардың өзге де қызметтері	33.245	30.043
Тозу және амортизация	24.128	32.112
Жөндеу және техникалық қызмет көрсету	11.333	11.097
Әлеуметтік төлемдер және әлеуметтік сала объектілерін ұстау	10.915	7.649
Демеушілік және қайырымдылық	10.809	30.640
Іссапар шығындары	10.151	9.067
Коммуналдық шығындар және ғимараттарды күтіп ұстау	6.838	6.254
Қысқа мерзімді жалдау	6.470	5.587
Кәсіптік оқыту және біліктілікті арттыру шығындары	4.501	4.401
Сақтандыру	4.443	4.473
Көлік қызметтері	3.119	3.091
Байланыс қызметтері	2.482	2.383
Банктердің қызметтері	1.644	1.904
Басқалары	59.298	50.326
	585.239	567.403

23. ТАСЫМАЛДАУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ШЫҒЫСТАРЫ

31 желтоқсанда аяқталған жылдардағы тасымалдау және сату шығындары мыналарды қамтиды:

Миллион теңгеде	2025 жыл	2024 жыл
Тасымалдау	502.150	509.246
Кедендік баж	115.655	127.369
Рента салығы	112.730	139.656
Әлеуметтік салық пен аударымдарды қоса алғанда, жалақы бойынша шығыстар	32.041	27.572
Тозу және амортизация	21.877	20.165
Жалдау төлемдері	14.649	10.033
Агенттерге комиссиялық сыйақы және жарнама	12.827	23.400
Басқалары	57.203	43.694
	869.132	901.135

24. ҚҰНСЫЗДАНУ ЗАЛАЛЫ

31 желтоқсанда аяқталған жылдардағы құнсызданудан болған залал мыналарды қамтиды:

Миллион теңгеде	2025 жыл	2024 жыл
Топ кірістерінің үлкен бөлігі тауарларды, негізінен, шикі мұнай мен мұнай өнімдерін сатудан жинақталады. Ертеден осы өнімдерге баға тұрақты болмаған және сұраныс пен ұсыныстағы өзгерістерге, нарықтық тұрлаусыздыққа, әлемдік және өңірлік экономика қызметіне және индустриялардағы циклдікке қатысты біршама өзгерді. Баға тарифтер және импорттық баждар салу, биржалық алыпсатарлық, мүмкіндікті арттыруды немесе Топтың өнімдерін негізгі нарықтарға артық жабдықтауды қоса алғанда, Үкімет әрекетінің әсеріне де бейімделген. Осындай сыртқы факторлар мен нарықтардағы өзгерістер келешек бағалардың бағалануын айтарлықтай қиындатады. Тауарларға бағалардың біршама немесе созылмалы төмендеуі Топтың қызметіне, қаржылық нәтижелерге және операциялардан болған ақша ағындарына елеулі түрде және теріс әсер етуі мүмкін. Топ, негізінен, тауарларға бағалардың өзгеру тәуекеліне ұшырағыштығын хеджирлемейді.

Климаттың өзгеруіне байланысты анықталған тәуекелдерге қатысты Топ олардың активтер мен міндеттемелерді тануға/тоқтатуға, осындай активтер мен міндеттемелерді бағалауға, сондай-ақ шоғырландырылған қаржылық есептілікте ақпаратты ашуға әсерін бағалады. Төменде келтірілген аймақтар негізінен климаттың өзгеруіне байланысты тәуекелдерге ұшырайды:

- a. Топ қолданыстағы шаң-көмір жабдықтарын заманауи экологиялық таза бу-газ энергоблоктарымен ауыстыру мақсатында Алматы ЖЭО-2 және ЖЭО-3-те жаңа бу-газ қондырғыларын салу жөніндегі жобаларға бастамашылық жасады; және
- b. Топ Экологиялық кодекске сәйкес жаңадан енгізілген нормативтік талаптарға байланысты пайдалану объектілерін жоюға және экологиялық залалды қалпына келтіруге арналған резервтерді бағалады және мойындады (18-ескертпе).

Климаттың өзгеруіне байланысты анықталған тәуекелдерге қатысты топ олардың активтер мен міндеттемелерді тануға/тоқтатуға, осындай активтер мен міндеттемелерді бағалауға және шоғырландырылған қаржылық есептілікте ақпаратты ашуға әсерін бағалады.

Салық салу

ҚР салық заңнамасы мен нормативтік базасы тұрақты өзгерістерге ұшырағыш келеді және түрлі талқылауларға жол береді. Жергілікті, өңірлік және республикалық салық органдары арасында пікір сәйкессіздігі жиі болады. Қазақстандық салық заңнамасын анықталған және расталған бұзушылықтары үшін қолданыстағы айыппұлдар мен өсімпұлдар режимі өз қатаңдығымен ерекшеленеді. Айыппұлдық ықпалшараға 1,25-ке көбейтілген, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен белгіленген, қайта қаржыландырылған мөлшерлемесі бойынша есептелген өсімпұл мен қосымша есептелген салық сомасынан 80% көлемінде болатын айыппұлдар кіреді. Нәтижесінде, айыппұл мен өсімпұл сомалары есептелуге жататын салық сомаларынан бірнеше есе артық болуы мүмкін. Салық кезеңдері салықтық тексеру жүргізілетін жылдың алдындағы күнтізбелік бес жыл ішінде салық органдары тексеру үшін ашық болып қалады.

Басшылық 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша оның тиісті заңнаманы түсіндіруі және осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте көзделген немесе осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте өзгеше түрде ашылған жағдайларды қоспағанда, Топтың салық позициялары расталу ықтималдығы бар деп санайды.

Санкциялар

Топ шетелдік серіктестермен бірлескен жобалардың қатысушысы бола отырып, санкциялық шектеулерді қоса алғанда, сыртқы факторлардың ықтимал әсеріне кешенді бағалау жүргізеді. Аталған бағалау құқықтық, қаржылық және техникалық аспектілерді ескере отырып жүзеге асырылады. Бұл ретте жобаларды іске асыру Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және тараптардың шарттық міндеттемелеріне сәйкес белгіленген тәртіппен жалғасуда.

Топ АҚШ, Еуропалық Одақ және Ұлыбритания тарапынан қабылданып жатқан жаңа шектеу шараларын тұрақты түрде мониторингтеп отырады, сондай-ақ олардың Топтың операциялық қызметіне және ресейлік серіктестермен бірлескен жобаларды іске асыруға ықтимал әсерін бағалайды.

2025 жылғы қарашада АҚШ Қаржы министрлігінің Шетелдік активтерді бақылау басқармасы (OFAC, Office of Foreign Assets Control) Каспий құбыр консорциумы жобаларының, «Теңізшевройл» ЖШС-нің («ТШО») және Қарашығанақ жобасының жұмыс істеуі үшін қажетті операцияларды жүзеге асыруға рұқсат беретін лицензия берді. Бұдан бөлек, 2025 жылғы 10 қарашада Топтың бастамасымен Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі Қазақстан Республикасының аумағы арқылы Қытай Халық Республикасына ресейлік мұнайды тасымалдау операцияларына қатысты OFAC-қа өтініш жолдады. 2025 жылғы 21 қарашада OFAC (Comfort Letters) түсіндірме хаттары алынды, оған сәйкес ПМХЗ және «ҚазТрансОйл» АҚ («ҚТО»), «Роснефть» ҰК» ЖАҚ-пен

33. ШАРТТЫ ЖӘНЕ ШАРТТЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (жалғасы)

Санкциялар (жалғасы)

байланысты операцияларды егер мұндай операциялар американдық тұлғалардың қатысуы болмаған жағдайда олардың жұмыс істеуі және шарттық міндеттемелерді орындауы, американдық қаржы жүйесін пайдалану, өзге санкциялық тұлғалардың пайдасының болмауы, сондай-ақ санкциялық режимді өзге де бұзушылықтардың болмауы үшін әдетте қажет болып табылса жүзеге асыруға құқылы. Аталған түсіндірмелердің қолданылу мерзімі 2026 жылғы 29 сәуірге дейін белгіленген.

Қажет болған жағдайда Топ басшылығы OFAC-тың тиісті түсіндірмелерінің қолданылу мерзімін белгіленген тәртіппен ұзарту бойынша жұмысты жалғастыруды жоспарлап отыр.

Санкциялық тәуекелдерді азайту мақсатында бірлескен жобалар бойынша келісімдерде қолданылатын халықаралық санкциялық шектеулердің сақталуын қамтамасыз етуге бағытталған тиісті тетіктер мен құқықтық қорғау құралдары көзделген. Топ халықаралық санкциялық талаптарды сақтау және ықтимал санкциялық тәуекелдерді азайту үшін қажетті шараларды қабылдайды.

Трансферттік баға белгілеу бойынша бақылау

Қазақстанда трансфертті баға белгілеу бойынша бақылау кең спектрге ие және байланысты мәмілелер тарапы болып табыла ма немесе жоқ па екеніне қарамастан, халықаралық мәмілелермен тікелей немесе жанама байланысты көптеген операцияларда қолданылады. «Трансферттік баға белгілеу туралы заң» (бұдан әрі - Заң) операцияларға қолданылатын барлық салықтар үшін талап етіледі, қол ұшын беру қағидаты бойынша белгіленген нарықтық бағалар негізінде есептелінеді. Қазақстанда бұл Заң 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енді. Заң анық белгіленген болып табылмайды және оның кейбір ережелері аз қолданылу тәжірибесіне ие. Сонымен қатар, Заң оны операциялардың алуан түрлеріне қолдану бойынша егжей-тегжейлі нұсқаулықтарды бермейді, соның нәтижесінде салық органдарының позициясы Топ позициясынан ерекшеленуі мүмкін екендігінің тәуекелі бар, бұл қосымша салықтар, айыппұлдар мен өсімпұлдар сомаларына әкеп соқтыра алады. 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Басшылық трансферттік баға белгілеу бойынша қолданылатын заңнамада оны түсіндіру сәйкестендірілген болып табылады және Топтың трансферттік баға белгілеу жөніндегі ұстанымы расталады деген ықтималдық бар деп санайды.

Топтың мұнай өңдеу зауыттарында кешенді салықтық тексерулер

Топтың барлық үш ірі мұнай өңдеу зауыты, «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС (бұдан әрі - «АМӨЗ»), ПМХЗ және «ПетроКазахстан Ойл Продактс» ЖШС (бұдан әрі - «ПКОП») 2020-2022 жылдары бірнеше жыл ішінде (2020

жылға дейін) кешенді салықтық тексеруден өтті. Тексеру нәтижелері бойынша ҚҚС бойынша қосымша есептеулердің жалпы сомасы 37.728 миллион теңгені, КТС бойынша 17.830 миллион теңгені, өзге салықтар бойынша 476 миллион теңгені, барлық қосымша есептеулер бойынша өсімпұлдарды қоса алғанда 8.959 миллион теңгені, сондай-ақ өтететін шығындарды азайту сомасы 119.871 миллион теңгені құрады.

АМӨЗ, ПМХЗ және ПКОП тексеру нәтижелерімен келіспеді және оларға мемлекет белгілеген тәртіппен шағымданды. Зауыттардың апелляциялары ҚР Қаржы министрлігінің қарауында.

ПҚОП салықтар мен өсімпұлдар бойынша қосымша есептеулер сомасының бір бөлігіне қатысты жалпы сомасы

3.694 миллион теңгені құрайтын хабарламалардың біріне шағым түсірді. Алайда, 2024 жылғы 15 ақпанда Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасы 2021 жылғы 15 қарашада Шымкент қаласының сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасы қабылдаған ПҚОП-тың пайдасына шығарылған шешімнің күшін жойды. 2024 жыл ішінде ПКОП тарапынан Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасына Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының шешіміне шағымдану бойынша шаралар қабылданды. Алайда, өтінішхаттарды қарауға процессуалдық мүмкіндіктің болмауына байланысты қанағаттандырудан бас тартылды. Осыған байланысты, ПҚОП 3 694 миллион теңге мөлшерінде резерв танып, салық пен өсімпұлды төледі. 2025 жылғы 28 тамызда Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің апелляциялық комиссиясы ПҚОП шағым жасаған хабарламалардың күшін жою туралы шешім қабылдады.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Апелляциялық комиссиясының ПКОП бойынша қабылданған шешімдерін ескере отырып, Топ АНПЗ және ПНХЗ бойынша салықтық тексерулер нәтижелері туралы дауланып отырған хабарламалар бойынша оң нәтиже күтеді.

2020 жылдан 2025 жылға дейінгі кезең үшін қосылған құн салығы (ҚҚС) бойынша ықтимал қосымша есептеулер сомасы ҚҚС мөлшерлемесі 12% деңгейінде давальцымен өтететін акциз сомасына көбейту арқылы есептеледі. Бұл ретте Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде көзделген ықтимал айыппұлдар мен өсімпұл сомалары ескерілмейді.

Құқықтық даулар мен талап-арыздар

Focsani кен орны бойынша Ұлттық минералдық ресурстар агенттігі (NAMR) мен КМГИ-дің еншілес ұйымы Oilfield Exploration Business Solutions S.A (OEBS) арасындағы азаматтық-құқықтық дау

2019 жылғы 17 желтоқсанда NAMR OEBS-ті Focsani кен орнына қатысты Концессиялық келісімді болжамды түрде

бұзуға байланысты ICC Paris арбитраждық талап туралы хабардар етті. Осы сәттен бастап OEBS NAMR-мен даулар жүргізіп келеді. 2022 жылғы 29 шілдеде сот NAMR-дің жалпы сомасы 20 миллион АҚШ долларын құрайтын талап арызы шеңберінде OEBS-ті

10,1 миллион АҚШ долларын төлеуге міндеттеді. 2022 жылы Топ 10,1 миллион АҚШ доллары мөлшерінде резерв таныды (5.106 миллион теңгеге баламалы).

2024 жылғы 23 мамырда сот OEBS берген апелляциялық шағымды қабылдамай, OEBS-ті 10,1 миллион АҚШ долларын төлеуге міндеттеді. OEBS NAMR-ге және Румынияның салық органдарына 2026 жылға дейін соманы кезең-кезеңімен төлеу туралы ұсыныспен жүгінді. Нәтижесінде, OEBS төмендегідей тәртіппен төлем жүргізуге рұқсат алды: міндеттемелер сомасының 30%-ы тікелей NAMR-ге төленуге тиіс, ал қалған 70%-ы 7,1 миллион АҚШ доллары (3.589 миллион теңгеге баламалы) мөлшерінде OEBS пен Ұлттық салықтық басқару агенттігі арасында келісілген Қарызды қайта құрылымдау жоспарына сәйкес 2026 жылғы 23 қарашаға дейін Румынияның салық органдарына төленуге жатады.

2025 жылғы 31 желтоқсан жағдайы бойынша OEBS міндеттемелер сомасының 30%-ын NAMR-ге төледі. Сондай-ақ, Топ бұрын танылған резервті өзге де қаржылық міндеттемелердің құрамына қайта жіктеді (18-ескертпе).

Молдовадағы бәсекелестікті тергеу

2021 жылдың басынан бастап Молдовадағы ҚМГИ еншілес ұйымы Rompetrol Moldova (бұдан әрі - RPM) Молдова бәсекелестік кеңесі (бұдан әрі - МБК) бастамашылық еткен тергеуге және соған байланысты сот ісін жүргізуге тартылды. МБК RPM басқа сала мүшелерімен мұнай өнімдерінің бөлшек сауда бағасы туралы келіссөздер жүргізді деп санайды.

RPM қолданыстағы ережелерге сәйкес бекіту үшін негіз болып табылатын МБК тергеу бөлімі дайындаған бәсекелестік туралы есепті даулайды. Аталған есепті қабылдамаудың бірнеше әрекеті сәтсіз аяқталды және есепті қабылдамау туралы RPM өтінішін қабылдамау туралы соңғы шешімді жергілікті сот 2022 жылдың 26 мамырында шығарды.

2022 жылы Топ 12 миллион АҚШ доллары (6.066 миллион теңгеге баламалы) мөлшерінде айыппұл төлеуге резерв таныды.

2024 жылғы 26 тамызда сот айыппұлды төлеуді сот талқылауы толық аяқталғанға дейін тоқтата тұру туралы шешім қабылдады. RPM-нің апелляциялық шағымын қарау жөніндегі сот отырысы 2026 жылғы наурыз айына қалдырылды.

Өзара түсіністік туралы меморандум

2013 жылғы 15 ақпанда ҚМГИ мен Румыния Үкіметі КМГИ-дің еншілес компаниясы Rompetrol Rafinare шығарған облигацияларды конвертациялауға байланысты туындаған

дауды реттеу мақсатында Өзара түсіністік туралы меморандумға (бұдан әрі – «Меморандум») қол қойды.

Меморандумның өзге де ережелерінің қатарында 2010 жылғы қыркүйекте Rompetrol Rafinare активтеріне (оның ішінде Rompetrol Rafinare-дің өз еншілес компанияларындағы акцияларын қоса алғанда) сақтық шарасы ретінде қойылған тыйым мемлекет Rompetrol Rafinare облигацияларын акцияларға конвертациялау туралы өз талабын кері қайтарып алғаннан кейін алынатыны көзделген. Бұл 2014 жылғы наурызда жүзеге асырылды. Сонымен қатар, Румыния Үкіметі Rompetrol Rafinare акцияларының 26,6959%-ын (бірінші лот) сату бойынша аукцион ұйымдастырады, онда КМГИ кемінде 200 миллион АҚШ доллары мөлшерінде баға ұсынуға тиіс.

2025 жылғы 22 қаңтарда КМГИ Rompetrol Rafinare активтеріне қойылған тыйымға қатысты жалғасып жатқан құқықтық дауға байланысты Румыния Энергетика министрлігін Меморандум бойынша өз міндеттемелерін тоқтататыны туралы ресми түрде хабардар етті.

2025 жылғы 31 қаңтарда Жоғарғы сот Румынияның салық органдары атқарушылық парақты жою және Rompetrol Rafinare активтеріне салынған алдын ала тыйымды алып тастау туралы шешім қабылдауға тиіс екенін көздейтін алғашқы сот қаулысын растады. 2025 жылғы 31 желтоқсан жағдайы бойынша активтердің басым бөлігі тыйымнан босатылды.

2025 жылғы 30 сәуірде Меморандумды іске асыру мерзімі аяқталды.

Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің (бұдан әрі – ҚРБҚДА) Атырау облысы бойынша департаменті қозғаған АМӨЗ-ға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс

2025 жылғы қаңтарда Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Атырау облысы бойынша департаменті («ҚРБҚДА») 2021–2023 жылдары мұнай өңдеу қызметі бойынша монополиялық жоғары бағаларды белгілеу және қолдау белгілері бойынша АМӨЗ-ға қатысты Қазақстан Республикасы бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнаманың бұзылуын тергеп-тексеруді бастады. 2025 жылғы маусымда БҚДА АМӨЗ-ға мұнай өңдеу қызметтері бойынша монополиялық жоғары тарифтің белгіленгені туралы қорытынды ұсынды, оған сәйкес 2021–2023 жылдар үшін 29.137 миллион теңге мөлшеріндегі монополиялық кіріс тәркілеуге жатады және 37.390 миллион теңге мөлшерінде әкімшілік айыппұл салу көзделген (бұдан әрі – «Қорытынды»).

АМӨЗ Қорытындының нәтижелерімен келіспей, 2025 жылғы 4 қыркүйекте оны даулау туралы Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотына әкімшілік талап арыз жолдады. 2025 жылғы 5 желтоқсанда сот шешімімен АМӨЗ-ның талап арызын қанағаттандырудан бас тартылды. 2026 жылғы 12 ақпанда АМӨЗ сот шешіміне апелляциялық шағым берді.

33. ШАРТТЫ ЖӘНЕ ШАРТТЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (жалғасы)

Есептеу әдіснамасы мен қолданылатын тәсілдерге қатысты елеулі келіспеушіліктерге байланысты ықтимал шығындардың мөлшерін, оның ішінде табысты ықтимал тәркілеу мен әкімшілік айыппұлдарды қоса алғанда, сенімді түрде айқындау мүмкін емес. Тиісті міндеттеме мүмкін, бірақ ықтимал емес болып табылатындықтан және оның сомасы сенімді бағалауға жатпайтындықтан, бұл жағдай шартты міндеттеме ретінде жіктеледі.

«Кселл» АҚ-ға қатысты тергеу және хабарлама

БҚДА-ның 2022 жылғы 15 маусымдағы бұйрығы

2022 жылғы 15 маусымда Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің («БҚДА») департаменті «Кселл» АҚ-ға қатысты монополиялық жоғары бағаларды белгілеу және қолдау белгілері бойынша тергеп-тексеру бастады. 2022 жылғы 17 тамызда Қоғам тиісті бұйрыққа сот тәртібімен шағымданды. 2022 жылғы 11 қазанда бірінші сатыдағы соттың қаулысымен аталған бұйрық заңсыз деп танылып, күші жойылды, бұл 2023 жылғы 24 наурыздағы апелляциялық саты сотының қаулысымен расталды.

2023 жылғы 9 қарашада Жоғарғы сот Қоғамның талаптарын ішінара қанағаттандырып, бұрын қабылданған сот актілерін жойды және тергеп-тексеру кезеңін 2020–2021 жылдармен шектеді. 2023 жылғы желтоқсанда тергеп-тексеру қайта жаңғыртылды, алайда кейіннен процессуалдық дауларға байланысты тоқтатылды. 2025 жылғы 29 қаңтарда тергеп-тексеру қайта жалғастырылып, Қоғамға ақпарат ұсыну туралы сұраулар жіберілді, олар кейіннен 2020–2021 жылдар үшін ұсынылды.

2025 жылғы 26 қарашада БҚДА монополиялық жоғары бағаларды белгілеу және қолдау фактілері расталмағаны туралы қорытынды дайындады. 2026 жылғы 15 қаңтардағы БҚДА бұйрығымен аталған қорытынды бекітілді. Осылайша, тергеп-тексеру қорытындылары бойынша 2020–2021 жылдар кезеңінде Қоғамның әрекеттерінде антимонополиялық заңнаманы бұзу фактілері анықталған жоқ.

2023 жылғы 21 желтоқсандағы БҚДА бұйрығы

2023 жылғы 21 желтоқсандағы № 38-ОД Алматы қаласы бойынша Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі департаментінің («БҚДА») бұйрығымен 2023 жылғы маусымда тарифтік жоспарлар бойынша бағаларды арттыру кезінде өзге байланыс операторларымен келісілген әрекеттер белгілері бойынша «Қазақтелеком» АҚ-ға («ҚТК») қатысты тергеп-тексеру қозғалды.

2024 жылғы 10 қаңтарда Қоғам БҚДА-ның ақпарат сұрату бөлігіндегі әрекеттеріне сот тәртібімен шағымданды, осыған байланысты тергеп-тексеру тоқтатылды. Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының 2024 жылғы 16 сәуірдегі шешімімен және апелляциялық сатының 2024 жылғы 18 шілдедегі қаулысымен талаптарды қанағаттандырудан бас тартылды. 2025 жылғы 31 қаңтарда Жоғарғы сот кассациялық шағымды қайтарды.

2024 жылғы 6 наурызда ҚТК тергеп-тексеруді қозғау туралы бұйрықтың өзіне де шағымданды. Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының 2024 жылғы 29 мамырдағы шешімімен және апелляциялық сатының 2024 жылғы 17 қыркүйектегі қаулысымен талап арызды қанағаттандырудан бас тартылды. Алайда, Жоғарғы соттың 2025 жылғы 22 сәуірдегі қаулысымен аталған сот актілері күшін жойып, іс жаңа қарауға жіберілді.

Жаңа қарау нәтижелері бойынша Алматы қалалық сотының 2025 жылғы 26 маусымдағы қаулысымен ҚТК-ның талаптары қанағаттандырылып, БҚДА-ның бұйрығы заңсыз деп танылып, күшін жойды. Аталған қаулы заңды күшіне енді, осыған байланысты тергеп-тексеру тоқтатылды.

МТС хабарламасы

2022 жылғы 30 желтоқсанда «Кселл» АҚ мен МТС арасында базалық станцияларды салу және жаңғырту бойынша тараптардың өзара міндеттемелерін көздейтін желіні бірлесіп пайдалану туралы шарт жасалды.

2024 жыл ішінде шартты іске асыру барысында тараптар арасында міндеттемелерді орындау мерзімдерін бұзумен байланысты елеулі келіспеушіліктер туындады, бұл жекелеген өңірлерде жобадан шығу туралы өзара хабарламаларды жіберуге, сондай-ақ өтемақылар мен айыппұл санкцияларын төлеу туралы талаптар қоюға әкелді.

2025 жылғы 23 маусымда тараптар өтемақы мәселелері бойынша дауды реттеген қосымша келісім жасасты, оған сәйкес шарттан шығу туралы хабарламалар кері қайтарылды, өтемақы бойынша өзара талаптар жойылды және шарттың қолданылуы толық көлемде қайта жаңғыртылды. Сонымен қатар, тараптар айыппұл санкцияларына қатысты мәселелерді алты ай ішінде реттеу ниетін растады.

Есепті күнгі жағдай бойынша шартты іске асыру жалғасуда. Бұған дейін Топ аталған келіспеушіліктерге байланысты даулы міндеттемелер бойынша резерв таныған болатын, ол шоғырландырылған қаржылық есептілікте 18-ескертпеде өзге резервтердің құрамында көрсетілген.

Экологиялық тексерулер

Солтүстік Каспий бойынша Өнімді бөлу туралы келісім бойынша оператор болып табылатын Норт Каспиан Оперейтинг Компани Н.В. (бұдан әрі – Оператор) жер үсті объектілерін тексеру

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің Атырау облысы бойынша департаменті (бұдан әрі – ЭРБҚ) 1997 жылғы 18 қарашадағы Солтүстік Каспий бойынша Өнімді бөлу туралы келісімге сәйкес оператор болып табылатын North Caspian Operating Company N.V.-нің жерүсті объектілеріне тексеру жүргізді (бұдан әрі – Оператор), онда KMG Kashagan B.V. компаниясының қатысу үлесі 16,88% құрайды.Тексеру нәтижелері бойынша Операторға бұзушылықтарды жою туралы нұсқама берілді, оның ішінде 1 020 мың тонна көлемінде күкіртті белгіленген нормадан артық орналастыруға қатысты. Оператор тексеру нәтижелерімен келіспей, аталған нұсқаманы даулау туралы әкімшілік талап арыз берді.

2023 жылғы 14 маусымда Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соты (бұдан әрі – МАӘС) күкіртті орналастыру мәселесі бойынша Оператордың пайдасына шешім шығарды. 2024 жылғы 27 ақпанда Астана қалалық сотының әкімшілік істер жөніндегі сот алқасы аталған шешімді жойды. 2025 жылғы 26 маусымда Қазақстан Республикасының Жоғарғы соты 2024 жылғы 27 ақпандағы шешімнің күшін жою туралы қаулы қабылдап, істі апелляциялық саты сотына судьялардың өзге құрамында қайта қарауға жіберді. 2025 жылғы 10 шілдеде іс Астана қалалық сотының әкімшілік істер жөніндегі сот алқасының қарауына қабылданды. 2025 жылғы 1 тамызда апелляциялық сот Оператордың пайдасына шешім шығарып, инспекция нәтижелерін толық көлемде, оның ішінде күкіртті нормадан тыс орналастыруға қатысты бөлігінде де жойды.

2025 жылғы 18, 19 және 22 тамызда мемлекеттік инспектор Операторға қатысты жеті қаулы шығарды. Оператор аталған қаулылардың барлығына ЭРБҚ-ке шағымданды. 2025 жылғы 24 қазанда ЭРБҚ Оператордың өтінішхаты негізінде шағымдарды қарауды тоқтата тұрды, себебі 2025 жылғы 10 қазанда Оператор Атырау облысы бойынша Экология департаментінен бұзушылықтарды жою туралы жаңа нұсқама алған болатын. 2025 жылғы 17 қазанда Оператор аталған нұсқаманы МАӘС-ке шағымдады. 2026 жылғы 8 қаңтарда СМАС 2025 жылғы 10 қазандағы нұсқаманың заңдылығын тану туралы шешім қабылдады. 2026 жылғы наурызда Оператор СМАС шешіміне апелляциялық шағым берді, алайда 2026 жылғы 8 сәуірдегі сот шешімімен бұл шағым қанағаттандырылмай қалдырылды. Оператор бұл шешімге апелляциялық тәртіпте шағымдануға құқылы.

2025 жылғы 31 желтоқсан жағдайы бойынша Топ аталған тексеруге қатысты резерв таныған жоқ. Топ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы шеңберінде экологиялық тексерулер бойынша айыппұл салу тәуекелін төмен (ықтималдығы аз) деп бағалайды.

Өтелетін шығындарды тексеру

Топтың еншілес ұйымы, ҚМГ Қашаған B.V. 1997 жылғы 18 қарашадағы Солтүстік Каспий бойынша Өнімді бөлу туралы келісімге (бұдан әрі – ӨБК) 16,88% мөлшерінде қатысу үлесі бар.

Топтың еншілес ұйымы, «ҚМГ Қарашығанақ» ЖШС-ның өзгерістермен және толықтырулармен бірге 1997 жылғы 27 қаңтардағы Қарашығанақ мұнай-газ конденсаты кен орнының мердігерлік учаскесінің өнімін бөлу туралы соңғы келісімде (бұдан әрі - ӨБСК) 10% мөлшерінде қатысу үлесі бар.

ӨБК және ӨБСК негізгі қағидаттарына сәйкес ҚР аталған келісімдерге қатысушыларға

(бұдан әрі – Мердігерлер) жер қойнауын пайдалану аумағында қызметті жүргізуге айрықша құқық берді, бірақ бұл аумаққа құқықты меншікке де, жалға да бермеді. Осының салдарынан, шығарылған және қайта өңделген өнімнің (яғни дайын өнімнің) барлық көлемдері ҚР-дың меншігі болып табылады.

Жер қойнауын пайдалану жөніндегі жұмыстар белгілі бір шығыстарды өтеу негізінде жүзеге асырылады. Бұл ретте, ҚР Мердігерлерге төлемдерді ақшалай емес түрде, дайын өнімнің бір бөлігі түрінде жасайды, осылайша Мердігерлерге өз шығындарын өтеуге (бұдан әрі - Өтелетін шығындар) және пайда табуға мүмкіндік береді.

ӨБК және ӨБСК шығыстарды өтеу тәртібін көздейді және Өтелетін шығындар болып табылмайтын шығыстардың тізбесін айқындайды.

«PSA» ЖШС ӨБК және ӨБСК шеңберінде ҚР атынан және тапсырмасы бойынша әрекет етуге уәкілетті ұйым бола отырып (бұдан әрі – Өкілетті орган) Өтелетін шығындарға ревизия жүргізеді.

Мердігерлер мен Қазақстан Республикасы арасында төелік дау бар, бұл ретте жобалық құжаттардың талаптарына сәйкес мүдделер қақтығысының болуына байланысты KMG Kashagan B.V. және «ҚМГ Қарашығанақ» ЖШС келіссөздер процесінен толықтай шеттетілген. 2025 жылғы 31 желтоқсан жағдайы бойынша қолда бар ақпаратқа сәйкес Топтың еншілес ұйымдарының аталған арбитраждық талқылауға байланысты міндеттемелері жоқ.

Қазақстанның ішкі нарығына арналған жеткізілімдер бойынша міндеттемелер

Үкімет ҚР-да шикі мұнайды өндірумен және мұнай өнімдерін сатумен айналысатын компаниялардан жыл сайынғы негізде ішкі нарықтың энергетикалық қажеттілікті қанағаттандыру үшін, негізінен, ішкі нарықта мұнай өнімдерін жеткізу теңгерімін қолдау үшін, көктемгі және күзгі егіс науқаны барысында ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілерді қолдау үшін өнімнің бір бөлігін жеткізуді талап етеді.

33. ШАРТТЫ ЖӘНЕ ШАРТТЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (жалғасы)

Өтелетін шығындарды тексеру

Ішкі нарықтағы мұнайдың бағасы экспорттық бағалардан, тіпті тәуелсіз тараптар арасындағы мәмілелерде белгіленетін ішкі нарықтағы қарапайым бағадан да айтарлықтай төмен. Егер Үкімет қазіргі уақытта Топ жеткізетін көлемнен асатын шикі мұнайдың қосымша көлемін жеткізуге міндеттеген жағдайда, мұндай жеткізілімдер нарықтық бағалар бойынша жеткізілімдерден басым болады және шикі мұнайды сатудан түсетін түсімнен әлде қайда аз түсімді (бірақ өзіндік құнынан төмен емес) өндіретін болады, бұл өз кезегінде Топ қызметіне, перспективасына, қаржылық жағдайына және қызмет нәтижелеріне елеулі және теріс әсерін тигізуі мүмкін.

2025 жылы өз міндеттемелеріне сәйкес Топ ішкі нарыққа 8.303 мың тонна шикі мұнай жеткізді, оның ішінде бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялар жеткізілімдеріндегі Топтың үлесі 2 849 мың тоннаны құрады (2024 жыл: 8.146 мың тонна, оның ішінде бірлескен кәсіпорындар бойынша міндеттемелердегі Топтың үлесі 2.880 мың тонна).

Жыл	Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларды қоса алғанда, күрделі шығындар	Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялар-дың күрделі шығындары	Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларды қоса алғанда, операциялық шығыстар	Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдастырылған компаниялар-дың операциялық шығыстары
2026 жыл	668.161	324.034	39.915	103.185
2027 жыл	549.049	411.775	27.126	66.545
2028 жыл	504.612	406.318	27.506	67.474
2029 жыл	364.300	399.866	22.954	57.527
2030-2059 жылдар	6.500.622	4.438.795	67.582	282.512
Жиыны	8.586.744	5.980.788	185.083	577.243

Шикі мұнайды жеткізу міндеттемелері

2025 жылғы 31 желтоқсан жағдайы бойынша KMG Kashagan B.V.-нің мұнай жеткізу шарттары бойынша міндеттемелері 0,7 миллион тоннаны құрады (2024 жылғы 31 желтоқсан: 2,4 миллион тонна). Ақшалай баламасы өткізу сәтіндегі нарықтық бағалар негізінде айқындалады.

Жер қойнауын пайдалануға лицензиялар мен келісімшарттар бойынша міндеттемелер

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияның міндеттемелеріндегі үлесін қоса алғанда, Топтың лицензиялардың, өнімді бөлу туралы келісімдер мен Үкіметпен жасалған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттардың талаптарына сәйкес ең аз жұмыс бағдарламаларын орындауға қатысты келесі міндеттемелері (ҚҚС сомасын ескерместен) болды (миллион теңгемен):

Бірлескен кәсіпорын алдында газды тасымалдау қызметтерін шартсыз сатып алу міндеттемелері

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың бірлескен кәсіпорын алдындағы газ сатып алу бойынша міндеттемесі 1.425.749 миллион теңгені құрайды.

2025 жылғы 31 желтоқсан жағдайы бойынша Топ «Азиаттық газ құбыры» ЖШС-нің алдында қосылған құн салығын (ҚҚС) есепке алмағанда 143.089 миллион теңге сомасында газды тасымалдау қызметтерін сатып алу бойынша міндеттемеге ие (2024 жылғы 31 желтоқсан: 177.033 миллион теңге). 2025 жылғы 31 желтоқсан жағдайы бойынша Топтың «Бейнеу–Шымкент газ құбыры» ЖШС-нің алдында газды тасымалдау қызметтерін сатып алу бойынша міндеттемелері жоқ (2024 жылғы 31 желтоқсан: 209.368 миллион теңге).

Бірлескен кәсіпорындар алдындағы өзге міндеттемелер

2025 жылғы желтоқсанда Топ бірлескен кәсіпорынның газды өңдеу туралы шарт бойынша міндеттемелерін орындауын қамтамасыз ету мақсатында өзара міндеттемелер мен кепілдіктер туралы келісім жасасу туралы шешім қабылдады. 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша аталған келісім күшіне енген жоқ, себебі барлық тараптар оны жасасу туралы қажетті корпоративтік шешімдерді қабылдамаған. Келісім тараптар арасындағы 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап туындайтын қатынастарға қолданылады.

34. СЕГМЕНТТІК ЕСЕПТІЛІК

Басқарушылық мақсаттар үшін Топтың қызметі өндірілетін өнімнің түріне және көрсетілетін қызметтің түріне сәйкес 8 (сегіз) операциялық сегментке бөлінеді (1-ескертпе).

Кейбір есепті сегменттер Топтың ұйымдастырушылық құрылымына сәйкес ұсақ операциялық сегменттерді біріктіру арқылы қалыптастырылған. Әрбір есепті сегмент бухгалтерлік есепті ҚЕХС стандарттарына сәйкес жүргізеді. ҚЕХС стандарттарына сәйкес дайындалған әрбір сегменттің қаржылық нәтижелері ресурстарды бөлу және оның қызмет нәтижелерін бағалау мақсатында Қор Басқармасына ұсынылады.

Инвестициялық сипаттағы міндеттемелер

2025 жылғы 31 желтоқсан жағдайы бойынша Топта қосылған құн салығын (ҚҚС) есепке алмағанда жалпы сомасы 7.040.240 миллион теңгені құрайтын негізгі құралдарды сатып алу және салу бойынша шарттық міндеттемелер болды (2024 жылғы 31 желтоқсан: ҚҚС-сыз 4.386.222 миллион теңге), оның ішінде бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың ҚҚС-сыз 574.436 миллион теңге мөлшеріндегі шарттық міндеттемелері бар (2024 жылғы 31 желтоқсан: ҚҚС-сыз 50.339 миллион теңге).

2025 жылғы 31 желтоқсан жағдайы бойынша сатуға арналған GPCI компаниясының негізгі құралдарды сатып алу және құрылыс қызметтерін алу бойынша шарттық міндеттемелері ҚҚС сыз 97.263 миллион теңгені құрады.

2025 жылғы 31 желтоқсан жағдайы бойынша Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі мен ТМРК бекіткен және өндірістік объектілерді кеңейтуге бағытталған инвестициялық бағдарламалар шеңберінде Топтың жалпы сомасы 1.467.705 миллион теңге мөлшеріндегі міндеттемелері болды (2024 жылғы 31 желтоқсан: 1.322.168 миллион теңге).

«Жайлы мектеп» - пилоттық ұлттық жобаны іске асыру жөніндегі агенттік келісімдер бойынша міндеттемелер

«Жайлы мектеп» пилоттық ұлттық жобасын іске асыру мақсатында Топ орта білім беру ұйымдарының объектілерін салу бойынша жұмыстар мен қызметтер кешенін жүзеге асыруға шарт және жергілікті атқарушы органдармен жобаны басқару жөніндегі қызметтерді жүзеге асыруға шарт жасасты.

2025 жылғы 31 желтоқсан жағдайы бойынша Топта құрылыс бойынша жұмыстар мен қызметтердің кешенін орындауға қатысты, агенттік келісімдер ретінде танылған, жалпы сомасы 136.780 миллион теңге болатын шарттық міндеттемелер болды (2024 жыл: 1.400.706 миллион теңге).

Элиминациялау Топ ішіндегі айналымдарды алып тастауды білдіреді. Сегментаралық операциялар сегменттер арасында келісілген талаптарда жасалды, әрі олар, байланысты және үшінші тараптарға қолжетімді болатын белгілі бір реттелетін қызметтерді қоспағанда, нарықтық мөлшерлемелер бойынша міндетті түрде сәйкес келе бермейді.

34. СЕГМЕНТТІК ЕСЕПТІЛІК (жалғасы)

Географиялық ақпарат

Топтың негізгі құралдары (6-ескертпе) келесі елдерде орналасқан:

Миллион теңгемен	2025 жыл	2024 жыл
Қазақстан	18.595.427	16.882.378
Басқа елдер	778.064	784.323
	19.373.491	17.666.701

Төменде 2025 жыл ішіндегі Топтың операциялық сегменттерінің пайдасы мен шығыны, активтері мен міндеттемелері туралы ақпарат берілген:

Миллион теңгемен	Мұнай-газ	Тау-кен-өндіруші	Тасымалдау	Коммуникациялар	Энергетика	Өнеркәсіптік	Корпоративтік орталық	Басқалары	Элими-нациялау	Барлығы
Сыртқы сатып алушыларға сатудан түсім	10.456.862	3.744.553	2.754.734	644.226	1.061.840	34.566	53.016	21.709	-	18.771.506
Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім	10.449.302	3.744.023	2.710.642	642.584	968.147	34.566	-	17.604	-	18.566.868
Жалға беруден түскен кіріс	7.560	530	44.092	1.642	93.693	-	-	3.249	-	150.766
Пайыздық кіріс	-	-	-	-	-	-	53.016	856	-	53.872
Басқа сегменттерге сатудан түсім	270.862	25	34.014	5.949	169.785	17.467	1.006.329	17.964	(1.522.395)	-
Түсім жиыны	10.727.724	3.744.578	2.788.748	650.175	1.231.625	52.033	1.059.345	39.673	(1.522.395)	18.771.506
Географиялық нарық										
Қазақстан	2.652.078	2.035.862	2.628.216	626.083	1.087.985	52.033	1.006.329	35.568	(1.522.395)	8.601.759
Біріккен Араб Әмірліктері	2.300.178	-	1.487	6	-	-	-	-	-	2.301.671
Румыния	1.501.531	-	-	-	-	-	-	-	-	1.501.531
Швейцария	1.454.283	-	-	1	-	-	-	-	-	1.454.284
Қытай	600.441	797.296	39.801	2.556	-	-	-	-	-	1.440.094
Нидерланды	676.440	24.278	-	26	-	-	-	-	-	700.744
Басқа да елдер	1.535.213	886.612	75.152	19.861	49.947	-	-	-	-	2.566.785
Өткізілген өнім мен көрсетілген қызметтің өзіндік құны	(8.798.942)	(2.868.157)	(1.929.419)	(581.287)	(793.035)	(35.135)	(190.837)	(26.150)	639.826	(14.583.136)

34. СЕГМЕНТТІК ЕСЕПТІЛІК (жалғасы)

Төменде 2025 жыл ішіндегі Топтың операциялық сегменттерінің пайдасы мен шығыны, активтері мен міндеттемелері туралы ақпарат берілген:

Миллион теңгемен	Мұнай-газ	Тау-кен-өндіруші	Тасымалдау	Коммуника- циялар	Энергетика	Өнеркәсіптік	Корпоративтік орталық	Басқалары	Элими-нациялау	Барлығы
Жалпы пайда	1.928.782	876.421	903.471	88.726	438.590	16.898	868.508	13.523	(882.569)	4.252.350
Жалпы және әкімшілік шығыстар	(279.970)	(56.811)	(146.223)	(48.588)	(47.457)	(3.749)	(25.752)	(7.593)	30.904	(585.239)
Тасымалдау және өткізу шығыстары	(819.041)	(34.197)	(176)	(11.388)	(14.300)	(5.311)	-	(53)	15.334	(869.132)
Қаржылық кіріс	322.601	77.356	90.080	99.172	38.855	8.785	122.426	103.667	(144.070)	718.872
Қаржылық шығындар	(408.505)	(28.158)	(270.463)	(55.043)	(69.911)	(2.350)	(22.813)	(49.824)	245.919	(661.148)
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы/(шығынындағы) үлес	1.088.599	316.137	1.634	(665)	13.753	410	15.849	5	-	1.435.722
Бағамдық айырмадан түсетін кіріс/(шығын), нетто	(81.306)	(31.717)	(19.915)	(17.925)	1.877	(1.100)	(24.949)	(8.117)	(13.700)	(196.852)
Тозу, тауысылу және амортизация	(810.211)	(149.593)	(196.035)	(114.311)	(106.044)	(8.770)	(423)	(3.928)	2.010	(1.387.305)
Негізгі құралдардың, барлау және бағалау бойынша активтердің, материалдық емес активтердің (құнсыздануы)/қалпына келтірілуі	(87.031)	(10.031)	2.991	(370)	(10.743)	(1.172)	-	91	(3.756)	(110.021)
Басқа активтерді қалпына келтіру/(құнсыздану), нетто	(14.849)	2.796	(6.871)	(408)	(15.573)	-	5.716	-	(1.036)	(30.225)
Табыс салығы бойынша (шығындар) /үнемдеу	(365.992)	(191.683)	(161.021)	(44.117)	(76.847)	21	(1.374)	(12.535)	5.061	(848.487)
Жалғасып отырған қызметтен болған бір жылғы тазза пайда/(шығын)	1.295.147	925.776	387.709	147.208	214.111	12.347	904.082	39.899	(717.653)	3.208.626
Тоқтатылған қызметтен бір жылдағы таза пайда	5.085	-	-	-	-	-	-	-	-	5.085
Таза пайда/(шығын) жиыны	1.300.232	925.776	387.709	147.208	214.111	12.347	904.082	39.899	(717.653)	3.213.711
Сегменттер бойынша өзге де ақпарат										
Сауда дебиторлық берешек, заемдар және өзге де қаржы активтері бойынша күтілетін кредиттік залалдар, нетто	2.323	960	(3.893)	(5.543)	(3.428)	91	1.203	(670)	8.382	(575)
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдастырылған компанияларға инвестициялар	6.008.818	868.858	68.101	1.111	3.990	9.446	283.646	66	-	7.244.036
Күрделі шығындар	948.525	275.148	1.283.267	214.680	694.567	6.404	1.265	1.333	(16.860)	3.408.329
Сегмент активтерінің жиыны	23.545.927	4.994.137	7.598.187	1.767.149	3.386.188	275.193	11.893.852	1.629.226	(10.846.946)	44.242.913
Сегмент міндеттемелерінің жиыны	7.817.560	916.578	5.210.282	996.078	1.857.412	27.824	3.412.068	1.139.965	(4.315.136)	17.062.631

34. СЕГМЕНТТІК ЕСЕПТІЛІК (жалғасы)

Төменде 2024 жыл ішіндегі Топтың операциялық сегменттерінің пайдасы мен шығыны, активтері мен міндеттемелері туралы ақпарат берілген:

Миллион теңгемен	Мұнай-газ	Тау-кен-өндіруші	Тасымалдау	Коммуникациялар	Энергетика	Өнеркәсіптік	Корпоративтік орталық	Басқалары	Элими-нациялау	Барлығы
Сыртқы сатып алушыларға сатудан түсім	9.476.375	3.076.567	2.172.456	788.383	823.822	26.292	44.818	24.353	-	16.433.066
Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім	9.469.275	3.076.102	2.103.337	788.383	807.302	26.292	-	16.209	-	16.286.900
Жалға беруден түскен кіріс	7.100	465	69.119	-	16.520	-	-	4.305	-	97.509
Пайыздық кіріс	-	-	-	-	-	-	44.818	3.839	-	48.657
Басқа сегменттерге сатудан түсім	133.286	52	27.053	4.888	149.099	13.015	1.012.682	19.813	(1.359.888)	-
Түсім жиыны	9.609.661	3.076.619	2.199.509	793.271	972.921	39.307	1.057.500	44.166	(1.359.888)	16.433.066
Географиялық нарық										
Қазақстан	2.108.976	1.596.687	1.995.581	772.533	922.917	39.307	1.012.682	36.022	(1.359.888)	7.124.817
Біріккен Араб Әмірліктері	1.850.401	31.944	999	41	-	-	-	-	-	1.883.385
Швейцария	1.852.927	850	50	-	-	-	-	-	-	1.853.827
Қытай	663.749	663.721	28.419	2.507	-	-	-	-	-	1.358.396
Румыния	1.198.204	52.335	-	-	-	-	-	-	-	1.250.539
Нидерланды	741.826	-	-	-	-	-	-	-	-	741.826
Басқа елдер	1.186.478	730.617	105.341	18.190	33.484	-	-	-	-	2.074.110
Өткізілген өнім мен көрсетілген қызметтің өзіндік құны	(7.660.471)	(2.185.198)	(1.691.343)	(566.438)	(609.436)	(25.766)	(95.112)	(28.023)	367.148	(12.494.639)
Жалпы пайда	1.949.190	891.421	551.334	241.142	363.485	13.541	962.388	16.143	(992.740)	3.995.904
Жалпы және әкімшілік шығыстар	(312.881)	(53.118)	(137.691)	(56.974)	(38.071)	(3.508)	(24.907)	(6.667)	66.414	(567.403)
Тасымалдау және өткізу шығыстары	(846.094)	(26.303)	(3.316)	(22.533)	(11.950)	(3.488)	-	(31)	12.580	(901.135)
Қаржылық кіріс	350.822	38.107	56.768	50.165	22.421	5.506	119.466	60.647	(98.321)	605.581
Қаржылық шығындар	(396.380)	(20.227)	(181.290)	(57.590)	(55.974)	(2.253)	(15.028)	(14.481)	168.805	(574.418)
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың пайдасындағы/ (шығындарындағы) үлесі	902.374	223.676	10.772	(253)	(116)	354	12.037	2	-	1.148.846
Бағамдық айырмадан кіріс/(шығын), нетто	162.272	69.175	(69.725)	3.306	2.563	6.148	83.132	15.123	(31.801)	240.193
Тозу, тауысылу және амортизация	(717.580)	(122.717)	(183.645)	(117.581)	(79.727)	(7.116)	(648)	(2.677)	(1.225)	(1.232.916)

34. СЕГМЕНТТІК ЕСЕПТІЛІК (жалғасы)

Төменде 2024 жыл ішіндегі Топтың операциялық сегменттерінің пайдасы мен шығыны, активтері мен міндеттемелері туралы ақпарат берілген:

Миллион теңгемен	Мұнай-газ	Тау-кен-өндіруші	Тасымалдау	Коммуникациялар	Энергетика	Өнеркәсіптік	Корпоративтік орталық	Басқалары	Элими-нациялау	Барлығы
Негізгі құралдардың, барлау және бағалау бойынша активтердің, материалдық емес активтердің (құнсыздануы)/қалпына келтірілуі	(90.055)	(1.942)	(17.196)	(8.574)	(18.601)	9.866	-	-	-	(126.502)
Басқа активтерді қалпына келтіру/(құнсыздану), нетто	7.058	(7.093)	(6.635)	(800)	(257)	(640)	(59.484)	-	56.357	(11.494)
Табыс салығы бойынша шығыстар	(366.056)	(238.220)	(50.955)	(79.488)	(63.778)	(1.040)	(101.247)	(13.077)	(5.581)	(919.442)
Жалғасып отырған қызметтен болған бір жылғы тазза пайда/(шығын)	1.406.779	1.202.317	159.789	77.929	202.066	23.295	1.090.129	56.794	(899.963)	3.319.135
Тоқтатылған қызметтен жыл үшін болған таза шығын	(10.373)	-	-	-	-	-	-	-	-	(10.373)
Таза пайда/(шығын) жиыны	1.396.406	1.202.317	159.789	77.929	202.066	23.295	1.090.129	56.794	(899.963)	3.308.762
Сегменттер бойынша өзге де ақпарат										
Сауда дебиторлық берешек, заемдар және өзге де қаржы активтері бойынша күтілетін кредиттік залалдар, нетто	(13.673)	14.094	1.593	(3.977)	1.560	(48)	(4.203)	(992)	(4.234)	(9.880)
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдастырылған компанияларға инвестициялар	6.469.155	815.847	50.074	381	82.709	9.036	278.607	60	-	7.705.869
Күрделі шығындар	1.195.570	906.269	1.173.169	180.830	276.988	3.580	219	9.594	(161)	3.746.058
Сегмент активтерінің жиыны	23.533.130	4.693.395	5.974.653	2.046.474	2.594.797	254.999	10.032.994	1.225.759	(9.243.597)	41.112.604
Сегмент міндеттемелерінің жиыны	8.508.636	963.554	3.998.807	1.152.250	1.278.132	27.390	2.314.363	866.576	(3.299.276)	15.810.432

35. ЕСЕПТІ КҮННЕН КЕЙІНГІ ОҚИҒАЛАР

Еншілес ұйымды сатып алу

2026 жылғы 28 қаңтарда Топ «Бутадиен» ЖШС жарғылық капиталындағы қатысу үлесінің 75%-ын сатып алу туралы шешім қабылдады. 2026 жылғы 30 қаңтарда мемлекеттік қайта тіркеу жүргізілді, соның нәтижесінде «Бутадиен» ЖШС Топтың еншілес компаниясына айналды.

Акционерге бөлу

2026 жылғы сәуірде Акционердің өкімі негізінде Қор 295.000 миллион теңге сомасында әлеуметтік жобаларды қаржыландыру бойынша міндеттемені таныды.

Басқа да оқиғалар

2026 жылғы 18 қаңтарда «Теңізшевройл» ЖШС (бұдан әрі – ТШО) өндірістік алаңдардағы электрмен жабдықтау жүйелері объектілерінің бір бөлігіне әсер еткен ақаулыққа байланысты Теңіз және Королевское кен орындарында өндіруді уақытша тоқтатты. Кейіннен ТШО электрмен жабдықтау жүйесінің жұмысын қауіпсіз қалпына келтіруді және мұнай өндіруді біртіндеп қалпына келтіруді растады. Жағдай тұрақтанған сайын ТШО өндіріс көлемін ұлғайтатын болады.